



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ



ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Тарихпен безбендегенде 25 жыл көп емес. Тіпті «ширек ғасыр» – деп кеңейткің келсе де. Дейтұрғанмен, жылдамдықпен жарысқан жаһандану үрдісінде бұл қас қағым сәт. Өткенге көз салсақ, өркениет көшімен қатар жүретін, күш-қуаты мығым мемлекет құру талай жүз жылдарға жүк болғанын көреміз. Ал Қазақстан бұл жолды небәрі 25 жылда жүріп өтті. Күллі дүниедегі беделі биік, халқының береке-бірлігі бекем, тіршілігі тұрақты, мемлекеттік институттары мықты мемлекет құрылды. Тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ елін бір ғасырдың шеңберіне сыя бермейтін тарихи жолдан алып өтті. Қазақстан жер-жаһанға Н.Назарбаев есімімен, Ұлт Көшбасшысының келбетімен мәшһүр болды. Міне, сондықтан Тұңғыш Президент күні – еліміздің әрбір азаматы ардақ тұтатын, қадірлеп-қастерлейтін мерейлі мерекесі. Бірінші желтоқсан – тарихи таңдау күні! Сонымен қатар Елбасының төңірегіне топтасу күні! Аңсағаннан асқақ Тәуелсіздігіміз тұғырлы болып, Қазақ елінің мәртебесі биік, мұраты мұзарт болғай!

Қазақтың саяси қоғамы, үкіметтік құрылымы, парламенттік жүйесінің қалыптасуы Тәуелсіздік алғанымызға азғана уақыт болса да өте сенімді әрі өте қарқынды түрде дамыды. Бұл дамудың, қалыптасуы басында Елбасы тұрғаны белгілі. Жалпы, осыдан ширек ғасыр бұрынғы енді ғана азаттығын алған Қазақстанның аяғын нық басып, өзгемен терезесін тең өтуде Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі ұланғайыр.

Кез келген империяның өзінің шарықтау шегі, өзінің құлайтын уақыты болады. Бір кезде дүркіреген Кеңес дәуірі де келмесе кетті. Горбачевтің қайта құру туралы бастамасынан кейін-ақ көптеген мемлекеттер либералдық қозғалысқа түсе бастады. Соның нәтижесінде қанша тырысқанымен Кеңестік империя құрдымға кетті. Бұл құлдырау біздің елдің



ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ТАҢДАУЫ

Тәуелсіздік алумен аяқталды. Әрине, соңғы үш ғасырда өз тізгіні өзіне тиіп көрмеген ел, аяқ астынан Тәуелсіз ел болып шыға келді. Бұл сонау бабаларымыздың арманы, аталарымыздың аңсары болғанын жоққа шығармаймыз. Осы тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап, Елбасының қасында жүрдім, Тәуелсіздік декларациясын қабылдағанда сол Жоғарғы кеңестің құрамында болдым.

Жаңа мемлекет құру, оны қалыптастыру, оның сырт елдермен байланысын нығайту оңай шаруа болған жоқ. Ең бастысы, мемлекетіміз бар, бірақ мемлекеттік атқару органдары, мемлекетке тән нышандар болған жоқ. Қорғаныс министрлігі, сыртқы істер министрлігі, т.б. нақты мемлекет болып нығаюға қатысты құрылымдар болған жоқ. Бар органдарға кадр жетіспеді. Мемлекет ісін алға жылжыту үшін кадр керек болатын.

Соған қарамастан Елбасы алыс-жақындағы қазақтан шыққан танымал кадрларды жинай бастады.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Астанадағы Ұлттық музейде Елбасы өмірінің әр сәті бейнеленген көрме ашылды. Тұңғыш Президент күні мен Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында «Елді өзгерткен тұлға. Нұрсұлтан Назарбаев Sputnik объективінде» атты көрменің салтанатты ашылуы болды. Көрмеге қойылған туындылар 1990-2016 жылдар аралығын қамтиды.



Тәуелсіздік күнінде Қазақстан туы Оңтүстік полюстегі Винсон шыңында желбірейді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте «Қазақ географиялық қоғамы» ҚБ төралқасының төрағасы Төлеген Тастанбеков мәлім етті. «Қазақ географиялық қоғамы» Оңтүстік полюске екінші қазақстандық экспедицияны ұйымдастырады. Желтоқсанның басында өтетін бұл экспедициясының құрамына жас ғалымдар мен спортшылар кіріп отыр. Винсон шыңы Оңтүстік полюстен 1200 шақырым жерде орналасқан. Экспедиция қатысушылары Оңтүстік полюске дейін 200 шақырым жерді шаңғымен жүріп өтетін болады.



Қазақстанның көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Ұзақбай Құлымбетовтің туғанына 125 жыл толуына орай тұлғаның өмір жолы жайлы жинақ жарыққа шықты. Жинаққа естеліктер, зерттеулер, мақалалар мен ғұмырнамалық хикаяттар топтастырылған. Жинақты қазақ еліне ерен еңбек сіңірген тұлғаның қызы, белгілі педагог Орынша Қарабалина-Қазыбаева мен өлкетанушы ғалым Бекарыстан Мырзабай құрастырған. Ұ.Құлымбетов туралы мақаланы толығырақ 12-беттен оқи аласыздар.

Тұлға туралы ТОЛЫМДЫ ОЙ-ТОЛҒАМ



«Халықаралық қоғамдастықтың білгір мамандары ТМД құрудың басында Н.Назарбаев тұрғанын біледі. Әрі оның осы қызметін жоғары бағалайды. Ол, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жолындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі орасан зор екенін атап өтті. Президенттің бүкіләлемдік антиядролық қозғалыстың Көшбасшысы болып отырғандығын да дүние жүзінің танығандығын атап

өтіпті. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты форумдардың да авторы Н.Назарбаев екендігін автор нақты дәлелдермен атап өткен. Президенттің Қазақстан шекарасын шегендеу кезінде айтқан «Шекараны таспен емес, доспен шегендеу керек»

(Толығырақ 5-бетте)

ҮШТАҒАН

Қаржы инфрақұрылымының өзегі



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев түрлі кездесулерде «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) стратегиясын жүзеге асыру ел экономикасына елеулі қаржы ресурсын тартуға мүмкіндік беретінін айтып жүр.

(Жалғасы 4-бетте)




Тоқтағұл және қазақтар

Қырғыз әдебиетінің тарихында екі Тоқтағұл бар. Алғашқысы – XIV ғасырда өмір сүрген Тоқтағұл Сайдалыұлы. Оның туған жылы да, өлген жылы да белгісіз. Көрші ел әдебиетінің тарихын түзушілер оны шамамен Алтын орданың ханы Жәнібектің тұсында ғұмыр көшкен деп санайды.

(Толығырақ 11-бетте)

Қазақ күресі – жастарға жігер береді



Халықты біріктіретін, намысын оятатын, жігерлендіретін үлкен жобалар болу керек. Біз үшін сондай жобаның бірі – Қазақ күресі деп ойлаймын. «Ұлттық бренд» деп айтуға болады.

(Жалғасы 15-бетте)

2 ХАБАР-ОШАР

www.jasqazaq.kz

«Уақыт өтіп жатыр. Ғылыми жаңалықтар бірінен соң бірі ашылуда. Сол үрдістен қалмас үшін білімді ұрпақ дайындау керек болды. Арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылдап, 1993 жылдан бері жастарымызды шетелге оқытып жатырмыз. «Болашақпен» оқып келгендер үкіметте басшылық қызметте жұмыс істеп жатыр. Жас болса да, өзіне жүктелген тапсырманы орындайды. Бүгінде отандық университеттердің де деңгейі көтерілді. Мемлекетімізді одан ары дамыту үшін осылай үш тілді жетік меңгерген білімді жастарды қалыптастыру үрдісін жалғастыратын боламыз». Бұл туралы Елбасы «Россия 24» телеарнасына сұхбат бергенде мәлім етті. Әңгіме барысында мемлекет басшысы елдің индустриялық-инновациялық дамуының мән-маңызы, мемлекеттің экономикадағы рөліне қатысты сауалдарға жауап берді.



ӨТКЕНГЕ САЛАУАТ, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақ елдері ынтымақтастығының келешегі, ЕАЭО-ның басқа да мемлекетаралық экономикалық бірлестіктермен және жекелеген елдермен өзара іс-қимылының ықтимал перспективалары туралы айты. Мемлекет басшысының пікірінше, өткенмен өмір сүруге болмайды, жана қарым-қатынас тұрғызу керек. Ал Кеңес Одағының ыдырауы табиғи процесс. Елбасы бұл мәселеге қатысты мынадай түсініктеме берді: «Өткеніміздің жақсы немесе жаман болуы - тарих еншісінде. Тарихты қайта жасай алмайсың. Маған әр уақытта осы сауалды не үшін қоятынын жақсы түсінемін. Себебі барлығын өз көзіммен көрдім, сезіндім. Әрине, уайымдалым да. Егер естеріңізде болса, сол кездері Орталық Азия мен Қазақстанның депутаттары реформалар мен Кеңес Одағын сақтап қалу жағында болған еді. Осылай болды, өйткені қарым-қатынас сондай еді. Түрліше айтып, жорамалдарға ерік беруге болады. Бірақ Одақтың ыдырауы бұл табиғи процесс». Кеңес Одағы барлық

соғыста жеңіске жеткенімен, жаһандық экономика жарысында оның экономикалық ресурстары жетіспеді. Соның салдарынан КСРО жеңіліске ұшырады. Сұхбат барысында Астананың атауын өзгерту, республикада жастардың білім деңгейін арттыру, білім беру үрдісіндегі үштілділіктің маңыздылығы жөніндегі мәселе де қозғалды. Бұдан бөлек, Орталық Азиядағы терроризм мен экстремизмді болдырмауға қатысты Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарты ұйымына мүше елдердің ортақ ұстанымының өзектілігі айтылды. Журналист Эвелина Закамская, Мемлекет басшысынан тарихты ак пен караға бөлмей, бар бояуымен қабылдауға қалай қарайтынын сұрады. Оған Қазақстан Президенті былай жауап берді: «Егер үнемі жамандықпен ғана өмір сүретін болсан, онда біз немістермен мүлде сөйлеспейтін едік. Ұлы Отан соғысы 27 миллион адамның өмірін жалмады. Кеңес Одағының әрбір отбасында, кем дегенде бір адамнан қаза болып отырған. Біз немістермен тек қана сөйлесіп қана

қоймай, араласып, достық қарым-қатынас тұрғызып жатырмыз. Өткенмен өмір сүруге, жамандықпен тіршілік кешуге болмайды. Қазір жана қатынастар жасау уақыты. Уақыт өтуі керек. Бұл – тарих. Мұны да еске алады. Бәрі ұмытылмайды. Қалай болғанда да, бейбіт қарым-қатынас жақсы», – деді. Бұған дәлел ретінде өзінің бастамасымен Еуразия экономикалық одағының осы тұрғыда құрылғанын алға тартты. Мемлекет басшысының айтуынша, Еуразия экономикалық одағының мемлекеттердің өсуіне тигізетін әсерін, тиімділігін, пайдасын көрсету керек. Одақтың құрамына кірмеген мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуға ұмтылатындай жағдай жасауымыз шарт. Себебі бүгінде көптеген ел еркін экономикалық кеңістік құрғысы келеді. Нұрсұлтан Назарбаев ресейлік телеарнаға берген сұхбатын осындай қиын-қыстау заманда көршілес жатқан елдер арасында бірліктің болуы аса маңызды деген пәтуалы пікірімен түйіндеді.

(өз тіліміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

300

млрд теңге. Кооперацияны дамыту арқылы ауыл тұрғындарының табысын жыл сайын осынша ақшаға артыру көзделіп отыр

222

млн теңге. Павлодарлық нұротандықтардың жинаған жорнасының көлемі

300

млрд теңге. «AlmatyInvest 2016» форумында құны осынша болатын меморандумдарға қол қойылмақ

55

елдің азаматы келесі жылдан бастап Қазақстанға визасыз келе алады

Елімізде 18 092 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Олардың ішінде 8 307 белсенді жұмыс жасайды. Бұл туралы Астанадағы Ұлттық музейде өткен VII Азаматтық форум барысында айтылды.



Бүгінде елімізде белсенді үкіметтік емес ұйымдар желісі дамыған 5 өңірді ерекше атауға болады. Олар – Астана, Алматы қалалары, Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары. Үкіметтік емес секторда тұрақты негізде 27 мың адам жұмыс жасайды. Форумға қатысқан Премьер-Министрдің орынбасары Иманғали Тасмағамбетов «ҰЕҰ-ның құрылымы біздің азаматтарды көбінесе толғандыратын проблемаларды сипаттайды. Бұл тұрғыда біз үкіметтік емес секторды қуаты мен қабілеті жағынан елдегі оң өзгерістердің қозғаушы күші бола алатын ниеттестер қауымдастығы деп білеміз», – деді.

Талқылау барысында вице-премьер үкіметтік емес ұйымдардың елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық өміріндегі жасампаз рөлінің маңызын ерекше атап өтті. Сондай-ақ азаматтық форум пікірталасы қайнаған, әлеуметтің айнасын айшықтап, осыған орай ұсыныс-тілегін дайындаған нағыз ойлы да орамды орта екенін айтты. Жалпы ҰЕҰ қызметінің бағыттары әлеуметтік саланың

Форум барысында үкіметтік емес ұйымдары жетістіктерін көрсететін көрме өтті. Онда Қазақстан тәуелсіздігінің қалыптасуы мен нығаюындағы қоғамдық бірлестіктердің қосқан үлесі таныстырылып, форум делегаттары министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен кездесті. Сондай-ақ республикалық «Таным» байқауының жеңімпаздарын

25 ЖЫЛДЫҚҚА – 25 БАСТАМА



барлық бөлігін қамтиды. Олардың қатарында жастар саясаты мен балалар бастамасы, халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобын қолдау, білім және ғылым, спорт және дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын насихаттау, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау т.б. мәселелер бар.

салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Сонымен қатар «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына ҰЕҰ-нан 25 бастама» республикалық акциясы өтті. Яғни әрбір өңірлік форум барысында ҰЕҰ өкілдері бірігіп, аймақтың нақты бір проблемасын шешуге бағытталған жобаны жүзеге асыру бастамасын көтерді.

ӨСІМ МЕН ӨРКЕНДЕУ ҮРДІСІ



Ал алтыншы рет өткізіліп отырған халықаралық форумға тоқталар болсақ, Еуразиялық интеграция және әлеуметтік-экономикалық даму әлеуетін талқылау үшін тиімді алаңға айналды. Жиынға

70 млн АҚШ долларынан 862 млн долларға дейін өскен.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

Қазақстан, Қырғыстан, Армения, Белоруссия, Тәжікстан, Өзбекстан т.б елдерінен

делегациялар қатысты. Ақтөбе облысы делегациясын өңір басшысы Бердібек Сапарбаевтың бастап барды. Облыс делегация құрамында аудан әкімдері, басқарма басшылары мен бизнес ұйымдарының өкілдері бар. «Еуразиялық кеңістіктегі Орынбор облысының халықаралық ынтымақтастық әлеуеті» пленарлық отырысының салтанатты ашылуында сөз сөйлеген Орынбор облысының губернаторы Юрий Берг серіктестері Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарына шынайы ризашылығын білдірді. Бердібек Сапарбаев өз кезегінде Тәуелсіздік жылдары ішінде екі мемлекет басшылары Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің жан-жақты сала бойынша негізін қалағанын атап өтті. 25 жыл ішінде Ақтөбе облысы мен Ресей арасында тауар айналым 12 есеге ұлғайып,



ЖЕТІСУ ТӨРІНДЕ БОЙ КӨТЕРГЕН ЕСКЕРТКІШ

Тұңғыш Президент күні қарсаңында Талдықорған қаласында Нұрсұлтан Назарбаевтың ескерткіші ашылды. Жетісулық ардагерлердің бастамасымен ашылған ескерткіш Талдықорғанның орталық алаңындағы Қазақстанның Тұңғыш Президентінің скверіне орнатылды. Оның авторы – Қазбек Сатыбалдин. Мүсіннің биіктігі 4,2 метр, қоладан жасалған. Ал тұғырының биіктігі 4,5 м.



Ескерткіштің ашылу салтанатына мемлекеттік қайраткерлер, мәслихат депутаттары мен аймақ интеллигенциясы қатысты. Салтанатты шара барысында сөз алған Алматы облысының әкімі Амандық Баталов бұл оқиғаның тарихи маңызын атап өтті. Аймақ басшысы «Бұл барлық Қазақстан үшін тарихи күн. Бүгін осынау қасиетті жерде Тұңғыш Президент, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа ескерткіш ашып отырмыз. Президентіміздің арқасында біз экономиканың барлық саласында теңдессіз серпіліс жасадық. Тыныштық пен даму нышанына айналдық», – деді.

БАЛДЫРҒАНҒА ТARTY



Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «25 жұлдызды күн» аясында Алматы облысында бір күнде 2385 орынды 25 заманауи балабақша ашылды. Жаңа балабақшалар Іле, Қаратал, Жамбыл, Панфилов, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандары мен Талдықорған қаласында іске қосылды. Бұл туралы Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Қаратал ауданы Үштөбе қаласында ашылған 320 орынды «Балбөбек» балабақшасы «Нұрлы жол» бағдарламасымен салынған. Жалпы, осы күні 25 балабақшаның басым бөлігі Алматы қаласының маңында орналасқан халық тығыз қоныстанған аудандарда ашылғанын атап өту керек.

Мәселен, Талғар ауданында жалпы саны 800 орынды 9 балабақша, Іле ауданында 520 орынды 7 балабақша, Жамбыл ауданында 470 орынды 4 балабақша, сол сияқты Еңбекшіқазақ ауданында 2, Талдықорған қаласында және Панфилов, Қаратал аудандарында балабақша бір-бірден ашылды.

(Басы 1-бетте)

Бұрынғы қауіпсіздік комитетін қорғаныс министрі деп жариялап, алғашқы министрі етіп Сағадат Нұрмағамбетовты тағайындады. Одан кейін елімізде ашылған екінші министрлік —



Ол кездегі қиыншылықтар әрине, ешкімнің есінен шыға қойған жоқ. Әсіресе елдің экономикалық жағдайын түзеу тым оңай болмады. Кеңес үкіметі тұсында жоспарлы түрде, әлеуметтік-экономикалық байланыста болатын. Кеңес Одағы ыдыраған соң оның барлығы жойылды. Бізге жаңаша, өзіміздің экономикалық саясатымыз, өзіміздің экономикалық жүйеміз керек еді. Еңбекақы, жалақы, зейнетақы төленбей айлап кешігіп қалған кездер болды. Адамдар ереуілге шыға бастады. Соның барлығы уақытша ғана қиыншылық екенін, мемлекет болып қалыптасып алған соң мұндай жағдайлардың қайталанбайтынын Елбасы халыққа үнемі түсіндіріп отырды. Міне, бүгінгі таңда сол еңбектің нәтижесін көріп отырмыз.

Әрине, әр дағдарыс өз кезегі келгенде өтеді де кетеді. Бұл тұрғыда біздің еліміз «Мұнан жаман күнімізде де тойға барғанбыз» дегендей, мұнан қысылтаяң сәттерден де сәтімнен шыға білген. Ең бастысы, бізде дамуға, ел ертінен сеніммен қарауға мүмкіндік беретіндей бағдарламамыз бар. Осының негізінде біз әлеммен терезесі тең ел ретінде танылды.

танитынын жеткізген болатын. Олардың бізді бірінші болып, тәуелсіз ел ретінде тануын түсінуге болады. Себебі олар қаншалықты еуропалық мемлекет болса да, өздерін осы Ұлы даланың түлектері санайды. Содан кейін барып басқа елдер тани бастады. Мен дәл осы Түркия тарапының бізді Тәуелсіз ел ретінде мойындауын жеткізген сәтте, соны қабылдағандардың ортасында болдым. Өзім күемін.

Түркия алғаш болып Тәуелсіз ел ретінде бізді таныды. Ал өз еркі өзіне тиіп, өз іс-әрекеті үшін өзі жауап бере алатын дәрежеге жеткен Қазақстанның алғашқы болып дипломатиялық қарым-қатынас жасай бастаған мемлекеті Ресей болатын. Себебі ол ең жақын көршіміз әрі кеше ғана соның құрамынан шыға тұрып, онымен әлі де ауылымыз аралас, қойымыз коралас жатқандықтан, бұл заңдылық еді.

Сырт елдермен дипломатиялық қарым-қатынаста болу біз үшін өте қажет болды. Әуелі Ресеймен, сосын мына көршіміз Қытаймен байланыс орнаттық. Түркия, АҚШ елдері де бізбен дипломатиялық байланыс орнатуға тапшынды. Біздің тарапымыздан елшіліктеріне орын тауып беру, арнайы олармен жұмыс істейтін өкілдер тағайындау қатарлы жұмыстар жүргізілді. Соның негізінде көптеген мемлекеттермен бірлесе қызмет атқарып келеміз.

Әлемге бейбітшілік сүйгіш, ынтымақтастық мемлекет ретінде танылған еліміз Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары министрліктерді, басқару органдарын, атқарушы билікті тағайындаумен қатар мемлекеттің бірден-бір қалыптасу алғышарты — парламентті жасақтауды қолға

өкілеттілігін тағайындады. Сол арқылы Қазақстан бір жылдай парламентсіз жұмыс істеді.

Сол тараған парламент Президент құқығын белгілеп беріп кеткен болатын. Ал бір жылдан соң қайта жасақталған парламент 1995 жылы тамызда жана Ата заңымызды бекітті. Содан бастап Президенттің ұсынысымен, жаңадан дайындалған Конституцияның негізінде қайта жасақталатын парламент екі палаталы болады деген шешім шықты. Бұл әлем бойынша 50-ден астам мемлекеттің тәжірибесінде бар.

Әлемдік деңгейдегі басқару тәжірибесіне сүйене отырып, құрылған екі палаталы Парламент жүйесіне келісе алмағандар да



көп болды. Себебі өзге мемлекеттер секілді құрамында федеративті республикалар, автономды райондары жоқ Қазақстан үшін екі палаталы Парламенттің не қажеті бар дегендер де болды ол кезде. Бұл тұрғыда құрамында ондай бөлшектері жоқ, бір ғана ұлттан тұратын мемлекеттердің өзінде екі палаталы Парламент жүйесі жұмыс істеп келеді. Ал біздің елімізде жүзден астам ұлт өмір сүреді. Қазақстан Халқы ассамблеясы бар, ұлтаралық татулық пен бейбітшілікті негізге ала отырып, екі палаталы Парламенттің тиімділігі артық екенін байқадық. Соның негізінде қазіргі парламентіміз қалыптасты. Кәсіби парламент болып дамыды.

Кеңес үкіметінің құрамынан шығып, дербес ел болып, өз қолымыз өз ауымызға енді жете берген уақытта, нақтырақ айтсақ, 1993 жылы Ресей өзінің төл теңгесін қайта жаңғыртып, жана ақшасын шығарды. Осының салдарынан Қазақстанда сол кездегі айналымда жүрген Ресей рублі ештеңеге жарамсыз болып, бопыр ақшаға айналып қалды. Бұл өзі нарыққа өтіп, өзінің төл теңгесі жоқ Қазақстан үшін экономикалық кедергіден басқа ештеңе әкелген жоқ. — Мұндай қиыршылықтан Елбасының көрегенділігін арқасында жол таптық. Олай дейтініміз — Елбасы Қазақстан Тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап барлық жағдайды саралап, сараптай келе, мемлекетке керек алғышарттардың барлығын ойластырып жүрген екен. Дәл осы тығырыққа тірелген тұста да арнайы, құпия түрде шағын ғана топты ұйымдастырып, Қазақ елінің өз төл теңгесін жасап шығаруды тапсырған екен. Ресейдің айналымнан шығып қалған қокыс ақшасының орнына өзіміздің теңгемізді қалай кіргізу керектігін ақылдастық. Ұлыбританияда, Лондонда қазақ теңгесінің қандай болуы керектігі, дизайны, көлемі, түр-түсі қандай болуы керектігі туралы арнайы топ жұмыс істеді. Әлі есімде, Елбасының Жарлығымен 1993 жылы қарашада қазақ елінің тұңғыш теңгесі таратыла бастады. Еліміздегі бүкіл банктер күні-түні жұмыс істеген еді.

Бұл біздің экономикаға өте ықпалды қадам болды. Басында теңге ауыстыру мәселесі қиыншылықтар тудырған болатын. Аялда қазір өздеріңіз көріп отырғандай, төл теңгеміз



ешкінінен кем-қор болып отырған жоқ. Әрине, құндылығы туралы сөз басқаша. Өз елімізде, өз керегімізді өтеуде теңгеміз өз міндетін атқарып келеді.

Ресейдің ақшасы, халықтың нарықтық жүйе мен теңге ауысуына деген көзқарасы,

сыртқы істер министрлігі еді. Оның басшысы болып Төлеутай Сүлейменов тағайындалды. Осыдан кейін шетте жүрген қазақ кадрлары елге орала бастады.

Сол кездегі басты мақсат — бодандық бұғаудан босап, тоталитарлық жүйеден либералдық жүйеге ауысу еді. Жоспарлы экономикалық жүйені жолға қойып, нарықтық қоғамның алғышартын жасау болатын.

Өзіңіз бағамдап қарайтын болсаңыз, ел дамуы үшін шынымен де, қазақ ұлтының өз ішкі ынтымағы керек, екіншіден, елімізді мекен етіп жатқан ұлттардың татулығы маңызды болмақ. Әрине, ол үш жылдық стратегиялық жоспарға елімізді шетелдерге таныту, жедел түрде мемлекеттік атқарушы органдарды құру т.б. кезек күттірмейтін мәселелердің барлығы сол үш жылдың ішінде шешімін тауып, жүзеге асып жатты.

Елбасы құрған стратегиялық жоспар негізінде Қазақ елі тәуелсіздіктің алғышарттарын орындап, алыс-жақындағы шетелдермен, көрші алпауыт мемлекеттермен барыс-келісті орнатып, дипломатиялық қарым-қатынасты қалпына келтіріп үлгерді.

Елбасымыз 1997 жылы жана бағдарлама ұсынды. Онда ел дамуының 2030 жылға дейінгі жоспары белгіленіп, 7 түрлі басымдық алға тартылды. Мемлекет басшысының бұл 7 түрлі басымдығы да өз кезегінде орындалып, халық игілігі үшін жұмыс атқарды. Бұл туралы 2014 жылғы халыққа Жолдауында Қазақстан Президенті қорытынды жасап, атқарылған жұмыстарға арнайы тоқталды. Осындай стратегиялық жоспарлар арқылы ұлттың, елдің, мемлекеттің дамуын біртүзділікпен алға жылжытуға болатынын тәжірибе жүзінде көрген Нұрсұлтан Әбішұлы осы жылы «Қазақстан-2050» стратегиясын қабылдады. Бүгінгі таңда барлық құрылым, барлық сала осы «100 нақты қадам — Ұлт жоспары» бойынша қызмет атқарып келеді.

Бүгінде өзгемен терезесі тең, әлем таныған Қазақ елінің экономикасы тұрақты, әлеуметтік жағдайы ешкімнен кенде емес. Дегенмен, сол бір аласапыран жылдары ел экономикасының еңсесін түзеу оңайға түспеді.

Ең бірінші бізді Тәуелсіз мемлекет ретінде таныған — Түркия мемлекет. Біз Тәуелсіз ел ретінде заң қабылдаған күні кешке сол кездегі Түркия мемлекетінің президенті Тұрғыт Өзал Елбасыға қоңырау шалып, құттықтап, өздерінің Қазақстанды Тәуелсіз ел ретінде

алды. Оның өз тарихы бар. ҚазССР кезіндегі депутаттар Президентті сайлады. Алғашқы Ата заңды да солар қабылдаған болатын. Ел тәуелсіздігін жариялаған да сол депутаттар еді. Артынша бұл құрам тарқатылды. Осы тарқатылған депутаттар Президенттің



ӨТКЕН КҮННЕН БЕЛГІ БАР

Ел «Тәуелсіздігінің 25 жыл» мерекесі мен «Тұңғыш Президент» күніне арналған игі шараның бірі – Алматы қаласының Наурызбай ауданынан бастау алды. Аудан әкімі Сайран Сайфеденов және «Нұр Отан» партиясы

басшылары мен оқушылар қауымы Елбасы оқыған білім ордасына келді. Ең алдымен, жиналған көпшілік өлін, жерін жаудан қорғап, кейінгі ұрпағына аманат өткен хас батыр «Наурызбай батыр» ескерткішіне гүл шоғын қойды.

Біз өз кезегімізде «сабақты ине сәтімнен» демекші, Қаскелен қаласының орталығында орын тепкен Қарасай аудандық тарихи-өлкетану мұражайына ат басын бұрдық. Халықтың ауызекі тілінде «Назарбаев мұражайы»

ұстазы Сейітхан Исаевпен, сыныптастары Жомарт Сексенбаев және Сайлаубек Қыдырғалиевпен кездесіп, әңгіме өрбітті. Өз кезегінде жалынды жастар Елбасының ұстазы мен сыныптастарына көксейдегі сауалдарын қойып, Елбасының оқушы кезінен естеліктер тыңдады. Елбасының ұстазы Сейітхан Исаев «Айналайындар, мен бір ғасыр жасаған адаммын. Осы мектепте жарты ғасырға жуық қызмет еттім. Мен



білім берген шәкірттерімнің биіктен көрінгеніне, ел сенімін ақтайтын азамат болып өскеніне ризамын. Ел ертеңі жастарға айтарым,



аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Самат Тұяқбаевтың қолдауымен Елбасы оқыған білім ордасына саяхат ұйымдастырылды. Аудандық ақсақалдар кеңесі, қоғам қайраткерлері, мекеме

атанған бұл орын өзінің заманауи тартымдылығымен ерекшеленеді. Сәулетті де жарық, 9 бөлімнен тұратын мұражайдың әрбір бөлімі аудан тарихы мен жалпы ел тарихының белгілі бір кезеңдерінен сыр шертеді. Жиналған қауым мұражайда Елбасының тарих пәнінен

білімді болындар! Білімді жастың көкжиегі кең, болашағы айқын» —

деді. Кездесу барысында аудан әкімінің атынан Елбасының парталас достары мен ұлы ұстазына шапан жауып, құрмет көрсетілді. Ал Қарасай аудандық тарихи-өлкетану мұражайына арнайы сыйлық табыс етілді. Елбасы оқыған білім ордасы 1999 жылдан бастап өлкетану мұражайы ретінде ашылыпты. Деректі экспозицияларға бай мұражайды аралаған қауым, халқымыздың сол кезеңдегі ерлігін, елдігін, бастан кешірген оқиғасына саяхаттап қайтты. Мұражайдағы әр жәдігердің өзіндік тарихы, көрерменге берер тағылымы мен тәрбиелік мәні зор.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ ҚАШАН ТОЛЫҒЫМЕН ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ?

Конституциялық Заң бойынша АХКО 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істейді. 2016 жылдың наурыз айынан бастап Орталықтың құрылымдары бекітіліп бастады. Біз Дубай қаржылық орталығының моделіне сай регуляторлық орган, жоғарғы технологиялық биржа, арбитраждық орталық және тәуелсіз сот құрамыз. Бұлар «Астана» халықаралық қаржы орталығының негізгі органдары болмақ.

Біз бұл қаржылық алаңқайды халықаралық талаптарға сай құрып жатырмыз. Қазақстан экономикасының дамуына инвестицияның қаншалықты қозғаушы күш болғанын өздеріңіз де білесіздер, ал шетелдік инвесторлар ойын ережесінің түсінікті болуын қалайды. Сондықтан да АХКО-да ағылшын құқығы жұмыс істейді, бұл инвесторларды тартуға үлкен ықпал ететін күш болмақ.

Бұл жүйеге жеке әл-ауқатты басқарушы, қор биржасында іс атқаратын, ислам қаржыландыруы және қаржылық технологиямен айналысатын біздің отандық компаниялар, кәсіпкерлер де еніп, жұмыс істей алады. Ол компанияларды біз 2017 жылдың маусым айынан тіркеп бастаймыз. Компаниялар біраз жеңілдіктерге ие бола алады. Алғашқы екі жылда



офистер тегін беріледі, демек жалға алу ақысы болмайды. АХКО ЭКСПО-2017 көрмесі өтетін аймақта орналасады. Осы көрмеге орай салынған бүкіл инфрақұрылым қаржы орталығына тиесілі болады. Қазір аумақ 23 га. Бірақ уақыт өте қаржылық орталық Астананың барлық сол жағалауына кеңейеді.

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысының пікірінше, АХҚО қаржы инфрақұрылымының өзегіне айналып, Орталық Азия мен Еуразия экономикалық одағының қаржы хабы рөлін атқаруға тиіс. Осы маңызды міндет қалай іске асырылып жатыр? Жақында «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) басқарушысы Қайрат Келімбетов Forbes Kazakhstan тізіміне енген отандық кәсіпкерлермен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыс жөнінде баяндады. Басқосуда қаржы орталығының құрылуы, жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ отандық кәсіпкерлердің қалай тіркелуі, посткеңестік кеңістіктегі бірден-бір әрі бірегей жобаға қалай атсалысуға болатыны жөнінде сөз болды. Біз осы кездесуде жұртшылықты қызықтырған сауал мен жауапты forbes.kz сайтынан ықшамдап жариялауды жөн көрдік.

ҚАРЖЫ ИНФРАҚҰРҒЫЛАЙМЫНЫҢ ӨЗЕГІ

болмағандықтан, ол жүзеге аспады. Ал АХКО туралы айтсақ — саяси қолдау бар, арнайы заңдар қабылданды, ресми Астана қолдау көрсетіп отыр. Сондықтан мен осы отырған отандық бизнес өкілдерін қаржылық саладағы жаңа жүйені бірге құруға шақырамын.

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ ТУРАЛЫ

Біз KASE-ні өзгертуге тырыстық, 2 жыл қатарынан NASDAQ (АҚШ-тағы ірі Қор биржасы) келіссөздер жүргіздік. Алайда



кейде бір нәрсені ұзақ жөндегеннен, өзге нәрсені жаңадан құру оңайға түсетін секілді. KASE-ні реттеумен Ұлттық банк айналысады. Жалпы, KASE-нің ДНК-сында

аса көбірек реттеушілік пен аса абайлап қимылдаушылық сіңіп қалғандай. Бұл тәжірибені біз үзгіміз келмейді, биржаға талантты басқарушылар келіп, әрқайсысы өзіндік іс жасағысы келеді, ол бәлкім, жағасыу керек те шығар. Егер KASE-де немесе бізде әйтеуір бір сәтті жұмыс

біраз жыл өтті, сондықтан ашық айтқан да жөн шығар. Қазақстандағы зейнетақы қорларының барлығы дерлік, Халық банкінің зейнетақы қорын айтпағанда, банкрот алдындағы жағдайды бастан кешкен. Кезінде 3-4 қорды «Самұрық-Қазына» сақтап қалды. Олардың барлығының да жағдайы мүшкіл еді. Бір қордың инвестициялық декларациясында мәселе шықты, біреуінің саяси мәселесі шықты. Шынмен айтқанда, біз кезінде сол қорларды мемлекеттік Қорға ауыстыру арқылы, ондағы қаржыны сақтап қалдық. Ол қаржының 80% елдің ішіндегі активтерге салынған екен. Енді кемінде 50% сыртқы активтерге салынуы тиіс. Бұл басқарушы компанияларға мүмкіндік, олар осы активтерді басқару бойынша өз қызметтерін ұсына алады. Елбасы БЗЖҚ қаржысын Ұлттық Қор қаржысы секілді басқару керек деп айтқан.

БАНК СЕКТОРЫ ТУРАЛЫ

Кезінде біздің банк секторы ТМД елдерінің ішінде алдыңғы қатардан орын алған еді. Бірақ



ФОТОЛАР: АНДРЕЙ ЛУНИН

инновация бір орында тұрмайды. Біз қаржы әлемінің қалайша өзгеріп жатқанын байқап отырмыз. 90-жылдардың басындағы дәстүрлі банкинг бәлкім, алдағы 3-4 жылда мүлде болмауы да мүмкін. Біз мамандарға арналған алаңқай құрмақпыз. Бірақ банктердің өздері де бұған мүдделі болулары тиіс. Егер, банктер, бұған әлі ерте деп, қимылдағысы келмесе, бәлкім, ертең бәрі кеш болып кетуі мүмкін. Сондықтан, АХКО-мен бірге сол алаңқайды бірге құруға шақырамыз.

Дайындаған Айдоc ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Астанада «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасында ұлттық экономика министрлігі мен кәсіпкерлерді қолдау институттарының өкілдері қатысуымен «Үкімет бизнес үшiн» тақырыбында дөңгелек үстел өттi.

«Атамекен» ҰҚП аппарат жетекшісі Елдар Жұмағазиев «Еліміздегі кәсіпкерлердің 4 пайызы ғана қолдау тетіктері туралы хабарлар. Ал кәсіпкерлікті түрлі деңгейдегі қолдаумен жиырмадан астам ұйым айналысады. Сондықтан кез келген қолдау түрі түсінікті, қолжетімді, жылдам әрі ыңғайлы болуы және неғұрлым көп кәсіпкерді қамту үшін барлық қолдау шарасын «бір терезе» аясына біріктіру орынды», — деді «Дөңгелек үстелге» қатысушыларға 3 қараша күні тұсаукесері болған «Atameken Services» бір терезе электрондық қызметтер жобасын таныстырды. Бұл жоба «Үкімет бизнес үшін» тұжырымдамасын техникалық іске асыру идеясының бірі болып

пайдаланып, қажетті кеңес ала алады. Бұл жоба, әсіресе ауыл тұрғындары үшін ерекше мәнге ие. Өйткені ел халқының 50% ауылды жерде тұрады. «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Мұрат Әбенoв

шығаруды ұсынды. Бұл еліміздегі кәсіпкерлерді қолдаудың саны мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Оның үстіне шараға қатысушылар бизнес-орта үшін электрондық қызметті дамытудың маңыздылығын ерекше атап өтті.



КӘСІПКЕР УАҚЫТЫН ҮНЕМДЕЙТІН ЖОБА



табылады. «Atameken Services» тетігі арқылы енді кәсіпкерлер орналасқан жеріне қарамастан, портал мен мобильді қосымша арқылы палатаның қызметтерін

кәсіпкерлік қолдау институттарына күш біріктіре отырып, қолдау шаралары мен көрсетілетін қызмет түрлерінің барлығын «Atameken Services» бір терезесіне

Әлия КЕМЕЛБЕКОВА

ЖАСТАРДЫҢ ЖІГЕРІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ

«ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандары Алтынгүл Шәкімова мен Александр Шукаев «ҚазМұнайГаз» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевтың алғыс хатына ие болды. Жас мамандар ІІІ Жастар слеті аясында өткізілген іс-шараға белсенді түрде қатысқандығымен көзге түсті. Атап айтсақ, компания қызметкерлері 8 наурыз әйелдер мерекесі мен 1 маусым балаларды қорғау мерекесінде қайырымдылық шарасын өткізді. Жас мамандар аталған шарамен шектелмей Атырау облысында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің дағдарыс орталығына көмек көрсетті. Жеңіс күніне орай түрлі шаралар мен «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырды. Осындай игі бастаманың барлығы алғысқа лайық шара болды. 24-25 қараша күні «ҚазМұнайГаз» компаниясымен ұйымдастырған жастар слетіне «ҚазТрансОйл» АҚ атынан операторлық қызметтер көрсету департаментінің менеджері Әнуар Перуаш пен пайдалану департаментінің менеджері Алмас Қабылдин қатысты. Бұл шара «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына бағынышты және еншілес 45 компанияның 29 жасқа дейін жүзеген жас мамандары мен Ақтөбе облысының шамамен

100-ге жуық жастар ұйымдарының басын қосты. Әнуар Перуаш «Слетке қатысу біз үшін өте пайдалы болды. Жастар қозғалысының үлкен тәжірибесі бар «Өзенмұнайгаз», «Манғыстаумұнайгаз» сынды көптеген компания өкілдерінің ойларын естідік. Бұл компанияның жастары қандай қайырымдылық шарамен айналысатындарын атап өтті. Ал біздің «ҚазТрансОйл» АҚ жастары ең алдымен ардагерлерге, балалар үйіне көмектесіп, түрлі қозғалыстарға қатысады».

Ал Алмас Қабылдин: Жиын аясында «ҚазМұнайГаз» АҚ адам ресурстары басқармасының президенті С.Әбденов пен Ақтөбе облысының өкімі Бердібек Сапарбаевтың сөзін жұрт ықыласпен тыңдады. Ол, сондай-ақ «Челябі құбыр жалға беру зауытының оқу полигонын құрастыру», «Кәсіби мүмкіндіктерді дамыту» сияқты тақырыптарға арналған шеберлік сыныптары өте қажет дүниелер екенін атап өтті.

Жастар қозғалысын дамыту шеңберінде «ҚазТрансОйл» АҚ жас мамандар кеңесінің тұжырымдамасын әзірлеу үстінде. Алдағы уақытта осы құжатқа сай межелі шаралар жоспарлы түрде жүзеге асырылатын болады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

«Ұлы дала елі – Тәуелсіздіктің 25 негізі», «25 жұлдызды күн» акциясының сегізінші тақырыптық күні Қазақстанның ұлттық валютасына арналды. Осыған байланысты Ұлттық банктің Солтүстік Қазақстан облыстық филиалында өңір басшысы Ерік Сұлтановтың қатысуымен салтанатты шара өтті.

Өз баяндамасында облыс әкімі Тәуелсіздіктің ширек ғасыры елдің саяси, әлеуметтік, қаржы саласында табыстар мен жетістіктерге толы болғанын атап өтті. «Егемендіктің негізінің бірі — еліміздің ұлттық валютасы. Тенге тәуелсіз ел болып алғашқы қадамдарымызды жасай бастаған кезде айналымға енгізілді. Бұл маңызды міндетті сіздер, ардагерлер абыроймен



атқардыныздар. Солтүстік Қазақстан облысының қаржы органдары ауқымды жұмыстарды табысты жүзеге асыруда», — деді өңір басшысы.

Банк жүйесінің дамуына зор үлес қосқан мамандар Құрмет грамоталарымен марапатталса,

қаржы институттарының 5 қызметкеріне алғыс хаттар табыс етілді. «Бүгінде облыстың банк жүйесі Ұлттық банкпен бөлек, екінші деңгейлі банктердің 17 филиалынан тұрады. Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылында жаңа банк жүйесі құрылды. Ол нарықтың барлық талабына жауап береді», — деді «ҚР Ұлттық банкі» ММ СКФ директоры Жомарт Қажырахымов.

Ардагерлердің айтуы бойынша, осыдан 23 жыл бұрын басты мақсат — бұл жұмыстарды сапалы әрі уақытылы орындау болды. Ал бүгін сол кезегі ауқымды енбектің ұлттық валюта тарихын жасағанының қуәгері болып отырмыз.



Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Асқар Мамин Бейжіңге жұмыс сапары барысында ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Чжан Гаолимен келіссөздер жүргізді.

БЕЙЖІҢДЕГІ ЖҮЗДЕСУ

Тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерінің кең ауқымын, атап айтқанда, сауда-экономикалық, энергетикалық, индустриялық, инновациялық салалардағы өзара іс-қимыл, шекара маны және өңірлік серіктестікті дамыту, көлік-логистикалық, ауыл шаруашылығы, телекоммуникациялық салалардағы ынтымықтастық мәселелерін талқылады.



Кездесу барысында Қазақстан және Қытай көшбасшылары Нұрсұлтан Назарбаев пен Си Цзиньпиннің жақында өткен келіссөздер барысында қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру мәселелері жете қаралды.

Кездесуде екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі жандандыру, кәсіпкерлік қызметті дамыту, шарттық-құқықтық базаны жетілдіру бойынша Өңіраралық ынтымақтастық форумдарын өткізудің маңыздылығын атап өтті. А.Мамин алғашқы форумды 2017 жылы өткізуді ұсынды. Индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық аясында индустрия, инновация, көлік және логистика саласындағы бірлескен 51 ауқымды жобаны іске асыру қарастырылған.

А.Мамин «Нұрлы жол», «Жібек жолының экономикалық белдеуі» секілді ірі көлемді бағдарламаларды іске асырудың бірлескен жұмысы көлік және логистика саласында



жана өнімдер мен қызмет түрлерін құруға, Қазақстанның аграрлық секторының экспорттық әлеуеті мен индустриалды жобаларын ортақ жүзеге асыруға септігін тигізеді», — деді.

Өз кезегінде ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Ч.Гаоли «стратегиялық серіктестіктің барлық спектрі бойынша өзара іс-қимылды әрі қарай нығайту бойынша Қазақстан мен Қытай көшбасшылары Нұрсұлтан Назарбаев пен Си Цзиньпин бастаналарының сәтті іске асырылуы» туралы айтып өтті.

Ч.Гаоли «Біз практикалық кеңістікте ынтымақтастықты дамытуымыз керек, шағын және орта бизнестің тығыз байланыс орнатуына барлық жағдайды жасап, екі елдің пайдасы мен халықтарының игілігі үшін нақты нәтижелерге қол жеткізуіміз керек», — деді.

Көлік-логистика саласындағы өзара іс-қимылдың тиімділігіне Ляньюньган портындағы Қазақстан-Қытай ортақ терминалының қызметі, «Корғас — Шығыс қақпасы» АЭА көлік-логистикалық хабының, «Қорғас» шекара маны ынтымақтастығы халықаралық орталығының дамуы дәлел.

ҚХР-ға жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А.Мамин Cathay Industrial Biotech Ltd., Shaanxi Jingshengyu Fucha, Naga Corp. Ltd, CRRC Corporation Ltd, CMC, JAC Motors секілді ірі қытай компанияларының басшыларымен кездесулер өткізді. Кездесулерде ауыл шаруашылығы, теміржол машинасын құрастыру, автомобиль жасау салаларындағы ортақ жобаларды іске асыру мен ынтымақтастықтың келешегі, сонымен қатар «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА-ның дамуына аталған компаниялардың қатысу мәселелері талқыланды.

(өз тілішіміз)

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы өлшілігінде «Біріншімен бірге» (Рядом с Первым) атты очерктер жинағының тұсаукесер рәсімі өтті. Мәскеуде таныстырылған кітапта Елбасының ұзақ жылдар бойы тізе қосып, бірге қызмет істеп келе жатқан үзеңгілес серіктері өздерінің жадында сақталған естелігі мен лебізін ортаға салады. Мұндай шығарманың дүниеге келуі қазіргі заманғы саяси мемуар жанрында сирек кездесетін құбылыс екенін атап өткен жөн.

Тұсаукесер рәсімін осы жинақты құрастыру идеясының авторы, Мәскеудегі «Художественная литература» баспасының директоры, жазушы Георгий Пряхин ашып, жүргізіп отырды. egemen.kz сайты жазғандай, тұсаукесерге Ресей қоғамының көрнекті өкілдері, ғалымдар мен сарапшылар, дипломаттар мен публицистер қатысты. Жетекші БАҚ өкілдері де келіп, кітапқа деген ынта-ықыласын білдіріп жатты. Г.Пряхин кіріспе сөзінде кітапты таныстырып, жинақтың Қазақстан Президентінің ұзақ жылдар бойы жанында келе жатқан жақын алты сенімді серігінің ой-толғамынан тұратынын айтты. Олар — Парламент Сенаты мен Мәжілісінің төрағалары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нұрлан Нығматулин, Президент Әкімшілігінің Басшысы Әділбек Жаксыбеков, Сенат депутаты Нұртай Әбіқаев, вице-премьер Иманғали Тасмағамбетов

тұжырымдамасын ашқанда авторлар оны Қазақстанның басынан кешкен жағдайлармен өрнектейді. Сол кездердегі кейіпкердің лидерлік әлеуетінің қалыптасу жолы нақты мысалдармен нақышталған. Соның ішінде Қазақстан Президентінің еуразиялық кеңістікте тұрақтылықты сақтау, казакстандық қоғамды жаңғырту істеріне жасалған талдаулар оқырманды қызықтырары сөзсіз.

Кітапта ХХІ ғасырдың екінші онжылдығындағы постдағдарыстық әлем жағдайындағы стратегиялық бағдарламаларды жасаудағы Н.Назарбаевтың рөлі жан-жақты ашылған. Бұл Қазақстан Көшбасшысының Қазақстан аумағымен ғана шектелмей, ғаламдық міндеттерді шешу, соның ішінде ядролық қарусыз әлем құру идеясын ұсынуы арқылы бүкіләлемнің стратегиялық болашағын көре алатын саясаткер екендігін көрсетеді, дей келіп М.Тәжин Наполеонның

Назарбаев КСРО-ны құлдырауға әкелген себептерді тереңнен көре білген. Ал республиканың басшылығына келген сәттен бастап ол Одақты реформалау жолдарын талмай ұсынып отырған. Соның ішінде республикалардың өзара теңдігінің сақталуын қамтамасыз етуді қатаң талап еткен.

Н.Әбіқаевтың жазбаларынан Н.Назарбаевтың түрлі кикілжіңдерді, күрделі жағдайларды еңсеруге батыл кірісетіні және бұл істен нәтиже шығара алатыны да айқын көрінеді. Автор оның мысалдарына бірнеше оқиғаны келтірген. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси дарыны барынша ашылып, алға қойған



міндеттерді тұтастай іске асыра бастады. Соның арқасында әлемдік саяси картада бәсекелестікке қабілеті жоғары Қазақстан деген жана мемлекет пайда болды, дейді автор.

Тәуелсіз Қазақстанның жана астанасының алғашқы мәрі болған Әділбек Жаксыбеков өзінің қысқа естелігінде жана қаланы тұрғызу жолында Елбасымен бірге кешкен қиындықтарды еске алыпты. Президент ауа райының қолайсыздығынан, инфрақұрылымдардың жетімсіздігінен, қаржылық қамтамасыз етудің тапшылығынан



таңғалыспен қарайтынын жеткізді. Оның пікірінше, Қазақстан тек дұрыс жолды ғана таңдап, алға қарай нық қадам басып келе жатыр.

Одан әрі сөз кітап авторларының бірі — Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Марат Тәжинге берілді. Өзінің сөзін елші келген қонақтарға, әсіресе соншалықты көп жиналған БАҚ өкілдеріне алғысын жеткізуден бастады. Кітап авторлары — Президент Әкімшілігі Басшысы, Премьер-Министрі, Мемлекеттік хатшы, Парламент палаталарының төрағалары, Қорғаныс министрі, Астана әкімі, Бас прокурор, ҰҚК төрағасы, Жоғарғы Сот төрағасы сияқты жоғары лауазымды қызмет атқарған тұлғалар. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттік қызметтің жоғары біігінде Елбасының сенімді серіктері бола білген тұлғалар. ХХ ғасырда өзінің ең жақын серіктері бірігіп, осындай еңбек жазған көшбасшы болған емес. Үзенгілес серіктерінің жазуына қарағанда, Н.Назарбаев көшбасшылығының феномені саяси лидерге таң болатын үш үлгіге негізделген. Нақты айтсақ, олар жеке адамдық қасиеттер, көшбасшылық стиль және өзгермелі тарихи жағдайлар. Жеке адамдық сипаттары туралы жазғанда авторлар оның саясаткер және мемлекеттік қайраткер ретіндегі қалыптасуы ерте кезден белгілі болғандығын тарихи мысалдармен айғақтайды. Көшбасшылықтың түрлі жағдайға қарай икемді саясат ұстану

Назарбаевтың сіңірген еңбегі орасан зор екенін атап өтті. Президенттің бүкіләлемдік антиядролық қозғалыстың Көшбасшысы болып отырғандығын да дүние жүзінің танығандығын атап өтіпті. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК), Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі сияқты форумдардың да авторы Н.Назарбаевты екендігін автор нақты дәлелдермен атап өткен. Президенттің Қазақстан шекарасын шегендеу кезінде айтқан «Шекараны таспен емес, доспен шегендеу керек» деген сөзін де автор ризашылықпен еске алады. Қ.Тоқаев Астанада ЕҚЫҰ Саммитінің өткізілуін тарихи оқиға ретінде бағалап, еліміздің абыройын асқақтатқанын атап өтеді. — Н.Назарбаевты Мұстафа Кемал Ататүрік, Шарль де Голль, Дэн Сяопин, Ли Куан Ю сияқты әлемдік ауқымдағы лидерлермен салыстыру өте орынды, — дейді Қ.Тоқаев өзінің жазбаларында.

Көрнекті мемлекет қайраткері Нұртай Әбіқаевтың очеркі жана мемлекеттің қалыптасу жолына арналды. Автор «Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы жылдарының өзінде-ақ өзінің стратегиялық ойлау жүйесімен партиялық номенклатураға енген өзгелерден оқ бойы озық тұратын еді» — дейді. Сонымен бірге оның экономикалық проблемаларды ашық айта алған және оларды шешу жолдарын көрсеткен батыл ұсыныстары таң қалдырғанын еске алады. Н.Әбіқаевтың айтуына қарағанда, Нұрсұлтан

туындап жатқан барлық проблемаларды еңсеруге қызу араласып, барлық қиындықтарды бірге бөліскенін жазады. Сонымен бірге Елбасының ешқашан да оптимизмнен арылмай, рухының жоғары болғандығы, өзіне үлгі болғандығын жазады. Астананың Бас жоспарын жасағанда Президенттің қала құрылысы әлеуметтік азға екенін айтып, қатты ойланып, ұзақ толғанғанын еске ала келіп, «Біз еуразиялық қала саламыз, сондықтан мұнда әлемнің барлық түкпірінен келген адамдар өз үйіндей сезінуі керек» деген сөзін айтады. Елбасы іскерлігінің нақты мысалдары қатарында Ә.Жаксыбеков Астананы электр қуатымен жабықтау ісінің түйікқа тірелген кезінде көргенін сипаттайды. Президент жағдайды тез болжап, ең онтайлы шешімді ұсынды. Соны іске асырудың арқасында Астанаға тез арада электр қуаты берілді, — дейді ол.

Жоғарғы Сот төрағасы Қайрат Мәми Президенттің Тәуелсіз елдің сот құқықтық жүйесін қалыптастырудағы зор еңбектеріне тоқталыпты. Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін барынша қысқа мерзім ішінде негізгі мемлекеттік құқықтық институттар мен заңнамаыи реформалау қажет болды, — деп еске алды ол. Автор сол кездегі Н.Назарбаевтың рөліне тоқталып, алғашқы Конституцияны жасаудағы оның еңбегіне баға беріп өтіпті. Президенттің сот жүйесінің еркіндігін қамтамасыз етуді үнемі назарда ұстап, оны іске асыруға сіңірген еңбегіне жоғары баға берілген.

Айдос СМАЙЫЛ

6 АЙМАҚ

www.jasqazaq.kz

Ел аумағында ежелгі темір ғасырынан бастап Сак, Сармат, Үйсін, Қанлы, Ақ Ғұндар, Түркі, Карлұқ, Оғыз, Қидан, Қарахан, Қыпшақ, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Көшпелі Өзбек және Қазақ хандығы сияқты көптеген мемлекеттер қалыптасып, өмір сүрген және ыдырап отырғандығы тарихтан мәлім. Өз заманында атакты Төмирістен бастап Естемі қаған, Оғыз хан, Қарахан сынды тұлғалармен теңдес қазақтың Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан және ұлы Абылай сынды тарихтың дамуына ықпал еткен бірегей саясаткерлер шықты.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың тарих сахнасына шығып көрген

ТҮРКІСТАНДАҒЫ КӨРМЕ

саясат жүргізе отырып, Солтүстіктегі Ресей, Шығыстағы Қытай, Батыстағы Еуропа елдерінің, мұхит асып АҚШ басшыларымен иығы тең дәрежеде келіссөз жүргізе білгендігін бүгінде әлем мойындап отыр. Сондай-ақ еліміз 2010 жылы ЕЫҚҰ төрағасы болып, Астанада елу төрт елдің басшыларын жинап Саммит өткізді. 2011 жылы еліміздің тарихында болмаған қысқы Азия ойындары Алматы мен Астана қаласында жалауы көтерілді. 2017 жылы дүниежүзілік ЕХРО-2017 көрмесінің Астанада өтетіні де тегін емес-ті.

Киелі Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі түркі халықтарының, оның ішінде ісі қазақтың айрықша құрмет етіп, тәәбірқ тұтар мекені. Ұлы ұстазын рухани ілімі бағзы заманнан бері шынайы еркіндікке, тәуелсіздікке жеткізетін жол ретінде танылған. «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» деп өткен кешегі қазақтың хан-сұлтандары ел басқару ісінде Яссауи қандаларын негізге алған. Елбасы Н.Назарбаев «Түркістан мен оның ұлы ғимаратын бүгінгі ұрпақ қазақ мемлекеттілігі тағдырмен тығыз бірлікте қарастырады. Ұлттық бостандығымыз бен іргелі елдігіміздің ақ ордасы, асыл көзі деп ардақ тұтады» деп киелі мекеннің дәрежесін одан әрі айқындай түсті.


Осы алтын сабақтастықтың бүгінгі күнге дейін тіні үзілмей жеткендігін

Бір жұмадан бері бошалап кеткен жирен бие Әупілдек көлінің жанынан табылды. Қағанақты жарып шыққанына бірнеше күн өткен жирен қасқа құлын қарақұлақтанып қалыпты. Енесінің сүтіне әбден мейірін қандырған, бұйра жалды кішкентай құлын қутың-қутың етеді. Жылқы көздей шыққан Аян Қожахметов малының аман табылғанына іштей шүкіршілік айтты да, астындағы Орлов жылқысы тұқымдас «Гаригінің» ауыздығын ағытып, Әупілдек көлінен суарып алды.

Сайын даланың төсіне ғайыптан тайып түсіп қалған бір шөкім моншақ іспетті Әупілдек толықси, толқып, батыстан соққан самал желмен шымырлап жатыр. Майда, нәзік толқындар жағалауға асығады. Атакты Әупілдек. Тостанғандай ғана кішкентай көлдің атын естімеген Алаш баласы жоқ шығар. Дауылпаз акын Сөкен Сейфуллиннің арқасында. Ақ қашып, қызыл қуған, қызыл қашып, ақ қуған аласапыран жылдары акын Сөкен Егіндікөлдің осы құйқалы, құнарлы даласын басып, бірақ, сол даладан пана таба алмай Атбасарға өткен деседі. Сол сапарында осы көлдің жағасын жайлаған елде біршама тыныққан. Құла дүздегі Әупілдектің суын ішкен. Өз көңілі де көл бетіндегі толқындар сияқты буырқанған дарқан дарынды көкіректен мәңгі өлмес ән құйылған. Аян да сол әнді ынылдап айтып қояды:

*Қамысы Әупілдекті мүше-мүше,
Сарғайдым осынау көлдің суын іше.
Қос қанат құсқа біткен, маған бітсе,
Бармас па ем қалқағтайға әлденеше.
Ғажап-ау, шіркін. Сөкен атасының әні.*
Әупілдектің майда толқындары тәрізді шымырлап шығатын тәрізді ме, әлде сарытап сағыныштың дерті буған осы бір әуен мүше-мүше қамыстың бір-біріне сүйкенсе, еркелей сыбырласатын үніне ұқсайды ма. Әйтеуір, өзекті өрттейтін өкініш, аһ, ұрызған сағыныш тұнып тұрғанын іші анық сезеді.

Әрине, керемет әнші емес. Бірақ жапан түзде әніне кім баға берсін. Әу, демейтін қазақ жоқ демей ме. Оның үстіне жылқының үстінде желік бар. Ал жүйрік аттыкі, тіпті ересен. Жүйрік ат демекші, Егіндікөл ауданының Көркем ауылының тұрғыны Аян Қожахметовтің астындағы «Гаригі» соңғы төрт жылда бөйгенің алдын берген емес. Ауданда өткізілген



барлық бөйгеде бас жүлдеге ие болды. Астана қаласының жанындағы Родина елді мекенінде өткізілген республикалық аламанда екінші жүлдені еншіледі.

— Жүйрік аттың сынын білетін, бабын білетін адам аз. Сондықтан, әр жерде оқығанымызды, әркімнен естігенімізді қорытып, өзіміздің

Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне орай «Түркістан және Елбасы» көрмесінің ашылу рәсімі өтті.



Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың өткен тарихымызға, рухани мұрамызға деген ізгі ниетімен, ілтипатымен байланыстыруға болады. Әркез балалар дәстүріне айнымас адалдықтың үлгісін көрсетіп келе жатқан Елбасымыз Әзірет Сұлтан кесенесінің ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енуіне тікелей мұрындық болды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев ең алдымен, 1985-1988 жылдары Қазақ ССР Министрлер кабинетінің басшысы қызметін атқарып жүрген тұста, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне арнайы ат басын бұрып, мұндағы атқарылып жатқан іс-шаралармен танысады. Содан бері Елбасы тарапынан Әулие бабамызға тағзым ретінде саналатын игі жұмыстарға ақ жол ашылды деп есептеуге болады. Еліміз тәуелсіздігіне енді қол жеткізіп, егеменді мемлекет ретінде енесін тіктеп жатқан жауапты кезеңде Елбасы Н.Назарбаев Түркістан қаласының абыройын асқақтатар, күллі түркі жұртынын басын қосуға бағытталған жобаларды бекітті. Тұңғыш рет киелі мекеннен Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылды. Сонымен қатар кесененің көрік-келбетін қалпына келтіруге күш жұмылдырып, 2000 жылы Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО деңгейінде атап өтуге барлық жағдайды жасады. Президенттің Әзірет


Сұлтан кесенесіне жасап отырған қамқорлығының арқасында «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында көне шаһардың шынайы



шежіресін айқындау қолға алынды. Бұл бағдарлама бойынша орындалған нәтижелі еңбектердің өзі бір төбе.

Елбасы жазған кітаптарда, ой-толғамдарында Қожа Ахмет Яссауидің рухани ілімі мен оның қазіргі кездегі қажеттілігіне баса назар аударылған. Оның тарихи-мәдени маңызына қатысты елеулі тың тұжырымдар келтірілген. «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Ғасырлар тоғысында» атты кітаптарында Яссауи қалыптастырған ілімнің құндылығы жөнінде оң пікірлер айтылған.

Мемлекет басшысының қасиетті шаһарға әр сапары жақсы жаңалығымен жанға жебеу, ойға демеу бола келеді. Елбасымыз Түркістан қаласына 2010 жылдың 26 мамырында жасаған сапары кезінде Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі кездесуде жиналған жастардың алдында күллі әлем мойындаған Яссауи мұрасын оқып-үйрену жөнінде, оның мәні жөнінде сөз қозғады. Демек, бұл Яссауитанудың, Яссауи мұрасын игеру саласының жаңа белеске көтерілуіне алғышарт бола алады. Көрме экспозициясына қорық-мұражай қорынан 50-ден астам жәдігерлер қойылады. Оның ішінде Елбасы Н.Назарбаевтың 1985 жылы Қазақ ССР Министрлер кабинетінің басшысы, егеменді, тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті тұсындағы, бауырлас Түркия Республикасының президенттері Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирел, Ахмет Сезар, Абдулла Гүл, Р.Т.Ердоған, Өзбекстан Республикасының президенті И.Каримовтармен Түркістандағы ресми кеңестері мен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қазақ, орыс, ағылшын, түрік тілдерінде жарық көрген «Ғасырлар тоғысында»,



«Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Қазақстан жолы», «Казакстанский путь», «Бейбітшілік кіндігі», «Туған елім — тірегім», «Евразийский Союз идея, практика перспективы», «Kutup Yildizi», «Nursultan Nazarbayev» атты жарық көрген кітаптары көрмеге қойылады. Көрме осы жылдың 30 желтоқсанына дейін жалғасады.

Берік БАЙБОЛОВ,
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қызметкері

АВТОКЕРУЕНІ АУДАНДАРДЫ АРАЛАЙДЫ

Тараз қаласының «Достық» алаңынан салтанатты түрде 3 бағытта автокеруен жолға шықты. 1-бағыт Жуалы, Жамбыл, Талас, Сарысу аудандары, 2-бағыт Байзақ, Т.Рысқұлов, Меркі, Қордай аудандары, 3-бағыт Шу, Мойынқұм аудандарының 40-қа жуық елді мекенінде болады.



«Тәуелсіздікке – 25 жыл!» атты ақпараттық автокеруеннің мақсаты – еліміздің және облыстың Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктерін, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп өркендеу, атқарылып жатқан жұмыстарды шалғай елді мекен тұрғындарына жеткізу, тұрғындарды тегін медициналық тексеруден өткізіп, арзандатылған бағамен ауыл шаруашылық тауарларын ұсыну, мерекелік концерттік бағдарламалар қойып, халыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болып табылады.

Ақпараттық автокеруеннің құрамында: облыс әкімдігі басқармаларының қызметкерлері, зиялы қауым, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, ардагерлер, дәрігерлер мен мәдениет саласының



қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, барлығы 60 адам бар.

Тұрғындарға жалпы 115 тонна азық-түлік тауарлары жеткізілетін болады. Оның ішінде, 30 тонна картоп, 20 тонна піяз, 20 тонна кант, 30 тонна ұн, 4 тонна қарақұмық, 6 тонна 5 литрлік және 1 литрлік өсімдік майы бар.

іісініп тоқтап қалады. Сондықтан бұл арада бие саууды өншейін жай ғана бір тіршілік көзі саналатын күнкөріс деп емес, айрықша бітімді, көшпелі халықтардың ғана мандайына жазылған өнер деп ұғуымыз керек. Өрістен келген мама биелердің жалын тарап, сылап-сипап, еркелетіп жататын. Әу баста жаратқан ие, артық жаратқан төрт түліктің төресі жылқы малы да өзін жақсы көрген, аялап, әлпештеген адамды ұнатады. Тансәріден келетін жылқы үйірін жүген-ноқтамызды ұстап, алдынан шығып тосатындық. Содан соң түнгі өрістен тойып келген мама биені жүгендеп, мініп алып, үйге қарай беттесек, тай-жабағы соңынан бірге



ҚАРА БИЕНІҢ ҚЫМЫЗЫ НЕМЕСЕ ЖЫЛҚЫНЫ ҚАСИЕТ ТҰТҚАН АУЫЛ

тер қалса, аламан бөйгенің үстінде мың батпан жүк болатынын көріп жүрміз. Әсіресе, қамау терін алғанда, ашы терін алғанда әр сәтін көзден таса етпей, сәбілей өбектеп, баладай бақсан

ғана жүйріктің маңдайы жарқырап, бағы асады. Аянның айтуына қарағанда, бөйге бермейтін шын жүйріктің негізгі шарты оның арғы тегінде. Жаратылысы келіспесе, жабыдан жүйрік шықпайтыны анық. Қазір ағайынды Қожахметовтер бес-алты үйір жылқы ұстайды.

Ала жаз бойы кезектесіп бағады. Қысқы тебіні қолға келетін, тай-жабағысы бар, әйтеуір, жұмыс бастан асып жатыр. Бірақ шеккен бейнетін, еткен еңбегін ақталады. Өйткені, бұл өңірде де жылқы бағасы аспандап тұр.

Өткен күзде және қыстың басында нақ соғым уақытында семірілген тайлар 250 мыңға, ал, ірі жылқының құны 450 мыңға жеткен.

Қазақтың қазынасы саналатын жылқы өсірумен айналысып жүрген Қожахметовтер отбасы бие де сауалы. Кей жерлердегідей ақ сатып, пайда көздемесе де.

көргеніміз жоқ. Біздің Көркем деп аталатын кішкентай ауылымыздың жанында аншылар үйі бар. Егіндікөл қайтқан қыстың топтанып жылы жаққа ұшар алдында жиналатын құтты ұясы. Құс қайтқан уақытта көктем мен күзгі аншылық маусымында бұл өлкеге аншылар қаптап кетеді. Арасында жалпақ жұртқа танымал, атақ-даңқынан ат үркетін тұлғалар да бар. Солар біздің қымызымызды алғызып тұрады. Жұмыр жердің бетінде жұдырықтасатын жан таба алмай жүрген Украинаның батыры Виталий Кличко да бытыр келгендей менін қара биемнің қымызын ішкен. Бетінде майы жүзген қымызды ішіп болған соң жат өлкенін жампозы мынау батырлардың ішетін сусыны екен десе керек. Бізге сол бағасы жетеді.

Тындап отырсаң, Аянның әңгімесі жылқы туралы жағымды жыр. Ал бие саууы – бөлек өнер. Қазір елдегі жас қыз-келіншектер бие саууды ұмытқан. Ал жарықтық жылқы малының алпыс екі тамырын ісіндіріп, тас емшегін жібітіп шығатын сүттің құнары, құрамы, адам ағзасы үшін қаншалықты пайдалы екендігі күнделікті қарапайым тіршілікте де, жөпшенді адамның миы жетпес ғылымда да айқын дәлелденген. Бұрынғы әжелеріміз биені ілдіргеннен кейін бір қолымен оң жас санының алдынан, екінші қолымен сол жас санының артынан құшақтап отырып сауатын. Таудай бие теуіп қалады-ау деп қорқып, үрікпейтін. Қашан да сезімтал жылқы малы өзінен қорыққан адамды аңғарып, сезіп тұрады. Бие емшегінің үрпі кең әрі жұмсақ келеді. Сондықтан, оны тез-тез сауамаса, сүт ағып кетеді, әйтпесе,

күбідегі қордың үстінен құятын. Содан соң міндетті түрде отыз-қырық минут пісіп, аузын бүркемелеп, қымтап қоятын. Үйдегі балалар күбіні әрқайсымыз санап пісіп, мен жүзге, мен екі жүзге жеткіздім деп бір-бірімізге мақтанатынбыз. Алаш рет қымыз ашытқарда биенің сүті арнайы ашытқының немесе қордың үстіне құйылатын. Ашытқыны әдетте сүр жаянын, қазының сынық сүйемін салып сүттен, ол болмаса сүтке нан ашытқысын езіп әзірлейтін. Қор дегеніміздің — өзі ескі, бұрынғы қымыз. Қазақта көне заманнан бұрын келе жатқан «қоры үзілмеген» деген астарына көп мағына сиятын сөз тіркесі бар. Бұл арада жалғыз қымыздың қоры айтылмаса керек, ондағы айтапқ ойдың ұшығы қорлы, қордалы шаңырақ өзінің әрбір ісіне ұқыпты, тынғылықты отбасы деген ұғымды білдірсе керек-ті. Қордың үзілмеуі күнделікті тіршілікте бір-біріне сабақтасып жататын қат-қабат шаруаның рет-ретімен атқарылуына қажетті тұрмыстық жайлардың өзара жарасым табуы. Сары қымыз қашан да адам ағзасындағы сан алуан дертке шипа, денеге күш құятын кастерлі, құдіретті тағам болып саналады. Қымыздың ерекше дәмді, айрықша құнарлы, жан сарайынды ашып, сіңімді келетіндігі, жылқы малы жаратылысынан өте кірпияз. Ол мың сан шөп өсетін жайылымнан тек асылын ғана теріп жейді, суды жалдап жүріп, тұнығын ғана ішеді. Осының бәрі айналып келгенде, бие сүтінің құнарын өзге төрт-түлік малдың сүтінен әлдеқайда құнарлы етіп тұрады.

Қымыз ішкен адамның бүгінгі тілмен айтқанда, иммунитеті күшейіп, анау-мынау ауруға бой алдыра қоймайды. Көне замандарда қымыздың өзіне тән ыдысы болған. Ол қазақтың құт-берекесі саналатын жылқының терісінен тігілген, иі қанған. Қойдың құйрық майымен майланған, қайыңның түтінімен ысталған қара сабасы болатын. Қара саба көзден

бұлбұл ұшқалы сары қымыздың сақталатын ыдысы күбіге айналып, қасиетті күбіге ауды. Ағаш төресі қайыңнан жасалған ыдыстың дәмі өзеше. Шебердің қолынан шыққан күбі жұп-жұмыр жемді білектей болып, ішінен жарықтық қымыздың иісі анқып, шаңыраққа береке мен барлықтың лебін шашып тұратын еді. Қайың күбіде бапталған қымыз бір жағынан дәмді болса, екінші жағынан, күбіні орналастыру оңай, ыңғайлы. Қымызға арналған күбіні бойын дерт шалмаған, таза қайыңнан жасаса, есте жоқ ескі кезеңдерде, көне дәуірде сабағы қыршанқы болып ауырмаған, жауыр болмаған, көп мінілмеген, тер сінбеген семіз жылқының терісінен ғана жасалып екен. Жалырап жаз келген маусымның алғашқы күндерінен бастап әжеміздің барлық есіл-дерті өзге шаруаны қоя тұрып, ықыласы қымызға ауатын. Алдымен, қыс бойы ұсталмаған күбіні ыстық сумен мұқият жуып, самал желге кептіретін. Сонан соң қансыған дәмін кетіру үшін бір сүйем қазының етегімен немесе семіз қойдың құйрық майымен мұқият ысқылайтын.

Міне, Көркем ауылының жылқыны қасиет тұтқан, қазақтың қасиетті асы — қымыздың құр-сыры жайында осылай тебіренген Қожахметовтер әулеті сан ғасыр бойы үзілмей келе жатқан ұлттық үрлістің шырақшысы тәрізді. Аттанып бара жатып, сол шырақтың оты үзілмесін деген тілегімізді іштей құбіреп айттық біз де...

Байкал БАЙӘДЛОВ,
Егіндікөл ауданы Ақмола облысы



діннің түп негізіне сүйенген діни ережелердің ортақ жиынтығы. Осы аталған діни мектеп радикалды көзқарасты, дінде шектен шығуды (*фанатизм*) қолдайды. Керісінше, гуманизмді насихаттайды. Тарихымыздан белгілі, қазақ даласында дінге қатысты ешқандай лаңкестік оқиға болмаған.

Тарихқа қарасақ, күшті жүйе мен қатал ережелер негізінде құрылған мемлекеттер мен хандықтар қанша қуатты болғанымен, бірнеше жүзжылдықта құлады. Ал діни құқықтық мектеп ғасырлар бойы тарихи тамырын сақтап, осы күнге дейін жетті. Өйткені, халықпен бірге оның дәстүрлі діні де бірге өмір сүреді. Осылайша, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Қазақ мұсылмандығымен бірге сан ғасырдан бері қалыптасып келе жатқан ортаазиялық мектебі бізді ғана емес, тарихы, тамыры һәм тағдыры ұқсас Орталық Азия халықтарын бірлікке ұйыстырады деген ойдамын.

Бұл — радикалды ағымға тойтарыс беруге ықпал ететін жол болар еді. Өйткені, дін мен дәстүрін құрметтеген адам ешкімге залалын тигізбейді. Ел ішінде бүлік шығармайды.

Біз «Әһли сүнна уал жамағат», яғни пайғамбарымыздың және сахабалардың (көпшіліктің) жолын ұстанушы үмбетпіз. Әбу Зарр (р.а.) риуаят еткен халисте Алла Елшісі: «Кімде-кім көпшіліктен бір сүйемдей болса да ажыраса, мойнындағы Ислам жібін шешіп тастағаны», — деп, көпшілікпен болуға шақырған. Халқымызда: «Тозған қазы топтанған қарға алады», — деген жақсы сөз бар.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (*Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын*) тағы бір хадис-шарифінде: «Менің үмбетім адасудың үстінде бірікпейді. Жамағат арасында біріне-бірі қарама-қайшы келетін амалды көрсендер, көпшілік ұстанған жағына өтіндер», — деп өсиет еткен. Өмір болған соң әр адамда дінге қатысты сауал туындауы мүмкін. Осындай түсінбеушілік болған кезде сол замат еш кідірместен, ешкімнің

Қай заманды, қай кезеңді алсақ та, біздің халқымыз дін, тіл, жер мәселесіне қашан да сергек қараған. Өйткені, дін, тіл, жер — ұлттың негізгі ұстындарының бірі саналған. Ал қазіргі кездегі дін төңірегіндегі мәселелер де бұған бей-жай қарай алмаудың айғағы дер едік. Мұндағы басты мәселе — Исламға көлушілердің санында емес — сапасында, діни таным-түсінігінің түзулігінде. Одан да күрделі мәселе — осы ортаны басқаруда, аудиторияны игеруде... Бұл — кешенді мәселе, қоғамдық жауапкершілік деп атар едім.

Аллаға шүкір, жастар дінге бет бұруда. Әрине, қуантарлық жағдай. Алайда оларға бағыт-бағдар беріп отыратын тұлғалар қажет. Олар кім? Әрине, үйде — ата-ана, ата-әже, мектепте — мұғалім, психолог, тәрбиеші, мешітте — имам, ұстаз, т.б. Әрбір жауапты тұлға өзіне қатысты міндетті ыждаһаттылықпен атқарса, жастар адаспайды.

Ағым деген — вирус. Оның шеті яки шекарасы жоқ. Ағым — ғаламдық мәселе. Ал оған қарсы иммунитет — иман, дұрыс діни сенім, салт-дәстүр, ата-әже институты, ұлттық тәлім-тәрбие, т.б. Халқымызда ата-әже институтының бала тәрбиесінде қандай рөл атқарғанын жақсы білесіз. Осындай ұлттық тәрбие мектебімізді, ұлттық менталитетімізді жаңғырту арқылы жастарымызды жат ағымның ықпалынан қорғап қала аламыз.

Дәстүр — қуатты күш, кез келген ағымға төтеп беретін құндылық. Салтын сақтайт болған қоғамға ешкім іріткі сала алмайды. Бұл тәжірибеде дәлелденген нәрсе. Мәселен, үлкеннің сөзін тыңдау, ата-ананың айтқанын екі етпеу, молдаға құрмет көрсетіп, оның уағызына амал ету — біздің дәстүрімізде бұрыннан қалыптасқан үрдіс. Ол ешкімге жаналық емес. Сондықтан біз әдет-ғұрпымыздың осындай игілігін көбірек пайдалануымыз керек.

Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев брифингте сәлафизм ағымында жүргендер қоғамдық және ұлттық құндылықтарды өз идеяларынан жоғары қоятынын атап өтті.

Біздің талдауымыз бойынша, расымен де, жат ағымда жүргендердің басым бөлігі өз

сияқты қылмыстық істер қаралып, кінәлі содырларға бас бостандығынан ұзақ мерзімге айыру жазасы қолданылған. Егер 2014 жылы аяқталған қылмыстық істер бойынша сотталғандардың 74% бас бостандығынан айырылып, ал 22% бас бостандығынан шектелсе, 2015 жылы сотталғандардың 84% түрмеге жіберіліп, 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында лаңкестердің 88% түзеу мекемелеріне жабылды. Сот статистикасы терроризмге қатысқан қылмыскерлерге соттардың заң шеңберінде қатан жазаға тартуын дәлелдейді.

Айта кететін жағдай, ол бірде-бір сот үкімінің жаза тағайындау барысында

ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ



кателік жасауына, жеңіл түрде жазалауына байланысты бұзылмағандығын зерделеу толық көрсетті.

Осыған орай, сот тәжірибесінде әртүрлі жағдайда лаңкестердің қармағына түсіп, аңқаулықпен білместікке бой алдырған, бірақ ауыр қылмыс жасап үлгермеген, кателігін дер кезінде өзінің түтісігімен немесе әке-шешесінің, туыстарының ақылымен түсінген адамдар үшін заң қылмыстық жазадан босануға мүмкіндік береді.

ҚК-тің 255-бабындағы ескерту бойынша терроризм актісін дайындауға қатысатын адам, егер ол мемлекеттік органдарға дер кезінде ескертуімен немесе өзге тәсілмен терроризм актісін болғызбауға ықпал етсе және оның әрекеттерінде өзге қылмыс құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

ҚК-тің 257-бабында көрсетілген. «Террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу» әрекеттері бойынша 2014 жылы 5 қылмыстық іс, 2015 жылы 9 іс және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында 9 қылмыстық іс соттарға түсіп, түбегейлі тексерістен кейін заңды үкімдер шығарылған.

Көрсетілген баптың 2-бөлігінде террористік топтың қызметіне немесе ол жасаған терроризм актілеріне қатысу қылмысы айқындалған. Бұл қылмыс үшін кінәлі мүлкі тәркіленіп, алты жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Заң бойынша террористік топтың қызметіне қатысудың мәні ол террористік актілер жасауда ғана емес. Егер террористік топтың құрамына кірсе, қаражат, қару-жарак , автокөлікпен қамтамасыз етуге, нысандар табуға, ақпарат жинауға көмектесу де террористік топтың қызметіне қатысу болып есептеледі. Бұл топтың қылмыстық ой-жоспарларын біле тұра, соған мүшелікке келісім берген уақыттан бастап, бұл қылмыс аяқталған қылмыс құрамы болып табылады.

Мысалы, Атырау қалалық сотының үкімімен Ж. мүлкі тәркіленіп, 9 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылу жазасына кесілді. Соттың анықтағаны бойынша ол террористік топқа өз еркімен қосылып, сол топтың мүшелерімен террористік актілер жасау мақсатында бірнеше рет жарылғыш заттар дайындаған.



Жоғарыда көрсетілген заң талабы бойынша сотталған Ж. террористік актілер жасамағанымен, ол террористік топтың мақсатын біліп, соларға көмектескені үшін қатан жазаға сотталды.

Ақтөбе қалалық сотының үкімімен М., А., Т. адамдар тобы болып, әлеуметтік және діни

алауыздықты қоздыруға және азаматтардың діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасакана әрекеттерді телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып, терроризмді насихаттағаны, терроризм актісін жасауға жария түрде шақырумен ұштасқан қылмыстар жасағандары үшін кінәлі болған.

М. ислам дінінің радикалды бағытын ұстанушы ретінде, қасакана тікелей ниетпен көрсетілген іс-әрекеттер барысында, өзінің абоненттік нөмірін қолдану арқылы террористік әрекеттерге шақырған бейнероликті Шалқар қаласының тұрғындарына жіберген. Содан кейін сыбайластары А. мен Т. қосылып, қылмыстық

әрекеттерін жалғастырып, терроризмді насихаттау бағытында «Whats App» мессенджерінде бірнеше рет діни алауыздықты қоздыру үшін текстік хабарламалар таратқан.

Іс бойынша тағайындалып өткізілген сот психология-филологиялық және дін танушылық сарапшыларының қорытындысына сәйкес сараптанаға ұсынылған бейнероликтерде және текстік хабарламаларда терроризмді насихаттау, терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру белгілері толық анықталған.

Жоғарыда айқындалған дәлелдерге сүйене отырып, сот М. және А-ның әрқайсысын 8 жылға Т-ны 6 жыл 6 айға бас бостандықтарынан айырып, түзеу колониясына жіберді.

Орал қалалық соты Ж-ны терроризмді насихаттағаны үшін кінәлі деп тапты. Іс құжаттарында айқындалғандай, Ж. және У. халықаралық террорлық қоғам «Исламдық мемлекеттің» қылмыстық әрекеттеріне қатысу үшін дайындалып, Түркия арқылы Сирияға өтпекші болған. Сол мақсатпен «Ақтау-Ыстамбұл» бағытындағы ұшаққа отыру кезінде әуе жайда шекарашылар қызметшілерімен ұсталған. Орал қалалық сотының үкімімен Ж. ҚК-тің 256-бабы 1-бөлігімен, 24-бабы 1-бөлігі арқылы 257-бабы 2-бөлігімен, У. ҚК-тің 24-бабы 1-бөлігі арқылы 257-бабы 2-бөлігімен белгіленген қылмыстарды жасағаны үшін екеуі де 6 жылдан бас бостандықтарынан айырылды.

Көрсетілген санаттағы қылмыстық істердің қатарында жиі кездесетіні ҚК-нің 273 (*1997 жылғы редакциямен 242-бап*) бабында жазылған «Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау» қылмысы. Бұл қылмыс та ауыр қылмыстар тобына жатады. Сот практикасында анықталғандай, жалған хабарлау басым көпшілігінде кінәлі адамдармен мастықпен жасалатыны. Түрті болатын себептер де әртүрлі – әлдекімнен өш алу, мекемелердің, оқу орындарының уақытша жұмысын тоқтатып, жұмысқа шықпау, оқуға бармау және т.б. Кейбір кінәлілер, соның ішінде жас адамдар, өз әрекеттеріне мән бермегендіктен, балалық ойымпаздықпен жасалдық деп ақталуға тырысады.

Әрине, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау ел ішінде қорқыныш туғызады. Халықты дүрліктіреді, мекемелердің, кәсіпорындардың, күнделікті жұмыс кестесін бұзады. Осындай жалған хабарлама алысымен құқық қорғау органдарының кезекші қызметкерлері, арнайы органдар қылмыс болады деген жерге жасакталып жетеді. Осының нәтижесінде моральдық, материалдық шығындар жұмсалады. Әрине, террористік актісі туралы көрінеу жалған



хабарлау жасағандар бірден анықталып, қылмыстық жауапкершілікке тартылып сотталады, ал ктірген залалдың барлығы қылмыскерлерден өндіріледі.

Дәулен НҰРАЛИН,
Жоғарғы Сот судьясы

Қандай да болмасын қылмыстық әрекеттер мемлекетіміздің, қоғамымыздың өркендеп өсуіне кедергі келтіретін төжегіштер екені белгілі. Сол қылмыстардың ішіндегі өлімізге ең ауыр тиетіні терроризмге байланысты жантүршігерлік әрекеттер. Осы жағдайлардың соңғы кезде өтек ала бастағаны сот жүйесін де алаңдтатды. Соттарға көліп түсіп жатқан терроризм мен экстремизмге байланысты қылмыстық істердің қаралу барысы енді төменде сөз болмақ.

Жоғарғы Соттың жұмыс кестесі бойынша 2014-2015 жылдардағы және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында соттардың терроризм және экстремизмге байланысты қылмыстық істерді қарау тәжірибесі зерделенді. Осы шарадағы басты мақсаттар — сотқа тартылғандардың қылмыстық әрекетін заң шеңберінде саралау, дәлелдерді жете тексеру, кінәлі содырларға заңды жаза тағайындау және ауыр қылмыстардың жасалу себебін айқындап, болашақта олардың алдын алу шаралары жөнінде тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныс жасау еді.

Негізінде Қылмыстық кодекстің (ҚК) 255-бабында (*1997 жылғы редакцияда 233-бап*) терроризм қылмысы келесідей сипатталады: «Терроризм актісі, яғни жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза табуы, елеулі мүліктік залал келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де әрекеттер жасау, егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, мемлекеттік органдардың, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдануына ықпал ету, соғысқа арандату, халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалса, — деп толықтырылғаны көрінеді. Осының өзі терроризм ел ішіне іріткі салумен тынбай, қазіргі таңда трансұлттық қылмыстық топтар мен ұйымдар арқылы мемлекеттердің арасына от салу, діни ағымдарды бір-біріне қарсы қою бағыттарымен ірі-ірі қақтығыстар ашып, әрі кеткенде жер жүзінде соғыс ашу пиғылы бар екенін көрсетеді.

Қолданысқа енген жаңа ҚК-тің 255-бабының 4-бөлігінде «Терроризм актісі қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдануына ықпал ету, соғысқа арандату, халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру мақсатында жасалған, адам өміріне қол сұғу, сол сияқты дәл сол мақсаттарды, сондай-ақ мемлекет немесе қоғам қайраткерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату. Осындай қызметі үшін кек алу мақсатында жасалған оның өміріне қол сұғу, халықаралық қорғауды пайдаланатын адамдарға немесе ұйымдарға, ғимараттарға, құрылыстарға шабуыл жасаумен, адамды келіпге алумен, ғимараттарды, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алумен, әуе немесе су кемесін, жылжымалы теміржол составын, өзге де қоғамдық көлікті айдап әкетумен, сол сияқты басып алумен ұштасқан адам өміріне қол сұғу» болып табылады.

Бүгінгі күні терроризм мен экстремизм қылмыстармен күресудің құқықтық негіздері Ата заңда, 1997 жылдың 16 шілдесіндегі, 2014 жылдың 3 шілдесіндегі шыққан Қылмыстық кодекстердің баптарында, 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», 2005 жылғы 18 ақпандағы «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Зандарында,



Жоғарғы Соттың 2001 жылғы 21 маусымдағы «Соттардың банлитизм және қылмысқа қатыса отырып, басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулыда айқындалған.

Жоғарғы Сотта республикадағы соттардың 2014-2015 жылдарда және 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында қараған терроризм мен экстремизмге байланысты қылмыстық істерін зерделеу нәтижесі бойынша сот жүйесі осы санаттағы істерді заң шеңберінде дұрыс тексеріп, әділ шешімдер шығарған деп тапты.

Осы санаттағы қылмыстық істер ҚК-тің 10 тарауындағы жарияланған «Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар» қатарына жататынын айта кету керек. Терроризм және экстремизм жөніндегі қылмыстық істердің басым көпшілігі қатысқан қылмыскерлердің және олардың іс-әрекеттерінің көп сандылығымен, шытырмандығымен ерекшеленетіндігінен осындай істерді қарайтын судьялардың да білімділігінің, білкітілігінің жоғары болуын талап етеді.

Қоғамға, мемлекеттің абыройына, еліміздің азаматтарымызға келтіретін ауыр залалдарына байланысты кінәлі болып табылған лаңкестерге заң талабы бойынша соттардың тағайындайтын жазасы да ауыр болып келеді. Сот тәжірибесін зерделеу кезінде, терроризм актісін жасау фактілері болған жоқ. Бірақ лаңкестікті насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру (*233-1-бап*), террористік топ құру, оған басшылық ету және оның қызметіне қатысу (*233-2-бап*), экстремизм немесе террористік қызметті қаржыландыру (*233-3-бап*), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау (*242-бап*)

Серікбай ҚАЗЫ

*наиб мүфти,
«Әзірет Сұлтан»
мешітінің Бас имамы*



8 ЕЛБІРЛІГІ

www.jasqazaq.kz

Жас қазақ: Мұхамеджан мырза, әңгімімізді бірден кеше ғана аталып өткен Тұңғыш Президент күнінен бастасaq. **Мұхамеджан Тазабек:** Білесіз бе, көптеген филологтармен, тілшілермен сөйлесе келе, мынандай бір қызық мәліметке көз жеткіздім. Көп елдерде, яғни көп ұлттардың тілдік қолданысында «алғашқы», «бірінші» деген ұғым болғанымен, «тұңғыш» деген түсінік жоқ екен. Ал біздің ана тілімізде «тұңғыш» сөзінің мағынасы терең. Бұл да қазақ халқы танымының каншалықты қатпарлы екенінің көрінісі. Қазақ «Баланың тұңғышы — ыстық, кенжесі — тәтті» деп отырады. Бұл, әрине, ортаншысы қадірсіз деген сөз емес. Тұңғышты берекенің бастауы деп тану. Сондықтан, тұңғыштың қадірін білген қазақ үшін Тұңғыш Президентінің қадірін білу — заңдылық. Зандылық деп отырғанымыңнң себебі — тойлағалы отырған Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығының өн бойында Елбасымыздың еңбегі өріліп тұр. Бұл — көзіміз көріп, көңіліміз қуанып отырған ақиқат. Тұңғыш Президент күні мен үшін қатардағы мереке емес, Тәуелсіздігіміздің бір нышаны іспеттес. Біз бірінші желтоқсанда Президентті ғана ұлықтап отырған жоқпыз. Сол Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлын тарих сахнасына алып шыққан қазақ халқының ерлігін де салтанатты түрде сөз еттік. Яғни біз — өз президенті, өз арасынан шыққан лидері болуға лайық қауым екенбіз. Кез келген мемлекеттің тарихына көз жүгіртсеніз, тұңғыш басшысының орны ерекше болады. Неге? Өйткені, әуелгі басшы тәуелсіз, жаңа мемлекеттің жүйесін жолға қояды, мемлекеттіліктің бірінші қадамдарын жасайды. Тұңғыш Президент — мемлекеттің тарихи биігінде тұратын құбылыс.

Жас қазақ: Алда — Тәуелсіздік мерекесі. Биыл азаттығымыздың 25 жылдығы. Осы мемлекетіміз үшін маңызды мерекені сіз қалай түсінесіз?

Мұхамеджан Тазабек: Азаттықтың шын қадірін тәуелсіздігінен айырылып қалғандар қатты түсінетін шығар. Құдай оны біздің басымызға салмасын. Тыныштықтың, тұтастықтың, егемендіктің қадірі дегеніміз — қолда барда қадірі жоқ қымбат қазыналар. Бұл құндылықтардың қадірін білу үшін біз әуелі бір-біріміздің қадірімізді білуіміз керек. Мемлекет, азаттық, басшы деген асқақ ұғымдар. Бірақ пафос емес. Тәуелсіздік — көптеген ұлы құндылықтардың басын біріктіретін



жиынтық образ. Мәселен, қазір ұлдың намысы, қыздың арын сөз қылу, жеке мәселе сияқты көрмежіз. Жоқ, ол жеке мәселе емес, бұл — қауымның берекесін кіргізетін немесе қадірін қашыратын құндылықтар. Қыздың арын қорғай алған қоғам — барын қорғай алады. Ұлдың ұятын сақтаған қоғам — қауымның ғұрпын сақтай алады. Көзге көп байқалмайтын, біз аса сезінбейтін, бірақ осы ұлы құндылықтарды ұлық қылып ұстап тұратын бір ұйытқылар бар. Ол — отбасылардың тату өмір сүруі! Әрбір отбасының берекесі мен ынтымағы сақталатын болса, сол жерден тұғыр алып шыққан перзент тәуелсіздіктен де, елдіктің де қадірін біледі. «Өзі жарымағанның сарқытын ішпе» дейді қазақ. Егемендіктің қадірін ұғу — қолына жалауша ұстап алып, күліп-ойнап парадта жүру емес. Тәуелсіздіктің қадірін білу — тәуелсіз мемлекеттегі әрбір адамның қадірін білу, туысыңның қадірін, уақыттың, еңбектің, өмірдің қадірін білу. Бір-бірімізге шуағымызды шашып, біреудің басына қайғы түссе бөлісуге, көмектесуге атсалысып жүруіміз керек. Жұртқа пайдалы, шарапатты адамдары көбейген елдің тәуелсіздігі баянды, мемлекеті мығым болады. Жаһандану заманы келді. Егер шекаранан жау кірсе, сенің үйіне жетем дегенше уақыт бар. Ал ақпараттық шекараң бузылса, миына, жүрегіңе бірден шабуыл жасайды. Ал мың мен жүреті жауланған адам мемлекетін де, шекарасын да, ұл-қызың да қорғауға қабілетсіз. Абай

«Қазақ «Баланың тұңғышы — ыстық, кенжесі — тәтті» деп отырады. Бұл, әрине, ортаншысы қадірсіз деген сөз емес. Тұңғышты берекенің бастауы деп тану. Сондықтан, тұңғыштың қадірін білген қазақ үшін Тұңғыш Президентінің қадірін білу — заңдылық. Заңдылық деп отырғанымыңнң себебі — тойлағалы отырған Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығының өн бойында Елбасымыздың еңбегі өріліп тұр. Бұл — көзіміз көріп, көңіліміз қуанып отырған ақиқат». Ақын әрі қоғам қайраткері Мұхамеджан Тазобөковпен болған сұхбатымызда Тұңғыш Президент күніне орай осындай лөбізін білдірді.



Мұхамеджан ТАЗАБЕК:

ТӘУЕЛСІЗДІК БЕРЕКЕ – БІРЛІКТЕН БАСТАЛАДЫ

айтпақшы, «Қолдағы малды алудың төте жолы — бастағы миға иелік қылу». Сондықтан тәуелсіздікті қорғау деген — Елбасымыз түнде ұйықтамай, күндіз қалғымай жүріп зор тәшпішпен бекітіп алған шекарамызбен қатар, миымыз бен жүрегімізді қатерлі ақпараттан, уақытымызды алатын қажетсіз тірліктен, отбасымыздың ынтымағын бұзатын ұрыс-керістен қорғау деп түсінуіміз керек.

тұрған жоқ. Дегенмен, үй сыртында кісі бар. Жамандық айтып келмейді. Бұрын тек теледидардан көріп шошитын дүниелер бүгін өз елімізде орын алып жатыр. Ақпарат жылдам тарайтын, оқиғалар тез ауысып жатқан, уақыттың берекесі қашқан кезеңде өмір сүрулеміз. Кез келген қатердің алдын алғанға не жетсін?! Дін істері министрлігі осы мәселелерге мемлекеттік тұрғыда атсалысады деп есептейміз.

Жас қазақ: «Асыл арна» контенті кейінгі жылдары отбасылық бағытқа көбірек ойысқанмен, ислами арна ретінде қоғам қабылдап қойды. «Жаңа министрлікпен, жаңа министрмен арақатынастарыңыз қалай боп жатыр?

Мұхамеджан Тазабек: Жаңа министрлік дін істері комитеті болып тұрған кезде де тығыз жұмыс жасап келе жатқанбыз. Өткен жылы дін істері комитеті және ҚМДБ-мен бірлесіп меморандумға қол қойып, көптеген жұмыстар атқарылған болатын. Осы бағытты министрлік болғанда да жалғастырудамыз. Жакында ғана министр Нұрлан Ермеқбаевтың қабылдауында болып, бірнеше сағат «Асыл арнаның» жұмыстары және жоспарлары жайында ақылдастық. Ол кісінің орынбасарларымен де, комитет төрағасы Ғалым Шойкинмен де кездесіп, еліміздің діни ахуалы және «Асыл арнаның» дінді ақпараттық кеңістікке лайықты түрде насихаттауы жөнінде көп кеңестік. Өздеріңіз білесіздер, «Асыл арна» діни бағдарламаларды толықтай Ержан қажы Малғажыұлы ағамыз басқаратын ҚМДБ-ның концепциясына сәйкес жүргізеді.

басталған екен. Сондықтан, жас өскіннің бойында ертелі-кеш туындайтын сауалдарға жауап бере алуы үшін ата-аналардың шариғаттың негізгі шарттарын біле жүргені артық емес. Ал сауалдар тереңдей берер болса, ҚМДБ-ның уағыз-насихат, пәтуа бөлімдері бар. Бізге шетелде отырып, Қазақстан туралы кесімді сөз айтатын интернет-шейхтар емес, қазақтың ішкі дүниесін, Қазақстанның қазіргі рухани жағдайын жақыннан білетін діни басқармадағы білікті имамдарымыз, дінтанушы тұлғаларымыз қымбат. Жастар да осыны ұғына бастаған тәрізді.

Жас қазақ: Алдағы сенбі, жексенбі күндері Алматыда жылдың қорытынды сайысы іспетті «Алтын домбыра» айтысы өтеді. Егер де әлі де айтыс сахнасында жүргеніңізде, қоғамдағы нендей мәселелерді осындай ірі айтыста ел алдында көтерер едіңіз?

Мұхамеджан Тазабек: Жалпы айтыста көтеретін мәселе көп қой. Тек жас ақындарымыз газеттен оқып алған ақпаратымызды өлең қып құрап қайта өзімізге ұсынбаса екен. Алла нәсіп етсе, ол айтысқа баруға негіттіміз. Қаймағы бұзылмаған қазақ сөзінің салтанат құрғанын көргіміз келеді. Ду күлдіріп, шатыр-пұтыр шапалақтың астында ғана қалып кететін емес, ел есінде ұзақ қалатын тіркестер, оймақтай ойлар, қанатты сөздер күтемін. «Ақынның құлағы өзінен қырық жыл бұрын туады» деген сөз бар. Яғни ақын көптің көңіліне қарап сөйлейтін адам емес, көпті өзінің деңгейіне көтеруге тырысатын адам болуы керек. Айтыс қазір өте жақсы дамып жатыр. Мемлекет жеткілікті көңіл бөлуде. Әсіресе, Жүрсін

Ерман ағамыздың еңбегі үлкен. Ол кісі айтысты мойнына жауапкершілік етіп алып, тынымсыз еңбек етіп, жас ақындарды тәрбиелеп, еліміздің түкпір-түкпірінде айтыс мектептерінің ашылуына, әр облыста айтыс өтуіне ықпал жасауда.

Жас қазақ: Айтыскер ақындар уақыт өте келе, жазба поэзияға ойысып жатады. Сізде ондай ой жоқ па?

Мұхамеджан Тазабек: Ақындық — Алладан берілетін қасиет болғандықтан, ол ешқайда жоқ болып кетпейді. Ол құлды бір құлықтың суы секілді кейде сарқылады. Үнемі ізденіп, оқып, жазып отырмасаң, ол қасиет те өлсірейді. Айтыс сахнасына шықпасақ та, өлең жазуға әрдайым құлқытымыз. Қағаз, қалаым әрдайым жанымда. Алла нәсіп қылса, болашақта өлең, толғауларымызбен халық қауыша жатар.

Жас қазақ: Кейінгі уақыттары сіз жастармен кездесулеріңізге отбасы тақырыбын жиі көтеріп жүрсіз. Өзіңіз айтып жүрген қазақтың дәстүрлі отбасылық құндылықтарын өз жанұяңызда, балаларыңыздың тәрбиесінде қаншалықты қолданып, іске асырып жүрсіз?

Мұхамеджан Тазабек: Экономикалық, ғылыми жаңалықтарымен бізден әлдеқайда алда келе жатқан елдер отбасы құндылығы болмаса, басқасының құны көк тиын екенін қазір айтып жатыр. Ал қазақ басқа жағынан кенде қалып жатса да, отбасына келгенде әлемде ешкімнің алдында ұялмайтын қауым едік. Біздің ғұрпымызда ата-әженің, әке-ананың, ұл-қыздың орны басқа халықтар таңқалатындай дәрежеде еді. Өкінішке қарай, сол нәрселерден айырылып жатырмыз. Жоғарыда айтқанымдай, еліміздегі отбасыларымыздың ынтымағына сызат түсе бастаса, тәуелсіздігіміз үшін де аландай беруіміз керек. Өйткені, «Отан — отбасынан басталады». Қазақстан бойынша үйленгендердің үштен бірі бір жыл ішінде ажырасады екен. Тіпті Алматы қаласы бойынша, құрылған екі отбасының біреуі ұзаққа жетпей шайқалған. Қауіпті цифрлар. Бір жастықта басы, бір дастарканда нәсібі қосылған жандардың бір-бірінің қадірін білмеуі — ұлттық катастрофа. Ал жаны жарасып қосылған жұптар бір-бірінің қадірін білмесе, биліктің, көш бастаушылардың сөзін қадірлейді деп айта алмаймын.

Ал өз шамамның келгенінше, ұл-қыздарымды қазақша сөйлетіп, бос уақытын мағыналы нәрселерге арнауға, мейірімді әке болуға тырысамын. Мұны сол жастармен кездесулерде үнемі айтып та жүрмін.

Жас қазақ: Биылғы жыл сіз үшін несімен есте қалды? Келер жылдан не күтесіз?

Мұхамеджан Тазабек: Әр жылдың берері, әр уақыттың өрнегі бар. Биыл қызмет етіп жүрген рухани салам үшін жауапкершілікке толы жыл болды. Ақтөбеде, Алматыда болған қайғылы жағдайлар — жастар тәрбиесіне бұрынғыдан да зор жауапкершілікпен қарауымыз керектігінің ұғындырды. Әлемдік үрдістерге қарап отырып, рухани азғындағанымызды көрдік. Тарихтан білетініміздей, бұрын қанды, әскери соғыстар болатын. Қазір соғыс тәсілі өзгергендей. Қазір рухани соғыс жүріп жатқан сияқты. Азғындықтың адам айтқысыз деңгейде көбеюі мені осындай ойларға жетелейді...

Ал келесі жылдан, әлбетте, жақсылық күтеміз. Атақ, билік, ақша үшін шоқпар сілтесіп жатқан идеологиялық майданды өзіңіз де көріп отырсыз. Өміріге анымаздың құрсағынан жалаңаш келдік, қабірге де жалаңаш кетеміз ғой. Атағын, ақшасын арғы дүниеге арқапал кеткен ешкім жоқ екенін білсек те, бір-бірімізді біліп-білмей ренжітіп жатамыз. Осы екі жалаңаштың арасында көп жақсылық жасап қалуға тырыссақ екен...

Сұхбаттасқан
Зарина АХМЕТҚЫЗЫ

Осы жылдың мамыр айында Астанада өткен «Діндер терроризмге қарсы» атты халықаралық конференция материалдары негізінде жинақ әзірленді. Форум әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезінің аясында өтті. Қырықтан астам елден келген парламентшілер, діни қайраткерлер, халықаралық ұйымдардың басшылары мен сарапшылар бір үстелдің басына жиналды.

ДІН ӘРҚАШАН ЛАҢКЕСТІККЕ ҚАРСЫ



Қазақстан Парламентінің Сенаты әзірлеген басылымда Елбасының конференцияға қатысушыларға үндеуі, мәртебелі меймандар мен шараға қатысушылардың сөзі, сондай-ақ қорытынды мәлімдеменің мәтіні бар.

Басылымның кіріспе сөзінде Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың терроризмге қарсы әлемді елен еткізген бірқатар ұсыныстары жария етілген маңызды сөзінен кейін осы форумды шақыру идеясы туындағанына назар аударды. Өрістетен пікірсайыстың ерекшелігі туралы айта келіп К.Тоқаев «Діни қайраткерлердің террормен күрестегі негізгі рөлін айқындаумен қатар конференцияда антитеррористік қызметтің парламенттік өлшемін нығайту да көзделді. Халықаралық қауымдастық терроризмге қарсы іс-қимылды құқықтық тұрғыдан жетілдіріп, осы қатерге қарсы күресте парламенттік дипломатия әлеуетін іске қосуы қажет», — деп атап өтті.

Мүдделі пікір алмасу барысында экстремизм мен терроризмнің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған іс жүзіндегі қадамдардың ауқымды салалары талқыланды. Конференцияға қатысушылардың пікірлерін қорытындылай келіп К.Тоқаев жастардың әлеуметтік және экономикалық жағдайы, білім, мәдениет, бала тәрбиесі, діни сауаттылық, құқық үстемдігі, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде әлеп қағидаларын сақтау мәселелері қамтылған кешенді шаралар қажет екенін атап өтті.

Конференция материалдары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрді. БАӘ парламенті төрағасының, Ресей, Әзірбайжан заң шығару органдары төрағалары орынбасарлары, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Ауғанстан және басқа мемлекеттер парламенттері депутаттарының, Еуропа кеңесі Парламенттік Ассамблеясы, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі, Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді құрылымдардың басшылары мен жетекші мамандарының мазмұнды баяндамасы оқырмандарың ықыласын туғызды. Ислам, христиан, буддизм және басқа да діндер қайраткерлерінің сөздерінен терроризм зұлматына діни тұрғыда қарсы тұрудағы маңызды идеяларды табуға болады.

Кітап халықаралық ұйымдарға, біздің еліміздегі және шетелдердегі діни және қоғам қайраткерлеріне, саясаткерлер мен сарапшыларға таратылатын болады.

(*өз пілұиміз*)

Бас прокурор Жақып Асанов бастап көткен жұмыс Ақтөбе облысының 7 ауданында жалғасып келеді. Жергілікті мамандардан құралған арнайы жұмыс тобы алғашқы он күнде 600-ге тарта түрлі шара ұйымдастырып, 33 мыңнан астам ауыл тұрғынын жұмылдырды. 2 мыңға тарта адамға көмек көрсетілді.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс прокурорлары хабарлағандай, аталған айлық шара аясында «Еңбек келісімшарты — жұмысшының кепілі» жобасы жүзеге асырылды. 100-ден астам келісімшартқа қол қойылған. «Жақынына көмектес» қайырымдылық акциясы аясында 53 жаңға материалды көмек көрсетілді. Әйтеке би ауданында аз қамтылған отбасыға қысқа отын мен малына шөп түсірілді. Мәртөк ауданында арнайы әлеуметтік дүкен ашылып, 16 аз қамтылған отбасыға балалар киімдері, аяқ киім және ойыншықтар берілді. Мұндай шаралар Мәртөкте мейлінше жиі өткізіліп келеді. Жергілікті тұрғындарға атаулы көмектер көрсетіле бастады.

Жұмыс тобының алғашқы он күнінде Мәртөк, Ойыл және Әйтеке би аудандарында 4 жұмыссыз адам жұмысқа орналастырылып, 35-іне жолдама берілді, 577 жұмысшыға еңбек құқықтары түсіндірілді.

Өз кезегінде, 2687 адам ең үздік дәрігерлердің алдында медициналық тексеруден өтті. Олардың 217-сі арнайы мамандандырылған медициналық мекемелерге толыққанды ем алу үшін жіберілді. Арнайы топ мүшелері үйлерді аралап, 129 мүмкіндігі шектеулі жанға жолығып, жетеуіне көмек қолын созды. Мәселен, екінші топ мүгедегіне есту аппаратын алып берді.

Ал жылжымалы стоматологиялық кешенге 200-ге тарта адам келіп, оның 65-і ем алды. Мың жарым оқушы дәрігерлік тексеруден өтті. 151 бала сауықтыру шараларынан өтетін болды.

Жұмыс тобының сарапшылары ауылдық жерлердегі бизнес ортаның дамуына да жағдай жасап келеді. Ойыл, Әйтеке би және Байғанин аудандарының 2 мыңнан астам тұрғыны бизнес жүргізудің қыр-сырын үйреніп, оларды мемлекеттік қолдау бағдарламасымен танысты. Шағын және орта бизнес өкілдеріне де назар аударылды.

Мәселен, «Маяк» кемпингіне жеткіліксіз инфрақұрылымы үшін (*2034 метр газ құбыры*) «Бизнестің қол картасы — 2020» бағдарламасы аясында көмек көрсетіле бастады. 60 жас ірі кара алған «Молдахмет» шаруа қожалығына 540 мың теңге көлемінде төленбей келген субсидия өтеледі. «Ерболат» шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы аясында 3,7 млн теңге көлемінде қаржы құралын алатын болды.

Теологтар мен имамдардың кен ауқымды түсіндіру жұмыстары барысында тұрғындармен жеке кездесулер ұйымдастырылды. Сондай-ақ теріс ағымдарға кіріп кеткен тұрғындармен де кездесулер өтті. Оларға экстремизм мен ланкестік әрекет үшін болатын жауапкершіліктер қарастырылғаны айтылды.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе облысы



— 382 адам. Сонымен магистратура-дағы шетелдіктер үлесі 1,3%, докторанту-радағы жағдай осыған ұқсас.

Ал шетелдің беделді оқу орындарында жағдай басқаша. Мысалы, Гарвард университетіндегі шетелдік студенттер үлесі 19%, Стэнфорд университетінде — 21%, Колумбия университетінде 23%. Гарвардта шетелдерінің оқытушылар үлесі, медициналық ғылымдар оқытушыларын коса алғанда, шамамен 30%-ды құрайды. Оксфорд пен Кембриджтегі оқытушылар үлесі 36% және сәйкесінше 33%-ды құрайды.

Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін әлемдік тәжірибеде үш стратегиялық тәсіл қолданылады: қолданыстағы университеттерді жаңғырту (*жеңімпаздарды іріктеу*), қолданыстағы университеттердің бірігуі (*гибрид формуласы*), жаңа университеттерді құру (*«таза тақта» формуласы*). Әр ел елдегі бар білім беру әлеуетіне (*білікті профессорлық-оқытушылық құрамның, дарынды жастардың, қаржыландыру көзі мен көлемінің, материалдық-техникалық базаның және т.б. болуы*) негізделе отырып, өзінің жоғары білім бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу моделін анықтайды. Ал Қазақстанда екі модель қолданылады: қолданыстағы университеттердің бірігуі және жаңа университеттердің құрылуы. Мұнын дәлелі ретінде 2010 жылы ұлттық білім беру жүйесінің артықшылықтары мен әлемнің үздік ғылыми-білім беру тәжірибесін біріктірген, Қазақстанның жоғары білімінің алғашқы ұлттық брендіне айналған Назарбаев Университеті ашылды. Бұл іс-шара әлі де жалғасын табуда. 2015 жылы мемлекет басшысы Қазақстан-Британ техникалық университетін Сәтпаев атындағы Қазак ұлттық техникалық университетімен біріктіре отырып, ірі ғылыми-зерттеу орталығын құру міндетін алға қойған болатын. Біріктірілген жоғары оқу орнының мақсаты — ел экономикасын біліктілігі жоғары, әсіресе инженерлік-техникалық бейіндегі кадрлармен қамтамасыз ету.

Елдегі білім беру саласында атқарылып жатқан шараларға тәуелсіз баға беретін институттардың бірі — халықаралық рейтингтер. Халықаралық рейтингтер мемлекеттік саясаттың белгілі бір шараларының әсерін анықтау құралы болып табылады. Сондықтан IMD халықаралық рейтингінде білім беру саласына берілген бағаға талдау жасалған болатын. Бұл рейтингтегі «Білім беру» факторы бойынша өткен жылмен салыстырғанда Қазақстан 3 орынға төмендеген. 2015 жылдың нәтижесі бойынша Қазақстан 41-орын иеленген болса, 2016 жылы 44-орынға дейін төмендеген.

Ал Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі рейтингінде 2016 жылы Қазақстан «Жоғары білім және кәсіби дайындығы» факторы бойынша 3 позицияға алға жылжып, 57-орынға ие болды (*1-кесте*).

1-КЕСТЕ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫНДАРЫ

Рейтингтегі күшті позициялар		Рейтингтегі әлсіз позициялар	
Орта біліммен қамту (жалпы), % (ДЭФ ЖБИ)	21-орын	Бастауыш білім сапасы (ДЭФ ЖБИ)	70-орын
Мектептерде интернетке қол жеткізу (ДЭФ ЖБИ)	29-орын	Білім беру жүйесінің сапасы (ДЭФ ЖБИ)	73-орын
І мұғалімге шаққандағы оқушылар саны (орта білім) (IMD)	6-орын	Математикалық және ғылыми білім сапасы (ДЭФ ЖБИ)	69-орын
Жоғары білім жетістіктері (IMD)	7-орын	-	-
Студенттердің шетелдерге шығуы(IMD)	14-орын	-	-

Кестеден байқағанымыздай, Қазақстан халықаралық рейтингтерде білім беру жүйесінің инфрақұрылымы жағынан ғана емес, орта біліммен қамту және жоғары білімнің жетістіктері жағынан да алдыңғы қатардан орын алуға мүмкіндігі бар. Бұл орайда, соңғы жылдары бірқатар көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалатынын айта кеткен жөн. Нақтырақ айтсақ, орта біліммен қамту (*жалпы*) — 21 орынға, мектептерде интернетке қол жеткізу — 12 орынға, персонал біліктілігін арттыру 7 орынға алға жылжыған.

Демек, білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оң нәтижелер мен халықаралық стандарттарға сай дамып келе жатқанын байқауға болады. Қазіргі таңда кездесетін бірқатар жүйелі өзекті мәселелер мектепке дейінгі, орта және кәсіби білім беруге терең талдау жасап, ары қарай тиімді дамыту жолдарын қарастыруды талап етеді.

Бақытгүл ҚАМБАР,

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Реттеушілік ортаны талдау орталығы директоры

Алтынгүл ӨТЕБАЕВА,

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Реттеушілік ортаны талдау орталығы директорының орынбасары

26293 бала, яғни 27,4% инклюзивтік біліммен қамтылған. Бұл 2014 жылғы көрсеткіштен 0,8%-ға жоғары.

2015 жылы мектептердің 44,8%-да инклюзивтік білім алуға жағдай жасалған. Мұндай мектептер көтеру құрылғыларымен, пандустармен, санитариялық бөлмелерде арнайы құралдармен, арнайы парталармен, үстелдермен және тұтқалармен жабдықталған.

Әлемдік тәжірибеде үшінші білімге ерекше назар аударылатыны байқалады. Оған техникалық және кәсіби білім жатады. Техникалық және кәсіби білім саласында дуалды оқытуға басты назар аударылады. Дуалды оқуды



ілгерілету Еуропалық Одақта техникалық және кәсіби білім берудің 2020 жылға дейінгі басты мақсаттарының бірі ретінде анықталған.

Қазақстанда 2015 жылы дуалды оқыту принциптері заң жүзінде бекітілген. 348 колледж елдегі кәсіпорындарымен серіктестік келісім негізінде бірлесіп, білім беру қызметін жүзеге асыруда. Колледждер мен жұмыс берушілердің ынтымақтастығы туралы 27000 шарт жасалған. Кадрларды мақсатты даярлау шеңберінде 5 мың адам білім алуда.

Елімізде алғашқы жұмысшы мамандығын тегін алу мүмкіндігі заң жүзінде бекітілген (*«Білім туралы» Заңның 8-бабы*). Ал оны іс жүзінде жүзеге асыру оны реттейтін шараларды жылдам әзірлеуді талап етеді.

Техникалық және кәсіби білім беретін мекемелерде білім берудегі өзекті мәселелердің

бірі — түлектерінің практикалық дағдыларының болмауы. Мұнын басты себебі — кәсіпорындардың колледждер мен кәсіби-техникалық мектептердің студенттеріне тәжірибеден өтетін орын бөлуден бас тартуы.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіне келетін болсақ, жоғары оқу орындарында оқу мамандарды даярлаудың құзыретті (*мамандықты білу*) моделіне бағдарланған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізгі ережелерінде жоғары оқу орындарында игеретін мамандық

білімнің негізгі топтары анықталған.

Қазақстанда жоғары мектепке құрамына 125 жоғары оқу орны кіреді. Индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобаларын сәтті іске асыруда біліктілігі жоғары кадрларды даярлайтын негізгі оқу орындары ретінде 11 жоғары оқу орны анықталған.

Соңғы жылдары Қазақстандағы жоғары оқу орындарында алға жылжушылық байқалады. Бірқатар қазақстандық жоғары оқу орындары әлемдік білім беру рейтингілеріне кірді. Нақтырақ айтсақ, QS WUR рейтингсінде 2015 жылы 9 қазақстандық жоғары оқу орны анықталған, оның ішінде Қазақстанның 1 жоғары оқу орны (*Әл Фараби атындағы ҚазҰУ*) топ-300 құрамына кірді (*2014 жылы — топ-400*).

Әлемдік тәжірибеде шетелдік студенттердің үлесі жоғары оқу орны беделділігінің көрсеткіші болып табылады. Ал Қазақстандағы жоғары оқу орындарының магистратура бөлімдерінде білім алып жатқан студенттердің негізгі бөлігі ел азаматтары, яғни шетелдік студенттер үлесі өте аз. Мысалы, 2014 жылы магистратурада оқып жатқан 29882 адамның 29330 қазақстандық студенттер, қалғаны басқа мемлекеттерден. ТМД елдерінен (*Әзірбайжан, Украина, Армения, Беларусь, Кыргызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан*) келіп, білім алып жатқан магистранттар саны 170, алыс шетелдерден келген (негізінен, Қытайдан, Түркиядан) магистранттан саны

100%-ға жеткізу, 2015 жылғы мәлімет бойынша ол 99,65% құраған. Бұл дамыған елдермен иық тіресетін көрсеткіш деуге болады. Өйткені Дүниежүзілік банктің деректері бойынша бастауыш біліммен қамту айтарлықтай жоғары болып келетін елдердегі көрсеткіштер де осы маңайда, мысалы, Жапонияда 99,9%, Иранда 99,8%, Ұлыбританияда 99,8%, Грекияда 99,8%, Испанияда 99,7%.

2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап 12 жылдық оқытуға ауысу мақсатында елдің барлық мектептерінде бірінші сыныптар үшін 24 бастауыш мектептің оқу бағдарламасы, 84 негізгі және жоғары мектептің оқу бағдарламасы әзірленген. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін 22 әдістемелік құрал және 31 ұсыным дайындалған.

Дарынды балалар «Назарбаев зияткерлік мектептерінде» оқу мүмкіндігіне ие. «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» тәжірибесі елдің 30 пилотты мектептеріне таратылған. 2012-2015 жылдары 52,5 мың педагог «Назарбаев зияткерлік мектептерінде» педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген біліктілікті арттырудың үш деңгейлі бағдарламасын игерді.

Алайда ауылдық жерлердегі мектептер мен қалалық мектептерді салыстыратын болсақ, тенсіздік байқалады, яғни ауылдық мектептер саны қаламен салыстырғанда 3,3 есе артық. Алайда қалалық мектептердегі оқушылар саны ауылдық мектептермен салыстырғанда көбірек. Нақтырақ айтатын болса, қаладағы оқушылар саны 1 412 503 адамды құраса, ауылдық жерлердегі оқушылар саны — 1 311 624 адам.

Орта мектептердегі білім беру саласындағы келесі бір өзекті мәселе — апатты жағдайдағы мектептер санының

Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы және экономикалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолдарына ізденіс жағдайында білімнің рөлі арта түсуде. Білім беру саласына салынған инвестициялар елдегі экономикалық ахуалдың жақсаруына тікелей ықпал етеді.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беруді жаңғыртудың негізгі мақсаты – дайындалатын кадрлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және білім секторының экспорттық әлеуетін арттыру.

Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап білім беру саласында жаңа білім беру жүйесін қалыптастыруға бағытталған түбегейлі өзгерістер байқалады.


Қазіргі таңда білім беруді дамытудың негізгі бағыттары Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында жалғасын табуда.

Бұл бағдарламадағы бірқатар шаралар мектепке дейінгі білімді жетілдіруге бағытталған. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы ахуалды жақсартуға бағытталған шаралар жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқанын айта кеткен жөн. Айталық, 2010-2014 жылдардағы «Балапан» бағдарламасының аясында балаларды мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамтамасыз ету жөнінде айтарлықтай шаралар атқарылып, балаларды балабақшалармен қамту көлемін арттыруға жағдай жасалған болатын. Бағдарламаны іске асыру кезінде тұрақты мектепке дейінгі оқу орындарының саны 38,2%-ға (*2010 жылғы 4781-ден 2014 жылды 8392-ге дейін*) артты. 2015 жылғы да мектепке дейінгі оқу орындарының саны 8834-ке артып, мектепке дейінгі жастағы балалардың 60,37% мектепке дейінгі тәрбие беретін және оқытатын мекемелермен қамтылды.

Жалпы, 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту деңгейі айтарлықтай жақсарған. 2015 жылы аталған көрсеткіш 81,6%-ды құрады. Алайда 3 жасқа дейінгі балаларды қамту

САПАЛЫ БІЛІМ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Елімізде білім беруді дамытудың өзекті мәселелері



деңгейі 16,6% құрайды, ӘЫДҰ елдерінің көрсеткішінен екі есе аз (33%). Олай болса, бұл көрсеткіш әлі де жақсарту барысында шаралар атқаруды қажет етеді.

Мектепке дейінгі біліммен қамтуды арттырудың қосалқы шаралары ретінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік пайдаланылады.

Алайда демографиялық фактор мектепке дейінгі мекемелердегі орындар тапшылығына қарқынды ықпал етіп келеді. Қазіргі жағдайдың өзінде дүниеге келген сәбилер саны мектепке дейінгі оқу орындарында ашылатын орындар санынан асады.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша педагогтардың 34,9% (28,2 мың адам) ғана «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығын алған. Олардың ішінде жоғарғы санатты педагогтар үлесі 44,7%-ды құрайды, оның 25,1% 2-санатты педагогтар болып табылады.

Жалпы орта білім жүйесінде де бірқатар реформалар іске асырылып келеді. Атап айтсақ, елдің барлық мектептерінде қамқоршылық кеңестерді құру арқылы корпоративтік басқару принципіне ауысу; жан басына шаққандағы қаржыландыру принципіне ауысу; 11-12 сыныптарды «жоғары мектепке» бөле отырып, 12-жылдық мектеп біліміне ауысу («Бейіндік мектеп») сияқты реформалар атқарылуда.

Бастауыш білім саласындағы үкіметтік саясаттың мақсаты — 2020 жылға қарай бастауыш біліммен қамтуды

көптігі. 2014 жылдың нәтижелері бойынша елде 177 мектеп апаттық жағдайда деп танылған. Ол жалпы мектеп санының 2,4% құрайды.

Сондай-ақ мектептерде үш ауысымды оқытуды жою қарқыны баяу. Қазіргі таңда 112 мектеп үш ауысыммен білім береді. Осыған байланысты білім беру мекемелерінің тапшылығы 129601 адамды құрайды.

Қазақстанда балалардың қабілетін мен дарынын дамыта түсу мақсатында мектептен тыс қосымша білімге де ерекше мән беріледі. Ел бойынша қосымша мектептен тыс біліммен 2015 жылы 673219 бала қамтылған. Мектептен тыс оқу орындарының саны — 860, олар негізінен, оқушылар сарайлары, музыкалық мектептер.

Білім және ғылым министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, қосымша білім саласының одан әрі сапалы жұмыс істеуін тежейтін бірқатар факторлар бар. Біріншіден, техникалық, туристік бейін ұйымдарының материалдық-техникалық базасы деңгейінің төмендігі, инновациялық қызметтің, ақпараттық технологиялардың дамуына бағытталған жаңа бағдарламалардың жетіспеуі. Екіншіден, кадрлардың жеткіліксіздігі. Бейіні бойынша жоғары, техникалық және кәсіби білімі бар кадрлар жалпы кадрлар санының 25%-ын ғана құрайды.

Қазақстан Республикасында білім беру процесі мүмкіндігі шектеулі балаларға да білім алуға тең құқық беру қағидасына негізделген. 2015 жылғы мәлімет бойынша мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі балалар саны 95847 құрады. Оның ішінде,



Қайырымдылық – адамның асыл қасиетінің бірі. Ол адамның бір-біріне деген ықыласы, адамгершілік қарым-қатынасын білдіреді. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты бала кезінен бойына сіңіріп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Жақындарына, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау – қайырымдылықтың көрінісі. Қазір өлімізде түрлі қайырымдылық қоры ұйымдастырылған. Түрлі іс-шаралары өткізіліп тұрады. Соның бір айғағы «Бөбек» ҰҒТББСО «Өзін-өзі тану» балабақшасында өткізілген қайырымдылық іс-шарасы.

«Ризашылық күні» — балабақшада жыл сайын зор қуанышпен, ерекше ынтамен атап өтілетін іс-шараның бірі. Бұл балаларымыздың жүрегіне мейірімділік ұялататын ерекше күн. Қайырымдылық күні «Жақсылық жаса! Жақсылығың өзіне қайтады» атты әдіскерлердің әзірлеген бейнеролик көрсетуімен басталды. «Құлыншақ» және «Колокольчики» мектепалды сыныптары бұл көрсетілімді ерекше ынтамен көрді. Жасаған жақсылығын ерте ме, кеш пе алдыннан шығатынын түсінді. Түрлі сурақ қойып, белсенді қатысты.

Барлық топтың ата-аналары бір кісідей «Аналар мен балалар үйіне» қамқорлық көрсетті. Олар кішкентай сәбилерге өте

қажетті заттарды жинап, табыс етті. Аналардың шексіз ризашылығын олардың жасаураған жанары жасыра алмады.

Балаларға «Құстарға қамқорлық жасаймыз» атты акция ерекше әсер етті. Бұл жерде «Жұлдыздар», «Ромашки», «Күн шуақ», «Семицветик», «Ботакандар», «Пчелки», «Құлыншақ», «Колокольчики» топтары өзінің ата-аналарымен жасап әкелген жемсауытын ағаш басына ілді. Оған ата-аналары да келіп қол ұшын берді. Балалар өзінің жасаған жемсауытынан кішкентай тіршілік иелері күн суықта тамактанатынына қатты қуанды. Сол күні «Өзін-өзі тану» балабақшаларының сүйкімді, мейірімді балаларына риза болғандай құстардың да дауысы ерекше қуанышты естілендей болды.

Құралай ТӘТТІМБЕТОВА,

тәрбиеші

10 ӘДЕБИЕТ

www.jasqazaq.kz

«Кездейсоқ жерде көктеммен бүгін кездестім, екеуміз ғана — көрген жок оны өзге ешкім. Қаншама көктем шуағын бұрын көрсем де, қызуын бұлай сезбеппін бұрын. Сөзбеспін»... Немесе: «Құлындай ғана шағында сенің, тұлымдай ғана шашың бар еді-ау. Қатар ойнаған қарындас едің, әлі бір гүлін ашылмап еді-ау», — деген ырғақтағы жырларды бозбала шақта-ақ жаза бастаған албырт мінезді, әсершіл жан Зинура жөнгеміздей асыл жарды қалайша дәл тапты екен? Бір қарасан, қазақтың Зөкендей жаркыл-жұрқылы жоқ құба төбел ғана қызы аса сезімтал, талғампаз жігітті нендей сиқырымен баураған? Нендей қасиетімен ынтызар еткен? Біз осы сұрақты, көп қиналмай, Зинура тәтеміздің өзіне қоюды ұйғардық.

— Өзі де айтатын еді, «ел сені өте бір сұлуға санай қоймағанымен, ерекше тартымдылығың да жок емес қой. Кей жігіттердің қатты ынтыққанын да білемін; бекер қызғанбаған шығармын» деп. Базбір құрыларым да: «осы саған Кеңшілік неге қызықты екен, тегінде, қарапайымдығыңды, беттен алып, төске шаппайтын жайлылығыңды жаратқан-ау» деуші еді. Расында да, көбінесе, біртоғалығым мен орнықтылығымды ұнатқан шығар. Шын жақсы көргені де рас. Негізінде, бүкіл ЖенПИ-дің қыздарының ішінен мені таңдап алғаны өтірік емес енді...

Женгей сынғырлай күледі. Жайдарлығы, акпейілдігі аңғарылып-ақ тұр.

— Бірақ маған өлен арнауға асыға қоймапты. Кейде айтатынымын ғой: «ана өзіңдей Серікбай (бір кездегі көршілері ақын *Серікбай Оспанов. К.М.*), бұрқыратып, Райханға күнде өлен жазып жатады. Сен маған арнап бір өлен жазбадың ғой» деп. Сонда: «Сен қалай түсінбейсің, менің өлендерімнің бәрі тек саған арналған емес пе!» деп ыржиятын. Соған кәдімгідей малданып, мәз болып жүре беретінбіз. Менің атымды атап жазған бір ғана өлені бар. «Зинураға» деген...

Айрықша дарын иесіне серік болып, оның ыстық-суығына төзудің өзі ерекше бір «өнер» болуы мүмкін.

— Ақын адамға жар болу жеңіл нәрсе емес. «Табиги апат» деген ұғым бар ғой; тәрізі, ақын жаратылысы да осыған ұқсас құбылыс. Шығармашылық адамының он пен судың сұрапыл ағыны іспеттес аумалы-төкпелі



*ТӘБӘРІК

Кеңшілік МЫРЗАБЕКОВ

СЕНІ СҮЙЕДІ ЕКЕНМІН
(*Зинураға*)

*Күнім шыққан сәскеге — мезгіл шаңқан,
...Сені сүйеді екенмін, сөздім, қалқам.
Мені сүйсең, жоқ-барға» мойындамай,
Уайымдамай, уақытша, тәзгің, қалқам.*

*Төзгің, қалқам, шалғайда, шетте жүріп,
Сағынышқа сарғайма, көп беріліп.
Назырқасаң босатып буынымды,
Өкпек желдей жеткіз бір өкпелі ұміт.*

*Өкпек желдей есілген сендегі ұміт —
Өрге сүйреп шаршаған мендегі жәк.
Бөліп жетқай бөлменің ауасыңдай,
Арқалаймыз екеуміз теңге бөліп.*

*Тағдыр бізге жазылып қойған жырдай,
Салдың ірге қанатын жайған жылдай.*

*Қолаң желдей қазымыр ұміттерің,
Қоймайды екен қазылытып ойландырмай.*

*Маған таудай ұмітті кез қыл, қалқам,
...Сені сүйеді екенмін, сөздім, қалқам.
Мені сүйсең, бір ауыз тәтті жырдың,
Толғағына бір ауық төзгің, қалқам!*

мінезіне шыдау, діттеген ойынан шығу, бабын таба қою деген онайға соқпайды. Оның үстіне сегіз жылдай пәтерде тұрдық. Қиындықты бір кісідей көріппіз. Кеңшілік сері жігіт болған сон тұрмыс тауқыметін бәлендей сезіне де қоймаған болар. Ал маған ауырлау соққаны рас. Үй шаруашылығының салмағы, негізінен, өзіме түсті. Және де пәтер таңдап жүруге уақыты да болған жоқ. Ондай іске мүлде қырсыз да еді ғой. Баспана туралы жағдайын айтып ешкімнің алдына бармады да...

Әрине, үйсіздік-күйсіздік Кеңкенді де іштей күйзелткен шығар. Оңашала мұңайған,

Адам тағдырындағы келеңсіздіктің көбі, әдетте, әр пенденің мамандық пен жар таңдауындағы қателіктерінен басталады деп жатады. Ал осы екеуінен жолы болған кісінің алдағы өмірінде айы — оңынан, жұлдызы солынан тұмақшы...

Бірақ қалай болғанда да, таланттың Тәңірден екені белгілі. Сондықтан, біз әңгіме еткелі отырған шаһбаз шайыр Кеңшілік Мырзабеков кәсіп таңдауда көп бас қатыра қоймаған болу керек. Оның қаламға бейімділігін Алла тағаланың өзі-ақ ерте аңдатқан.

торыққан сәттері де кездесуі занды. Әйтсе де, қиналғанын білдіре қоймаған. Және о заманда кезегің жетсе, баспаналы болу үміті бар-тын. Кейінірек Алматының қак төрінен кең сарайдай сол үйді алды да. Бірақ бұдан шеберлік шыңына құлшынған ақынның жұмыс ырғағы ширай түспесе бөсенсімейді. Бұл тұста әбден шындалған қаламгер белгілеген асулар бұрынғыдан да биіктей береді. Күнделікті газет-журналдардағы алашапқын қызметі де шығармашылық күшті сүлікше соралды-ау. Сол себептен, «Муза-арумен» тек түнделетіп қана «мұңдасып, сырласып» тұруға тура келген.

— О кезде күндіз жағдайы бола бермейтін. Баспасөз саласындағы жұмысы да ауыр. Сондықтан, жеке шығармашылықпен кешкі сегізден бастап түнгі екі, үшке дейін айналысу — дағдысына айналған. Кейде бір сәтті дүниелері туған кезде рахаттанады да: «Міне, бір тәуір өлен жазып бітірдім. Қарашы!» деп үш болсын, төрт болсын, оятып алады. Қалғып, шұлғып отырып тыңдайсың. «Қалай екен?» деп сұрайды. — «Жақсы екен. Керемет!» дейсің. Расында да, тамаша. Кемшілігі жоқ сияқтанады. Жарасқанмен көрші тұрдық. Шөмішбай Сариевпен етене араластық. Соларға да қонырау шалып, сиясы кеппеген жырын оқуға кіріседі. Немесе кейде: «Үйіңде 100 грамм бар ма? Қазір барып өлен оқып беремін» деп солардың үйлеріне кетіп қалады. Достары да бұл әдетіне үйренген. Кейде өздері де топырлап бізге келеді. Ас үйде отырып, таң атқанша күркіреп өлен оқып, сол жерден жұмыстарына жөнелуші еді...

Бұл ретте бізді ақынның шығармашылық лабораториясы да қызықтырмай қоймайды.

— Өленді бір жазса, тоқтамайды. Әсіресе, баллада жанрындағы дүниелерін аяғына шыққанша тыпыр етпей ұзақ отыратын. Бір күні көршіміз қонаққа шақырды. О кезде «Тастак» жақта пәтерде тұратын едік. Ертеңгісін Кеңшіліктің әлдебір шығармасына кіріскенін аңдағанмын. Жолдасыңның ойланған-толғанғанын, әлдебір қиялдың терең іріміне түскенін анайдайдан-ақ аңғарасың ғой. Өлден уақытта үйден шығатын шак та таянған. Қонаққа барарда аздап болсын жуынып-шайынып, айнаға қарауға да уақыт керек емес пе. Мен де тықыршып, қайта-қайта сағатқа қарағыштап, мазам кетуге айналды. Күйеуімнің қозғалар түрі жоқ. Есі-дерті — өленінде. Жазу үстелінің басында қағазына шұқшыып әлі отыр, әлі отыр. Бір мезгілде шақырған кісі өзі кіріп шықты. Бөгелгенімзге шыдамаған сияқты. Сіздерді ғана күтіп отырмыз дейді. Қатты ыңғайсызданамын. «Қазір, қазір» деген Кеңшілігім және жылжымайды. Өлден уақытта әлгі адамның балалары келіп кетті. Кеңкен қозғалмады. «Қазір, қазір...». Өленімді тез бітіре қояйын деп ойлаған шығар. Қысқасы, екі сағаттай кешігіп бардық. Үй иелерінен: «Осындай өлен жазып ем, кішкене отырыңқырап қалыппын, сөге-жамандай көрменіздер» деп кешірім сұрап жатыр. Жиналған журттың ренжудің орнына: «Ойбай-ау, оқысайшы!» деп серпіліп, дуылдай жөнелгені де таңырқатты. «Дүбәкір туралы элегия» деген өлеңі екен. Өзіне тән мәнерімен рухтанып,

қанаттаныып оқыған сәтінде айнала төнірек асқақтап, жарқырап кеткендей әсер туды. Өне, сондай-сондай шабыттанатын кездері жиі болып тұратын еді. Кейде айтатын: «Өлең өзінен-өзі құйылып, жазылып кетті» деп...

Ақындардың әдетте арындылау, асаулау келетіні белгілі. Кеңшілік ақынның «Мінезім» деген өлеңінде:

— Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім, Жеңе алмауыма себепші — бірден-бір өзім. Өзімді-өзім кіналап салыстырамын, Қабілетім кімнен кем еді, кімнен мінезім?

Бойымда барды ұқсатып жарата алмаған, Өзім ғой, өзім, душпан жоқ оқ атар маған. Душпаным жоқ деу, әрине, аңғалдық болар, Тышқанның мұрнын адалмын қаната алмаған. Адалдығыңнан не пайда?

КЕҢШІЛІК АҚЫН

Әрекет етер — қаракет жасай алмаса қара көтерер. Ақ көңіл сенің айтқыштық мінезіді де, Астарлап алып біреулер пәлеге теңер.

Еркелігіңді біреулер есерлік дей ме, Өзіңе сену өзіңе кесел жүктей ме? Ығына қарай уақыттың иіле берсе, Біреулер соны заманға төселдік дей ме?

Заманға сонда жаялық, төсеніш болса, Есебін білсе, ешкімнен есеп ашпаса, Өзгерсе заман біз-дағы жалт береміз бе, Бүгін басқаша едік қой, кеше басқаша...

Заманға менің өкпем жоқ, қоғамға тағы, Өкпемнің бәрін таңбаймын адамға тағы. Жеңе алмай жүрген өз-өзін мен бе екем жалғыз, Білмейді-ау көбі, сол мені алаңдатады.

Өзімді-өзім жеңе алмай жүрген бір кезім, Іздеімін кейде мен сондай күндердің өзін. Өзімді-өзім жеңемін, өлемін бір күн, — өлтіре жаздап жүр ғой мені құрғыр мінезім, —

деген жолдар бар.



*СӨЗСЫРҒА

ҚЫЗ – ЖАЛҒЫЗ, БІЗ ЕКЕУМІЗ...

— **Кеңшілік екеуміз бір қызға ғашық болыппыз. Тоғызыншы сыныпта жүрген кез-тін. Қызғаныш деген «қызыл иттің» әлегімен әлгі бойжеткенге бола қақтығысып та қалып жүрдік. Біз сүйген қыз өте әдемі, ибалы болатын. Және сабақты жақсы оқитын еді. Әке-шешесі мұғалім кісілер. Күн сайын қас қарая сол үйдің қақпасын күзеткен сәттер есте. Қыз шықпайды. Бір жолы кезекті мәрте сенделіп бос қайттық. Түнде маған бір ой келді. Досым ұйықтап жатқан сәтті пайдаланып ғашығымды көріп қайтайын, мүмкін шығып қалар деп түйдім. Барсам, қақпа алдында селтиіп Кеңшілігім тұр. Тағы жұлқыластық. Ертеңіне білдім, Кеңшілік сол күні таң атпай қайтадан барып, қызбен тілдесіп үлгеріпті. Үш рет қолын алып, өзін «мен — ақын Кеңшілік Мырзабековпін» таныстырыпты. Кейін сол қызға арнап «Махаббаттың күйі ұрланды» деген өлең жазды. Әрине, бұл — бейкүнә балдәуреннің аяулы бір сәттері ғой. Сол кездің әсері ақын сезімін ұзақ әлдилеген де шығар. Дегенмен, тіршілік біздің таңғажайып қиял әлемімізбен санаса бермейтін көрінеді. Арada ұзақ жылдар өткенде андасам, бозбала шақтағы айшықты мезеттеріміз кейбір қатарластарымыздың жадында сақталмаған секілді. Кейін Кеңшілік дүниеден озған соң он жылдан кейін әлгі қызға бастан кешкен оқиғаларды еске түсіріп айтып бергенімде: «О-о! Қызық екен! Мен оның өзіме деген ниетіне мүлде мән бермеппін!» деп таң қалды.**

(Ақын Серік Тұрғынбекұлының естелігінен)

Әйткенмен де, Кеңшілік ағаны біз де көргенбіз, соншама алуын мінезді емес сияқты еді. Әлде кішіпейіл ақын өлен бұған кездегі алып-ұшқан, алабұртқан, буырқанған, бұрқанған, толқып-тасыған құдіретті сәттерін байқатпай ма...

— Мінезді болмаса болмайды ғой ақынға. Әрине, аса бір асаулыққа, шектен тыс қиғаштыққа бара қоймайтын. Десек те, әлдекімнің біреуге көлгірсігенін, жағымпазданғанын, не болмаса өтірік айтқаны сияқты жағымсыз әдеттерін көргенде шыдамай кететін. Әлгінің бетіне айтып тастайды. Ел ішіне, ауылға барғанда

— Отбасында да оғаш мінез көрсеткен емес. Балаларға ұрсу деген әдетінде жоқ. Тәрбиелеймін деп жөнді-жөңсіз әрі тұр, бері отыр дегендей қақпалап, ұл-қызына жайсыз қарайтын адамдарды білеміз.



Кеңшілік ондайға бармайтын. Көп жәйтті ақырын ғана, ретімен түсіндіреді. Балаларымен қалжыңдасуды ұнататын. Амангелді алтыншы-жетінші класка келгенде бірденелерді жазуға ниеттенді. Орысша. Олжас Сүлейменовке еліктеді. Мектепте «Слово о полку Игореве» атты конференцияға арнап шағын баяндама дайындағаны есімде. Сонда әкесі: «Балам, сен енді, орыс әдебиетін дамытпай-ақ қойсайшы. О жағынан Олжас аған да бар ғой. Сен қазақша жазуға дағдылан!» — деп ескертті. Кейінірек ана тілінде түрлі макалалар жаза бастаған баласына қатан талап қойып, баулығаны бар. Амангелді мамандық таңдаған кезде: «Журналистика деген жақсы сала ғой. Өзің де бірталай нәрселер жазып көрдің. Қай қоғамда, қай заманда да тілшілер қажет. Сондықтан, осы бағытты таңдағаның жөн» деп ақыл қосты. Содан үлкен ұл ҚазГУ-ге түсті. Бірақ жапаса Амангелдінің журналист болғанын көре алмай кетті. Екінші курстан Армия қатарына аттанған-ды. Сонда жүргенде әкесі қайтыс болды...

Кеңағамыздың кіші ұлының аты — Мағжан. Тәрізі, заңғар ақын құрметіне қойылған есім. Бұл баласы — сәулетші. Тегінде, бүкіл өмір, оның ішінде, Өлен әлемі де ғажайып сәулеттен тұрмай ма... Ол жағынан келгенде, кейде, Кеңшілік ақын алғашқы сыныссы, зайыбы Зинурамен ой бөлісіп отыруды ұнатқан.

— Кеңшілік кейде алдағы уақытка белгілеген үлкен жоспарларын айтатын. Әлі күнге дейін есімде, қайтыс болар қарсаңда: «Мен қазір өленді қалай жазуды білемін. Бірақ, негізінен, не туралы жазу керек екенін, қандай тақырып таңдау қажеттігін енді-енді ғана нақтылай бастағандаймын» деп ағынан жарылғаны бар. Ама! не, өзінің керемет бір шарықтау шегіне жеткен тұста кенеттен үзіліп кетті. Қырық екі жасында дүниеден өтті...

Байқап жүретіміздей, базбір замандастары Кеңшілік өмірі келте болғандықтан да сүбелі тақырыптарға көп бара алмады, кең көсіліп жаза алмады деп мүсіркеуге бейімдік байқататындай. Ол рас, Кеңкен ерте кетті. Бірақ ол қысқа ғана ғұмырында айшықты мәнер, қайталанбас қолтаңбасы арқылы қазақ поэзиясы денгейін жанаша көркемдік белеске көтерген таңғажайып дарын иесі екенін дәлелдеп, артына мол мұра қалдырып үлгерген еді. Тұтас шығармашылығына талдау жасамай-ақ, ақынның жөппелдемеде есімізге түскен «Апа, сен ерте қартайма», «Төлеутайдың төрт қызы», «Шалғында», «Анар», «Көшу», «Жолда», «Ақ көйлек», «Түбіт бөкебай», «Боз бие немесе тың көтерілген жыл» сынды жекелеген жырларының өзінен керемет суреткерлік үлгісін көрер едік. Сол секілді «ФЗО-ға кеткен жөнешем», «Сарыөзек сағыныш», «Біржан сал, Қоянды жәрменкесі», «Иманжүсіп» секілді поэмаларынан да қазақтың бай тілі қанына сіңген шалқар шайырдың тосын әуен, бөлек ырғақ, айрықша тынысын аңдап, тамсанасыз.



Әйткенмен, мұндай сәтте амалсыз күрсінеді де екенсін. Женгей де сәл жабырқап қалады:

— Бір күні, әлдебір жамандықты сөзді ме екен, жазу үстелі мен қолжазбаларын, қабырға толы кітаптарын көрсетіп: «Ертен мен олай-бұлай болып кетсем, осыларға ие боласың» делі мұндайғандай кескімнен. Мен: «Неге олай дейсің?! Қырықтан жана ғана астың ғой. Жаман сөз айтпашы!» деп, біртүрлі тіксінінкіреп қалдым. Жайсыздау түс көрген сияқты. Бірақ оның не түс екенін маған ашып айтпай кетті...

Құттолеу МҰКАШ

(Басы 1-бетте)

**Бұл Тоқтағұлдан қалған
мұраның көлемі біршама.
Қырғыз рухының бір баламасы
саналатын төкпе ырчының
өлеңдері былайша өріледі:**

**Жалты журтта сайраған,
Булбул элем Токтогул,
Чарчабаган арғымак,
Дулдул элем Токтогул.
Тартынбаган ар иште,
Кургур элем Токтогул,
Качырғанын кайсаган,
Тунжсур элем Токтогул.
Толубайга жап-жакын,
Тууган элем Токтогул,
Топту бузыт туу жсыккан,
Будан элем Токтогул.**

Қырғыздың өткен замандағы жақсылары мен жайсандары туралы сөз қозғалғанда айтылатын, бүгінде мәтелге айналып кеткен «Токтогулдай ырчыны айт, Толубайдай сынчыны айт» деген екі ауыз өлең жолы қырғыздың «көмейіне бозторғай ұя салған» (*Өтеген Оралбайұлы*) кос Тоқтағұлының үлкеніне арналған.

Туғанына 150 жыл толуы осыдан екі жыл бұрын атап өтілген кіші Тоқтағұл — Тоқтағұл Сатылғановтың тек қырғыз әдебиетіндегі ғана емес, бүкіл түркі халықтарының рухани әлеміндегі орны бөлек.

Біз 1978 жылы Ленинградта 25 мың данамен басылған «Поэты Казахстана» атты ақындық антологиямызды Мұхтар Мағауиннің арқасында арғы дәуірдегі Қазтуғаннан бастадық. Ал Қамбаралы Бобуловтың алғы сөзімен шыққан қырғыз бауырларымыздың «Поэты Киргизии» антологиясы осы Тоқтағұлдан бастау алады.



Тоқтағұл Сатылғанов 1864 жылдың күзінде, кейбір деректер бойынша, тіпті дәлірек, 25 қазанда, Кетментөбе алабының Күчү Суу деген ауылында, Саз жиде деген қыстауда туыпты. Мұның алдында шапырақта бала тұрмаған сон атын Тоқтағұл деп қойыпты. Ақындық өнер оған шешесі Бұрмадан дарыған көрінеді. Ырчылық жолын айтыстан бастаған Тоқтағұл 1882 жылы Кетментөбенің манабы Диканбай Рысқұлбековтің маңында жүретін сарай ақыны Арзыматпен айтысып, оны қиналмай жеңеді.

1898 жылы әйгілі Әндіжан көтерілісінен кейін ақынға бүлікті ұйымдастырды деген жала жабылып, Сібірге айдалады. Содан 12 жылдан соң елге оралады. Ақынмен бірге сотталған Болат



Жыртаковтың естеліктеріне сүйенсек, олар Әндіжан түрмесінен шығып, Красноводскіге, Мәскеуге, Иркутскіге барған. Сондықтан оның өлеңдерінің көбі капасқа қамалған тұтқынның көңіл-күйін танытады:

*Кетмен-Төбө жеріме,
Барып өлсем арман жоқ.
Керімбайдан кешімді,
Алып өлсем арман жоқ.
Ағайын тууган элімді,
Көрүп өлсем арман жоқ,
Амандык сурап қолымду,
Беріп өлсем арман жоқ, —*

дейді Тоқтағұл. Қырғыздың әдебиетші ғалымдарына кейін мемлекеттік сыйлық алып берген, 2012 жылы жарық көрген тоғыз томдық «Қырғыз адабияты тарыхының» бесінші томында

мынадай дерек ұсынылған. Тоқтағұл туралы монографиялық тарау жазған Батма Кебекова ақынның түрмеден қайтып келе жатып қазақтар арасында болғанын,



бастығы өлтіргені, ақынның досын өз қолымен көмгені жөнінде мәлімет аламыз. Негізінен, татар поэзиясын тәржімалауға маманданған Рувим Моран Тоқтағұлдың «Қазақ жерінде» деген өлеңін де орысшаға өзі аударыпты.

Мырзатай Жолдасбеков «Жүз жыл жырлаған жүрек» атты кітабында Жамбыл мен Тоқтағұлдың кездесуі туралы Үмбетәлі Кәрібаевтың өз аузынан айтқан әңгімесін ұсынады. 1912 жылдар шамасында, қырғыз жерінде атакты Шөбден манапка ас беріліп, Жамбыл, Кенен, Үмбетәлі бәрі сонда баралды. Сол жерде Сібірден оралған Тоқтағұлды көрген Жамбыл: «Келдің бе ақиғым алыс жерден, Өтіпсің самғап ұшып асқар белден. Алмас пышпақ қап түбінде жатпас деген, Хан төре айнамай ма сендей ерден», — депті. Сондай-ақ Тоқтағұлға ішін бере қоймаған қырғыз ағайындарға: «Тұлпарды тұлпар таниды, Ертеннен шапса талмайтын. Сұңқарды сұңқар таниды, Канаты талмай самғайтын.

ТОҚТАҒҰЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР

Ақынды ақын таниды, Сөз қалірін андайтын», — деп наз айтыпты. Сонда Тоқтағұл: «Қазаққа Жамбыл сен едің, Шапқы жатқан көл едің, Алатаудан арқырап, Тасып жатқан сел едің, Тоқтағұлың мен едім, Қай қырғыздан кем едім?», — деп жауап берген көрінеді. Үмбетәлі Кәрібаевтың айтуы бойынша, Жамбыл бәйгеде жеңіп алған зерлі шапанын Тоқтағұлға сыйға тартқан. Қырғыз ақыны өзіне сыйға берілген 500 сом ақшаны Жамбылға ұсыныпты. Жамбыл ақшаның азғантай бөлігін ғана алып, қалғанын қиындық көріп жүрген ақынның өзіне қайтарып беріпті.

«Алатау, туып-өсім алабында, Жетісу желі жұпар самалында. Атанып әнші ақын еркеледім, Сауықшыл қырғызым мен қазағымда» деп жырлаған Кенен атамыз да «Қырғыздың Тоқтағұл мен Қалмырзасы, Елтіріп әкетті жырыменен» деп көрші ел әдебиетінің алыбын үнемі жоғары бағалаған.

Тоқтағұлдың әйгілі «Замана» толғауы өз еліндегі заманчы ырчылар мен біздің зар заман ақындарының шығармаларынан біршама үндестік табады. Қырғыз ақыны «Ажылардай залимге арбатканың замана, Аң бүркүткө түлкүдөй алдырғансын замана» деп, өз дәуірінің сыпатын анық аңғартты. Бұл туралы Медина Богданованың Мәскеуде жарық көрген «Тоқтағұл Сатылғанов» атты монографиясында жан-жақты айтылды. Ақынның таңдамалы өлеңдер жинағы 1940 және 1958 жылдары Мәскеуде басылып шықты.



Бүгінде күллі қырғыздың рухани қазынасына айналған «Насылхан», «Бакты қыз», «Күліпа», «Эрке сары», «Дүнүйе», «Аққан суу», «Насыят», «Санат», «Үлгілүү ырлар» «Ой бұлбұл», «Келдейхан», «Бес қабан», «Алымхан» және басқа шығармаларды өмірге әкелген қырғыз поэзиясының алыбы кеңестік дәуірде де аса танымал болды. Ақынның аты М.Калинин мен А.Фадеевтің баяндамалары мен мақалаларынан түскен жоқ.

Оны есіммен аудан, ауыл, мектеп, мемлекеттік сыйлық басқа да толып жатқан нысандар аталды. Фильм түсірілді, қырғыздың ұлттық валютасына бейнесі басылды. Бүкіл дүние жүзінде ақынның атымен аталған жалғыз-ақ су электр стансасы бар. Ол — әйгілі Тоқтағұл ГЭС-і. Бұл Тоқтағұлдың ақындық биіктен алаамзаттық биікке әлдеқашан шығып кеткенін көрсетеді. Ал «Шешен сөзді қырғызда, Бас бәйтені бермеген, Сөйгүлік едім өрлеген» деп жырлаған оның өзіне туған халқы «Ақтандай» деген ат берген. Қырғыздар Кетментөбені ақындықтың Меккесіндей, Сазжидені Абайдың Жидебайындай құрметтейді.

Қырғыз бен қазаққа ортақ Алатаудың ақтандайы, залқар ақын, шоң ырқы Тоқтағұлдың мұрасы ғасырдан ғасырға ұласа бермек.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор*



**Тірлікте
мәңгі
өлмейтіндердің
бірі – кітап,
оны құртып
жіберетіндей
құдіретті күй жоқ.**

**Кітап – тәрбие бастауы. Көне заманнан
жеткен асыл жәдігердің бірі – «Қабуснама».
Бүгінгі өскелең ұрпаққа шапағаты тиер деген
ниетпен шығармадан үзінді ұсынамыз.**

Шешендік өнерін үйреніп, жоғары мәртебелі болу туралы

Жемінуі тарауы

Кісі сөз өнерін білетін, шешен болуға тиіс. Ей, перзентім, сен де шешен бол, сөйлей білгін, бірақ жалған сөйлем, сөйлесен шындықты сөйлеп, туралықты айтумен атағың шықсын. Кейбір өте қажетті жағдайда айтқан жалған сөзіне жұрттың сенуі мүмкін, бірақ сен оны әдетке айналдырмай, әрдайым айтқан сөзің шындық болу керек. Жұрт сенбейтін шындықты да айтпағаның жөн. Жалғанға ұқсаған шындықтан гөрі шындыққа ұқсаған жалған жақсы. Өйткені, ондай жалған сөзге жұрт сенеді, ал жалған сияқты шындыққа ешкім де сенбейді. Демек, жұрт сенбейтін шындықты айтудан сақ бол, менімен Абу Субар Шапур бинни Абу әл Фазл екеуіміздің арамызда болған оқиға сенің де басына түспесін.

Әңгіме. Білгенің жөн.

Әміралмұминнің заманында Меккеден қайтып келе жатып, бір жыл бойы Ганжада болдым. Үндістанға көп шабуыл жасаған едім, сондықтан да Рүммен жүруді жөн көрдім. Сол кезде Абу Субар Ганжа қаласында Ұлық падиша еді. Ол өзі жайдары, жарқын мінезді, әділ, сақы, рақымшыл жан еді. Бір күні мені көріп қалды да, ізет құрметін жасап, менімен әңгімелесуді көңілі қалап, түрлі сөздер мен сұрауларын беріп, менен көңіліне қонымды жауаптар есітті. Менің сөздерім оған өте ұнап, шын ықыласым көңіл қойып тындайтын, мен де оның ықыласына қарай көңілімде барлын бәрін жасырмай айтушы едім.

Көңіл жарастығы себебімен бірнеше жылдар бойы Ганжада тұрып, әрдайым оның мәжілістеріне қатысатын едім. Патша менің әр түрлі әңгімелерімді тындаудан жалықпайтын. Бір күні менің мемлекетім, әсіресе ондағы Гурган қыстағы туралы баяндауды өтінді. Сол өлкенің қызықты салт-сана, әдет-ғұрыптары жөнінде әңгімелер айтылды.

Сөз арасында мен оған: «Гурган қыстағында Сиеваск дейтін ауыл, оның маңайында бір бұлақ бар» дедім. Көзе қолтықтаған әйелдер күнде бұлақ басына барды да, мөлдір суға толы көздерін басына қойып, тізбектеліп ауылға қайтады. Әйелдердің біреуі көзе көтермей, басқалардан алға шығып, жолдың өне бойына көз сала жүреді. Оның себебі — сол жерде Сизак деп аталатын көк түсті құрт болатын. Алда келе жатқан әйел сол құртты байқап қалған жағдайда оны жолдан аулақ жерге алып тастауға маған қарап: «Әмір сен туралы әңгіме қозғап, пәлен кісі өте дана, ақылды жан-ау, бірақ жас балаларға айтатын жалған әңгімені маған баяндады. Сол сияқты адамның өтірік әңгіменін айтуы жараспай-ақ тұрды» делі.

Мен бұл хабарды естіп, Ганжалдан Гурғанға арнайы бір кісі жіберіп, айтылған әдет-ғұрыпты дәлелдейтін жергілікті жердің ғұламалары қол қойған қуанама-хатты жеткізудің әрекетіне кірістім. Гурганның беделді, ғұлама қазы, мүфтилері қол қойған айтылмыш әдет-ғұрып туралы қуанама-хат менің қолыма төрт айда тиді. Мен сол

қуанаманы падишаға көрсеттім. Падиша хатты оқып, мығынған күлді де: «Сен сияқты кісінің мен сияқты падишаның алдында өтірік айтпайтынына кәміл сенемін, бірақ төрт ай ішінде бір елдің қазы, мүфти, ғұламалары куәлік жасаған жағдайда ғана сенуге болатын шындықты айтудың өзі дұрыс емес. Бұл сияқты шындық әңгіменің анық-қанығы анықталған соң ғана есепке өтеді» делі.

Ей, перзентім, білгенің жөн, адам — үш түрлі, сөз — төрт түрлі болады. Адамдардың бірінші түрі — біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады. Бұлардың айтқанына тәнті тұру керек. Екінші түрі — біледі, біле тұра білмеймін дейді. Бұлар ұйқыдағы зулымдар, олардан сақ болған жөн. Үшіншісі — білмейді және білгеннің тілін алмайды. Олар — ессіз, надандар. Бұл сияқтылардан аулақ жүру керек. Сөз төрт топқа бөлінеді. Біріншісі — білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер. Екіншісі — білуге де, айтуға қажетті сөздер. Үшіншісі — білуге қажеті жоқ, бірақ



айтуға болатын сөздер. Төртінші — білу керек, бірақ айтуға қажетсіз сөздер. Негізінде, дүниенің бар жақсылығы — айту және білу үшін қажетті сөздерге тән қасиет. Бұл сөздер дүние үшін пайдалы болып, айтушыға да, тындаушыға да мән-мағынасымен әсерлі болуға тиіс. Білу қажет, бірақ айтуға мүмкін емес сөздерге жататындарға мысал ретінде, бір мансапқордың немесе бір досыңның айыбын бетіне басуды келтіруге болады. Егер бір мансап иесінің немесе досыңның айыбы саған мәлім болса, ақыл таразысына салып қарағанда, оны тікелей айту — ақылсыздық. Өйткені сен олардың айыбын айтсаң, мансапқор ашуланып, досың саған өкпелейді. Яғни өзіне-өзің дау-жанжал арттырып алуың лезде. Сондықтан да бұл сияқты сөзді білгенің дұрыс, бірақ айтылмауы қажет. Төрт түрлі сөздің ең абзалы — білуге де, айтуға да қажетті сөздер. Бұл төрт түрлі сөздің екі жағы бар. Біріншісі — сұлулығы мен мәнділігі, екіншісі — өңсіздігі мен мағынасыздығы. Халық алдында сөйлеген сөзің сұлу болып, оны жұрт ықыласымен тыңдасын. Сөз өнерін меңгеріп, биік дәрежеге көтерілгенінді жұрт сөйлеген сөзіңнен білсін. Халық адамның қандай дәрежеде екенін сөйлеген сөзі арқылы біледі, керісінше, сөз дәрежесін адам арқылы білмейді. Өйткені әр адамның шама-шарқы өзінің сөйлеген сөзінің астарлы мәнінде жасырын жатады. Айтылуға тиісті бір сөзді тындаушының көңілі қиырда да, раушанда болатындай мағынамен айтуға болады.

(Жалғасы бар)

12 ТАРИХwww.jasqazaq.kz

Кеңестік жүйе тұсында Ұзақбай Желдірбайұлы бірнеше рет қуғынға ұшыраған екен. Мұрағат деректеріне сүйенсек, қайраткер 1919, 1921–1923, 1925, 1929 және 1937 жылдары үкімет тарапынан тергеуге алыныпты. Кеңес үкіметі жана орнаған кезде ол ауылдық мектепте бала оқытып жатқан болатын. Бойында жігері мол жас 1918 жылдың желтоқсанынан бастап Кеңес өкіметінің қызметіне араласып, Ырғыз



уезіндегі болыстарда кеңес ұйымын құруға қатысады. Ұйымдастырушылық қабілетімен, қайсарлығымен, талапкершілігімен көзге түскен Ұзақбай 1919 жылдың сәуірінде болған Ырғыз уездік съезінде Ырғыз уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Алайда мамыр айында Ырғызды ақтардың басып алуына орай комитеттің басқа мүшелерімен бірге Шалқардағы теміржол станциясына кетуге мәжбүр болды. Шегініп бара жатқандардан Ырғызда кавалериялық партизан отряды құрылып, Ұзақбай осы отрядта қатардағы жауынгер ретінде ақтарға қарсы күреске шығады. Партизандық отрядты сол кезде бұрынғы патша офицері И.Ф.Киселев басқарып, П.А.Кузнецов оған көмекші болған еді. Ұзақбай осы отрядтың сабаздарымен үш ай ішінде Талдысабада және екі рет Жалтырда ақтарға қарсы шайқасқа қатысады. Отрядтың командирінің арнайы тапсырмасымен бірнеше рет барлауға шығып, тың мәліметтер әкеледі. Өкінішке қарай, ақтардан шегініп, қашып, күйісі кеткен қызыл әскер отряды Ырғызға барып, ақ гвардияшыларға берілуге мәжбүр болды. Колға түскен қызылдарды ақтар шалғайда жатқан Шалқарға қарай жаюа айдап апарып, абақтыға қамап тастаған еді. Тұтқынға түскендердің арасында Ұзақбай да бар–тын. Ол бірден ақтардың жағына шығудан бас тартты. Оны тағы да жаю–жалпы Шалқардан 100–120 шақырым аралықтағы Бершүгір теміржолына айдап апарып, қара жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Өзінің өмірбаянында ол бұл жайында былайша жазады: «1919 жылдың тамыз айында алашордашылардың қолына тұтқынға түсіп, қызылдармен бірге ақтарға қарсы шыққаным үшін Бершүгір *(тақсирр шахтасы)* жіберіліп, қамшының астында қара жұмыс істедім».

Тұтқында болған кезінде ақтардың тепкісін өбден көрген Ұзақбай мүмкіншілік туса, қызылдарға қайтып барып, адал қызмет етуге уәде беріп, бір жарым айдан кейін өз офицерлеріне қарсы шыққан Шалқардағы ақтар гарнизонындағы солдаттардың



бүлігінің нәтижесінде босап шығады да, үлкен қиындықпен Ырғыз уезіне оралады. Ырғыз ақтардан тазартылғаннан кейін ол 1919 жылдың күзінен уездік революциялық комитетке жұмысқа кірісіп, кеңес өкіметін қалпына келтіруге атсалысады. 1920 жылдың қаңтарында Ырғыз партия ұйымына мүшелікке өтеді. Бастапқы кезде әлеуметтік қамсыздандыру бөлімнің алқа мүшесі болған Ұзақбай, 1920–1921 жылдары уездік басқарма басшысының көмекшісі, нұсқаушы–аппараттық бөлімнің менгерушісі, уездік революциялық тергеу комиссиясының құпия–оперативтік бөлімінің басшысы, Ырғыз уездік атқару комитеті оны қылмыстық–тергеу комиссиясының төрағасы, Ырғыздың РК(б) П аудандық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды.

1921 жылдары мамыр айының соңында Қырғыз облыстық комитетінің шақыруымен Ақтөбе губерниясына жіберіліп, Ақтөбе губерниялық съезінде губерниялық атқару комитетіне мүше болып сайланады. Ақтөбе губерниялық қамсыздандыру (губсобесом) бөлімінің менгерушісі болып тағайындалады. Осы кездерде Ақтөбе губерниясын аштық жайлап жатқан еді. Ол аштықты ауыздықтауға, әлсіздердің қолындағы арық–тұрық бар малдарын күштеп тартып алған қаракшы топтарды жоюға қатысады.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан үкіметінің жоғарғы билігінде отырған Ұзақбай Желдірбайұлы Құлымбетов Қазақстан тарихының қиын да, аса ауыр жылдары ел басқарып, Қазақстанның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан дамуына зор үлесін түгізді. Ауылдарды кеңестендіру, екі бірдей ашаршылықпен күрес барысында, сауаттандыру, білім мен ғылымның дамуында, Қазақстандағы Ғылым Академиясының жұмысының жандануында, халықтың мәдени өсуі, ірі өндіріс орындарының қалыптасуы, қазақ өліпбиінің латын өліпбиіне көшуі, Қазақстан астанасының Қызылордадан Алматыға көшірілуі мен екі астананың да көркейіп, абаттануында оның тікелей тигізген қолтаңбасы бар. Өкініштісі сол, ардақты азамат, қайраткер кеңестік жүйенің құрбанына айналды. XX ғасырдың 30-жылдың соңында ұлт зиялыларының көпшілігі тоталитарлық жүйенің құрығына ілігіп, «буржуазиялық ұлтшылдардың» қатарына жатқызылып, соларға қатысты сот процесі басталған кезде ол да жалған жаламен қудаланды.

1922 ж. 1 ақпанында басталған Ақтөбе губерниялық атқару комитеті пленумының II-ші шақырылымында Ұ.Құлымбетов 1922 ж. ақпанынан Ақтөбе губерниялық халық ағарту бөлімінің менгерушісі болып тағайындалып, бұл қызметті 1923 ж. наурызына дейін алып жүрді. Өкінішке қарай, бұл жұмысты ол дұрыс атқара алмады. Себебі ақтар мен алашордашылардың қолында тұтқында болғаны үшін және АРА ұйымының ашыққандарға берген көмек қорын талан–таражға салды деген жаламен 1922 жылдың 17 мамырынан 1923 жылдың 11

болған, кейбіреулері Кеңес өкіметіне қарсы шығып, большевиктерді қыруға қатынасқан делінді. Арнайы тексеру комиссиялары аудандарға жіберіліп, ауылдық партия ұйымдарының жұмысы, оның басшылары мен ұйым құрамындағы коммунистердің қызмет барысы жете тексерілді. Осы науқанлы колға алған комиссия да тағы Ұзақбайға «өмірбаянында сол 1919 жылы Кузнецов отрядынан кетуіне қатысты тұсты жасырып қалды» деген айып тақты.

ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН

ақпанына дейінгі аралықта Ұзақбай РКФСР Қылмыстық кодексінің 109 және 105-баптары бойынша айыпталып, тергеуге алынады. Тергеу барысын РКФСР Жоғарғы Соты жүргізіп, бұл іс 1923 жылдың басына дейін Орынбор қаласында қаралды. Дегенмен оған тағылған айыптардың дәлелденбеуінен Ұзақбай 1923 жылдың ақпанында РКФСР Жоғарғы трибуналының сессиясының шешімімен ақталып шықты.

Мирзоянға жіберген өмірбаянында өзіне тағылған айыптаулар Қазақ КСР–ның бұрынғы Жоғарғы трибуналының төрағасы Аргышевтің жеке есебінен туындады деп көрсетеді.

Бұл сот процесінде Ұ. Құлымбетовті қорғауға бұрынғы Қазақ АКСР–ның Әділет халық комиссары (Наркомост) Атаниязов жіберілген екен. Бірақ сол кезде Жоғары соттың төрағасы болып тағайындалғандықтан, оған сотта сөйлеу мүмкін болмаған. Бірақ осы істің қаралуына себепші болған Қисықов, Тұңғашиндердің өздеріне «Ұзақбайдың партиялық жұмысына келергі жасады» деп іс ашылып, нәтижесінде екеуі де контрреволюциялық жау элемент ретінде Қазақстаннан тыс жерлерге жер аударылды.

Жүріп жатқан сот процесіне қарамастан, Ұ.Құлымбетов 1922 жылдың 1 қаңтарынан 15 мамыр аралығында губерния атынан «АРА» ұйымына өкіл ретінде жіберіліп, губернияны жайлаған аштықты ауыздықтауға қатысады.

Өлкеде пайда болған бандиттік әрекеттерді жоюға, қала, село, ауылдарда қираған шаруашылықтарды қалпына келтіруге бар күшін салды.

20–жылдардың соңына қарай республикадағы саяси жағдай шектен тыс ұшығып, зорлық–зомбылыққа жол ашылды. 1927–1929 жылдар аралығында қазақ зиялыларының арасында өзіндік пікірі бар азаматтардың барлығы да «ұлтшыл» деген айыппен қызметтен қуылды.

Кемшілік, қателіктерді әшкерелеуде сынды, өзара сынды күшейту мәселесі колға алынды. Қазақ баспасөзінде партия жолынан ауытқыған, кеңестік партияға қарсы топтар мен жікшілдерге қарсы

күрес барысы өрістеді. Әсіресе басылым қазақ әдебиеті саласында «байшылықты көздеген» деген желеумен «ұлтшыл–уклонист» атанғандарға қарсы батыл күрес жүргізілді.

Ұзақбай Құлымбетовке үкімет тарапынан 1929 жылы тағы да қысымшылық жасалды. Бұл кезде партия қатарын тазалау науқаны жүріп жатқан болатын. Ен бірінші кезекте партияға мүшелікке кіріп алып, өздерінің ұяңкестік істерін жүргізіп жүрген, ел арасында іріткі салып, ұлт наразылығын тудырған ұлтшыл элементтердің әшкерелеу міндеттелінді. Сөйтіп, партия қатарындағы қызметкерлерді тексеру, коммунистер болып кеткен жау элементтерден тазарту науқаны қарқынды жүргізілді. Губерниялар мен уезд билігіндегі «тазартулар» барысын өлкелік атқару комитеті тікелей бақылауға алды. 1929 жылы Қазақ өлкелік комитеті мен БК(б)П өлкелік бақылау комиссиясының мүшелерінен арнайы тексеру комиссиясы құрылып, К.Арғынғазин, А.Бөкейханов, Т.Жаманмұрынов, М.Жолдыбаев, А.Мусин, Т.Рыскулов, М.Саматов, А.Сейітов, А.Сейдалин, А.Кенжин, К.Тоқтабаев, Ә.Байділдин және тағы басқа азаматтардың қызмет барыстары тексерілді. Аталған азаматтардың көпшілігі үкімет орындарының жауапты қызметінде істейтін. Бұлардың барлығы бай, төре, билердің тұқымынан, Алашорда үкіметінің құрамында

Л.Залин және Ұ.Құлымбетов мүше болып кірді [8]. Алайда 1937–1938 жж. бұл комиссия құрамына кіргендердің бәрі «халық жауы» ретінде қуғындалып, атылды.

Ұзақбай Желдірбайұлы 1937 жылдың 5–12 маусымында болған Қазақстан Коммунистік партиясының I съезінде қараланды. Негізінде осы съезд барысында оның кандидатурасы Орталық комитетке ұсынылған болатын. Қарсы келгендер Ұзақбайды «1919 жылы ақтардың жағына шығып кетті, жікшілдердің қатарын болып, контрреволюциялық жұмыс жүргізді» деген негізсіз айыптар тақты.

Қайраткерге тағылған айыптаулардың ақ–қарасын анықтау үшін құрамында С.Нүрпейісов, О.Исаев, А.Досов, Г.Пинхасик, С.Сапарбеков, Д.Сәдуақасов сияқты мүшелері бар арнайы комиссия құрылып, оған қатысты барлық құжаттар қарастырылды. Комиссияның төрағасы болған О.Исаев тексеру барысында Ұ.Құлымбетовтің ақтарда тұтқында болғанымен, олармен байланыс жасамағандығын айтып қорғап шықты. О.Исаев баяндамасында: «Біздің Қазақстанның басшылық орнында отырған Исаев, Жангелдин, Құлымбетов жолдастар алашордашы Токтыбаев, Кенжиндерді жақтап келген дейді» дей отырып, оның алдында шығып аталған қызметкерлердің қараламақ болған Баймұратовтың сөзін қателігін дәлелдеп берді.

Съезде Ұ.Құлымбетовтің қандай адам болғандығын партизан отрядының командирі И. Киселев былайша сипаттап өткен екен: «Кулумбетов держал себя хорошо, был

добросовестным, как человек грамотным, пользовался влиянием среди населения, в нашем отряде он был в качестве переводчика, дипломата по сношению с местным казахским населением».



«Ұ.Құлымбетов пен Т.Жаманмұрынов арасында туыскандық бар ма, Қазақстанда болған ұлтшыл топтың қайсысына Құлымбетов жатады, шыққан тегі қандай» деген сұрақтарға қайраткердің өзі жауап беріп, екеуінің қарым–қатынасы жұмыс бабымен араласқандығын атап өткен екен.

Ұзақ айтқыс–тартыстан кейін Ұ.Құлымбетовтің кандидатурасы жабық түрде дауысқа салынып, 358 адам қолдап, 75 адам қарсы дауыс беріп, Орталық комитет құрамына өтті. Бірақ осы съезд өте салысымен 14 маусымда Ұзақбай Желдірбайұлы Қазақ

КСР Орталық Атқару комитетінің төрағасы Л.И.Мирзоян мен ОРПО менгерушісі Асиревтың сұратуы бойынша, оларға өмірбаянын жолдап, сол 1919 жылғы оқиғаны егжей–тегжей жазып береді. О.Исаев бастаған комиссия Ұ.Құлымбетовтің жазықсыз екендігін дәлелдесе де, оған қатысты іс қайтадан көтерілді. 21 шілдеде Ұзақбай Желдірбайұлы Қазақ КСР ОАК төрағалығынан босатылды.

Осы жылдың 30 шілдесінде К(б) П ОК хатшысы Л.Мирзоян құрамында Ш.Диваев, А.Кенжин, Көшенбаев, Т.Жаманмұрынов, Ж.Сұлтанбеков, К.Сармолдаев, А.Асылбеков, Н.Нүрсейітов, З.Төрегожин, С.Каратөлеуов, Ә.Лекеров, М.Фатаулин, І.Молдажанов сияқты мүшелері бар жасырын «ұлттық–фашистік» ұйымын әшкереленгені

жайында И. Сталинге мәлімдеме жолдап, онда ұйымның басты ұйымдастырушысы әрі Мәскеудегі орталықтың өкілі ретінде Ұ.Құлымбетовті көрсетті. Оның жазуынша, ұйымның Мәскеудегі басшылары ең басты нұсқауды осы Ұ.Құлымбетов арқылы жүзеге асырып отырған. Хатта жүргізіліп жатқан тергеу нәтижесінде таяу арада Ұ.Құлымбетов қамауға алынып, оның антикөнестік әрекеттерінің әшкереленетіні келтірілді. Осыдан кейін Ұ.Құлымбетов 2 тамызда ұсталып, абақтыға қаамалды.

1937 жылдың 22 қыркүйегінде «Казакстанская правда» газетіне К.Пухов «На поводу у буржуазных националистов» деп аталған мақала жариялап, Ұзақбай Құлымбетов пен оның «сыбайластарының» «ұлтшылдығын» әшкереледі.

Мақалада Ұ. Құлымбетовтің бас тартуының себебін сол жылы Кеңес үкіметіне сатқындық жасап, Қызыл Армияны тартып, ақтарға қашып кеткендігінен деп келтірілді. Құлымбетовтің бұл әрекетін бірнеше рет әшкерелемек болған қызыл әскер отрядының бұрынғы командирі Киселевтің сөзіне ешкім құлақ аспай, барлығы Ұзақбайды жақтап, қолдап келгендігін, олардың арасында Алматы облыстық комитетінің хатшысы Сәдуақасов пен Юсупов екеуі қоршаптап, конференциядағы басқа қатысушыларға ауыз ашпағандығы айтылды. Қазақ Республикасының 1–ші партия съезі тұсында өлкелік комитеттің Ұ. Құлымбетовтің үстінен түскен арыздар қаралмай, керісінше, оған қолдау көрсеткен. Қызып тұрған отқа май құйғандай болған бұл мақала Ұ.Құлымбетовтің «халық жауы» екендігін дәлелдей түскендей болды.

Бірақ 29 қыркүйекте Казакстан КП(б) ОК бюросында газеттегі келтірілген кейбір фактілер қаралып, кейбірінің шындыққа жанаспайтындығы айтылып қаулы қабылданады. Мәселен, Мирзоян Алматы қалалық комитетінің хатшысына Құлымбетовтің партиялық билетін қайтып беруін талап еткенін жокқа шығарды. Сонымен қатар мақаладағы «Құлымбетовтің Казакстан Коммунистік партиясының I съезінде сәтсіздікке ұшырауының себебін жасырып қалды» дегенін айтып та қатеге санап, керісінше осы съезден кейін Құлымбетов мыннан аса адам қатысқан белсенділердің жиылысында оның себебін ашық түрде өзі айта бастағанын келтіреді. Бірақ қаулы, бірақ еш жерге жарияланған жоқ. Кейінгі тергеу ісіне де қолданылмады. Тек БК(б)П Орталық комитетіне жіберілді.

«Казакстанская правда» газетіне жарияланған мақала партия ұйымдарында желед түрде талқылана басталы. 1937 жылдың 3–4 қазанында Алматы қаласының Фрунзе ауданының жабық партия жиналысы осы талқылаулардың қорытындысын шығарылды. 793 адам қатысқан 79 жиналыста 374 адамның пікірі тыңдалған екен. Өз сөйлегендер негізінен «әшкереленгендерді» қаралап, олармен байланыста болғандығын көрсетуге тырысқан. Мәселен, облыстық жер басқармасының партия ұйымы облыстық партия комитетіне Еңбекшіқазақ ауданының аудандық атқару комитетінің төрағасы Х.Баяубаевтың халық жаулары О.Жандосов, Ұ.Құлымбетовпен арадағы байланысын тексеру жөнінде өтініш жолдаған.

Алматы облыстық халық ағарту бөлімінде болған жиын барысында Черняевский Ұ.Құлымбетовтің Ырғыздан 35 шақырым жерде феодалдық мекенжайы барлығын айтқан. Әрине, бұл фактілердің бәрі дәлелсіз, қайраткерді қаралау үшін қолдан жасалған еді.

Қайраткерді тергеу барысында оған еш қисыны келмейтін жалған айыптар тағылды. 1930–1931 жылдары Казакстанда өткен шаруалар қозғалысының *(Созақ, Қарақұм, Абыралы, Қызылқұм, Адай)* ұйымдастырушыларының бірі, құрамында Рысқұлов, Нұрмаков, Сейфуллин және басқа белгілі қайраткерлер бар антисоветтік ұлтшылдар ұйымының мүшесі болды» делінуі де «халық жауы» деп қаралауға негіз болған.

29 шілдедегі КК(б)П–ның Оталық Комитеті шешімі бойынша алашордашылардың және ұлтшыл бағытта жазылған әдебиеттерді кітапхана, кітап дүкендерінен, оқу орындарынан қолданыстан алу үшін Нүрпейісовтің төрағалығымен құрамында Исаев, Кабылов, Мүсірепов, Арыстанов, Гусев, Ибрагимов, Жүргенов сияқты мүшелері бар арнайы комиссия құрылып, тез арада қолданыстан алынатын кітаптардың тізімі жасалынды. Берілген тізімде С.Асфендияров, А.Әлімбаев, Ә.Байділдин, О.Беков, І.Жансүгіров, Т.Жүргенов, Н.Нұрмаков, Ғ.Тоғжанов, Б.Майлин, К.Сармолдаев, Т.Шонанов, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев және т.б. акын–жазушылар мен партия қайраткерлерінің кітаптары бар–тын. Ұ.Құлымбетовтің 1927–1936 жылдар аралығында жарық көрген 5 кітабын қолдануға тыйым салынды.

Ұ.Құлымбетов 1938 жылдың 25 ақпанындағы Әскери коллегияның шешімімен ату жазасына кесіліп, үкім орындалды. Қайраткер атылып кеткеннен кейін де «Мирзоян, Исаев, Ескараев, Сәдуақасовтармен бірге буржуазиялық–ұлтшылдық ұйым құрды, герман–жапон фашизмінің агенті болды» деген жалған жаладан арыла алмады. 1938 жылдың 3 шілдесінде өткен Қазақстан Коммунистік партиясының II съезінде оның аты қараланып айтылды.

1958 ж. 22 сәуірінде ғана КСРО Жоғарғы Соты Ұ.Құлымбетовке қатысты қылмыстың жоктығы себепті істі тоқтатып, 31 қазандағы Қазақстан КП ОК–нің қаулысымен ол толықтай ақталды. Атылып кеткенге дейін қызыл жүйенің қаншама қуғыншы, қыспағына түскен қайраткер мойнымай, керісінше жауапты қызметтерді атқара отырып, республиканың дамыту жолында ерен еңбек етті. Ел үшін өмір сүретіндігін сөзбен емес, ісімен дәлелдеді.

Ұ.Құлымбетов — тарихи тұлға. Әлі де болса, оның өмірі мен қызметінің зерттейтін кейбір тұстары баршылық. Бұл болашақтың ісі болмақ.

Светлана СМАҒҰЛОВА,
III. III. Ұлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы

Адам өмірі жасының ұзақтығымен емес, оның еліне, жұртына, ұлтына жасаған еңбегімен, қоғамға қосқан үлесімен, мазмұн-мағынасымен өлшенсе керек. Бұл реттен келгенде, бүгінде белгілі актер, еліміздің еңбек сіңірген әртісі Айдос Бектеміров театр, кино өнерінде шоқтығы биік тұлға. Театр мен киноны қатар алып жүрген актердің шығармашылығы өнер жолы аясында әңгіме өрбіттік. Дарынды өнер иесі өзінің өмірлік ұстанымын айтып, өнер жолының қызықты сәтімен бөлісті.



Жас қазақ: Әңгімемізді туған жеріңізден бастасак. Қай жерде дүние есігін аштыңыз? Туған жеріңізге жиі барып тұрасыз ба?

Айдос Бектеміров: Мен Қарағанды облысы Шет ауданы Қарғалы деген елді мекенде дүниеге келдім. Арқаның жерінде өстік. Қысы суық, жазы қысқа өлке. Шынын айту керек, ол жақтың табиғатының өзі қаттылау болғаннан кейін адамдары да ширақ, тіршілікке бейім болып келеді.

Жас қазақ: Өнер жолына келуді балалық шағыңыздан армандадыңыз ба?

Айдос Бектеміров: Бала болғаннан кейін оның арманы оқу. Жалпы, қазақ халқы білімге құштар деп айтқым келеді. Балаларың оқытып, білімді азамат болып қалыптасуына бар күшін салады. Мен соны байқадым. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын оқысаңыздар, Құнанбайдың өзі балаларының білім алуына жағдай жасайды. Кітаптарын тауып береді. Одан кейін Ғабит Мүсіреповтің «Ұлан» шығармасын оқысаңыз, әкесінің Ұланға сонау Петербордан кітап алдыруы осының дәлелі. Балалық шағым Қарғалы ауылында өтті. Екі жағын тау қоршаған қыста қары қалың жер болатын. Ол кездегі ойындар да әлі есімде. Қалың қарда бөшкенің қабырғасынан шаңғы жасап тебетінбіз. Тіпті иілген ағаштан хоккей таяғын жасап алып ойнайтынбыз. Мектепте 8 жылдық білім алғаннан кейін, 9–10-сыныпты аудан орталығында оқыдым. Мектепте

болған. Не бір тұрмысқа қажетті затты жасайтын. Соғыс кезінде Германия, Польша жерінде болып келген. Біз отбасында сегіз баламыз. Мектепті бітіріп



оқуға баратын сәт келді. Әкем қандай оқуға барасыз деп сұрады. Әкеме әртіс болғым келетінін айттым. «Әртіс деген не ол?», — деп барлығы қарсы болды. Басқа қажетті мамандық мұғалім немесе милиция бол деп айтты. Сөйтіп, білім қуып Алматыға келіп, мұғалімнің оқуына тапсырдым. Шыны керек, мұғалімдікке



спорттық үйірмелерге қатысып, тіпті бокспен де айналыстым. Бала кезімнен өнерге жақын болып өстім. Дауысым баритон болса да ән айтатынмын. Әлі есімде біздің ауылға театр ұжымы келіп, Бейімбет Майлиннің «Шұға» спектаклін қойған болатын. Соған қатты қызықтым. Мектептегі драма үйірмелеріне де қатысып жүрдім. Бала деген әрнәрсеге қызығады емес пе? Сөйтіп бір күні қойылымға қатысып, өзімді актерлік қырымнан сынап көрдім. Алдаркөсе туралы қойылымда басты ролді сомдадым. Әлі есімде сол сәт. Сақал жабыстыру үшін кәдімгі желімді қолдандық. Дастарқанда дәм татып отырып, Алдаркөсенің сөйлейтін жері бар. Сол сәтті өзімше шынайы ойнағым келіп, әңгіме бастап бауырсақтан жей бастадым. Әлі өзімше керемет бір актерлік шеберлік көрсеткім келген еді. Бір сәтте бауырсақпен бірге сақалым да аузыма кіріп кетті. Қатты сасып қалдым. Енді не істеймін бүкіл ел қарап отыр. Өзіме қиын жағдай тудырып алдым. Әйтеуір үйтіп-бүйтіп бұрылып сақалымды қайта орнына келтірдім. Сол сәт әлі есімде қалыпты. Содан кейін мектептегі мерекелік кештерге қатысып, ән айтып жүрдім. Менің әкем Төлеубай 7 жыл бойы соғысқа қатысқан адам. Әкемнің мамандығы ұста

түсе алмадым. Қалаға келіп тұрып, оқуға түсе алмаған соң, ауылға қайтуға бет жок. Не болса да Алматыда қалам деп шештім. Сөйтіп эстрада цирк студиясына оқуға келіп түстім. Ыдырыс Ноғайбаевтан сабақ алдым. Ол кісі актерлік шеберлік дәрісінен сабақ берді. Екінші курста оқып жүргенде оқу орны басшыларының тарапынан Мәскеуге барып оқуымды жалғастыру туралы ұсыныс түсті. Қасымдағылардың бәрі «Бір ауыз орысша білмейсің, ешкімді танымайсың, ол жайға қайтып жүресің», — деп үгіттегеннен кейін ұсыныстан бас тарттым. Оқу бітіргеннен кейін мені Қазақконцертке жіберді. Мамандығым — жүргізуші көркемсөз шебері. Концерт, жүргіземін, көркемсөз оқимын. Сөйтіп ол жерде жұмыс жасап жүрген кезімде мені әскерге шақырды. Өнер адамы болғаннан кейін мені қаладағы әскери ансамбльде қалдырды. Осы ансамбльде хорда ән айттым. Содан бізді Теміртауға жіберді. Ол қалада кәдімгі әскери базалан өттік. Біздің әскерді қақаған қыста Аягөзге апарып қалың қардың арасына тастады. Ол кезде тек танк ғана жүре алады. Әскерден Алматыға қайта оралдым. Қалаға келгеннен

кейін мені «Гүлдер» ансамбліне шақырды. Ол кезде «Гүлдер» дүрілдеп тұрған кезі. Сол жерде жүргізуші болып жұмыс істедім. Арасында көркемсөз оқимын. Солай ақырындап халыққа таныла бастадым. «Гүлдерде» жүріп Мәскеуге оқуға кеттім. Ол жерде Шепкин атындағы өнер ордасында 5 жыл оқыдым. Оқудың бәрі бірдей деген дұрыс емес. Негізі, оқу бірдей болғанымен, Мәскеудің оқуы бөлек. Сөйтіп үлкен мектептен өттім. Сол кездегі одақтың кіл мықтыларынан дәріс алдым. Мәскеудегі оқуымды аяқтап келгеннен кейін бізді Торғай өңіріне жіберді. Сол өңірге барып жұмысқа кірісіп кеттік. Торғайда жұмыс істеп жүргенде мені Алматыға «Бандыны қуған Хамит» фильміне эпизодқа түсуге шақырды. Осылайша Алматыға қайта оралдым. Киноға түсемін деп үш айдай осы жақта жүріп қалдым. Енді Торғайға барғанда не істеймін? Алматыда қалуды ұйғардым. Ол кезде Әуезов театрына жақындай алмайсың. Кіл мықтылар жұмыс істейді. Актерлерінің өзі Ыдырыс Ноғайбаев, Асанәлі Әшімов, Әнуар Молдабеков сынды өнер майталмандары.

Жас қазақ: Енді қайда жұмысқа орналастыңыз?

Айдос Бектеміров: Жастар театрына барып, сол жерге жұмысқа кірдім. Әмина Өмірзақовамен бірге ойнадым. Осылайша, Жастар театрында 25 жыл қызмет еттім. «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Қызыл жебе» деген қойылымдарда ойнадым. Тұрар Рысқұловтың ролін сомдадым. Ол кездегі халықтың театрға деген ықыласы ерекше, тіпті есікке сыймай тұратын. Осы рөлім үшін Қазақстанның еңбек сіңірген деген

Жас қазақ: Кейінгі кезде отандық кинолардан жиі көрініп жүрісіз. Халық сіздің «Ағайындылар» сериалындағы рөліңізді жылы қабылдады. Жалпы киноға қалай келдіңіз?

Айдос Бектеміров: Актерді өмірінде кино актері, театр актері деп бөліп жатады. Біз жалпы оқыған кезде біздің дипломда драма және кино актері деп жазылады. Бірақ кейбірі киноға келетін актер болса, кейбірі театрга бейімді болады. Актердің өзінің дарынына байланысты деп ойлаймын. Мықты актер киноны да, театрды да қатар алып жүре алады. Театр кино бір-біріне келергі жасамайды. Екеуінің де мақсаты бір. Образды ашу,



ойды жеткізу. Ойды алып шығатын актер ұтады. Жазушы Оралхан Бөкей айтқан екен «Біреудің сөзін жаттап айту өнер емес деп». Осы сөзді кәдімгідей көңіліме алдым. Сонда ол кісінің айтқысы келгені сөз адамның ойын жеткізетін құрал. Ең алдымен, ой жеткен жерде көрермен сізді бірінші қабылдайды. Пьеса болсын, спектакль болсын ең алдымен,

басқа адамды алсаң да, ренжімеймін» дедім. Сөйтсем, ол «Жоқ аға бәрі дұрыс, осылай ойнай беріңіз», — деді. Сөйтіп көпшіліктің көңілінен шыққан кинодан бір-ақ шықтым.

ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА

Голливудқа барған қазақ актері




Актерді өмірінде кино актері, театр актері деп бөліп жатады. Біз жалпы оқыған кезде біздің дипломда драма және кино актері деп жазылады. Бірақ кейбірі киноға келетін актер болса, кейбірі театрға бейімді болады. Актердің өзінің дарынына байланысты деп ойлаймын. Мықты актер киноны да, театрды да қатар алып жүре алады. Театр кино бір-біріне кедергі жасамайды. Екеуінің де мақсаты бір. Образды ашу, ойды жеткізу. Ойды алып шығатын актер ұтады. Жазушы Оралхан Бөкей айтқан екен «Біреудің сөзін жаттап айту өнер емес деп». Осы сөзді кәдімгідей көңіліме алдым. Сонда ол кісінің айтқысы келгені сөз адамның ойын жеткізетін құрал. Ең алдымен, ой жеткен жерде көрермен сізді бірінші қабылдайды.

атағын алдым. Сол кездегі дүрілдеп тұрған Байділде Қалтаев, Қасым Жәкібаев, Мәкір Құланбаев, Мұхтар Бактыгереев, Атагелді Смайылов сынды өнер тарландарымен бірге қызмет еттім. Сол кездегі актерлік құрамды өз ісінің нағыз шебері алып актерлер болды айта аламын. Жастар театрының үлкен мектебінен өттім. 2013 жылы үлкен театрда өзімді сынап көрейін деп карашанырақ Әуезов театрына келдім. Есмұхан Обаев «Айман-Шолпан» спектакліндегі Көгібардың рөліне шақырды. Бұл шаңырақта да үлкен-үлкен рөлдерді сомдадым. «Еңлік-Кебекте» - Кенгірбай, «Абайда» Оразбай ылғи бір ерекше образдарды ойнадым. Бұл қойылымдардың ешқайсысы Шекспирдің шығармаларынан кем түспейді. 13 жылдан



ойды көрерменге жеткізе алсаң, шынайы болады. Құры сөзді жаттап алып айтып шығумен ешкімді таңқалдыра алмайсың. Мен өзімді киноға келмейтін актермін деп ойлап жүрдім. Бірақ қызығатынмын. Бір күні жұмысқа келе жатсам, бір топ жас суретке түсіп жатыр екен. Мені біреуі байқап қалып:

— Ағай, сізді суретке түсіріп алсам бола ма? Киноға проба болып жатыр еді деді.



«Марко Поло» фильміне кастинг басталғанын айтты. Менен басқаларының барлығы барып, кастингке қатысыпты. Мен ғана қалыппын. Сөйтіп фотопробадан өтіп, келесі кезеңге өттім. Кинопробаға шақырды. Ағылшын тілі орыс әріптерімен жазылған сценарийді оқытты. Кинопробаға барсам, өңкей кіл мықтылардың барлығы сол жерде жүр. Кезегім келді. Тексті жаттамағам қағазға қарап оқып бердім. Өтем деген ойда жок. Олардың офісі Малайзияда екен. Өткен адамның суреті факспен келу керек. Барлығымыз күтіп жүрміз. Менің суретім шыққанда бәрі таңқалды. Бір уақытта қонырау шалып құттықтады. Түсірілім күз кезінде болады дегеннен кейін жайбаракат жүре бердім. Денсаулығым сыр беріп, ауруханаға түсіп қалдым.

Сол кезде ассистент қыз хабарласып, түсірілімнің ерте басталатынын айтты. Малайзияға ұшуым керек болды. Ауырып жатқан жерімнен дәрігерге қолхат қалдырып, жолға шықтым. Бағытым Куала-Лумпур. Әуежайдан күтіп алып, ары қарай кеденнен өткізіп жіберді. Киноға түсуге 20 күн уақыт кетті. Намысқа тырысып, барымды салдым. Генерал Аруко деген кейіпкерді сомдадым. Одан кейін «Құнанбай» фильмінде Барақ сұлтанды ойнадым. Бұл фильм екі халықаралық фестивалдің лауреаты атанды.

Жас қазақ: Аға буын ретінде жас актерлерге қандай ақыл айтар едіңіз? **Айдос Бектеміров:** Актер ылғи әрнәрсеге дайын болу керек. Біз жастарды мақтап-мақтап марқайтып аламыз. Ал тоқмейілеу адамды құртады. Абай атамның бір сөзі есімге түсіп отыр «Тамағы тоқтық, қайғысы жоқтық-аздырар адам баласын» деген. Тамағы тоқ, қарны тоқ, Әуезов театрында істеп жатыр. Міне, осының бәрі жастарды масайтып жіберді. Ал актер өзін болдым деп тоқтаған кезде оның өнері тоқтайды. 5–10 жылда актер болмайды. Актер 20 жылдан кейін ашылып, өзінің кемеліне келеді.

Жас қазақ: Отбасыңыз туралы айтсаңыз? **Айдос Бектеміров:** Отбасым туралы айтатын болсам, дәм-тұзымыз жарасып актриса Жібек Шегебаевамен отау құрдым. Ол кісі Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында актриса, еңбек сіңірген қайраткер. Үш қызымыз бар.Үлкен қызым Үлзира, екіншісі Гауһар, кенже қызымның есімі Інкәр. Үш қызым да жоғары білімді. Кішкентай кездерінде үшеуін де өнерге жақындатып, музыка, би үйірмесіне қатыстырдым. Бірақ үшеуінің бойында өнерге деген қызығушылық болмады. Үшеуі де үш түрлі саланы тандады. Немерелерім бар. Осылай өмір жалғасып жатыр.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА



асты осы шаңырақта қызмет етіп жүрмін. Шүкір, еңбегіміз еленіп мәртебеміз артып жатыр.

болған соң көңіліме келеді деп айта алмай жүр ме деп. Бір күні Ақанды шақырып алдым да айттым: «Ұнамай жүрсем айт, орныма

14

ӨЛКЕ

www.jasqazaq.kz

Сонау Ауғанстаннан ата-бабасының туған топырағына оралып, тіршіліктің ақбас толқынымен алысып, өз алдына кәсібін дөңгелетіп отырған кәсіпкер Нәжибулла Абдул Халилдің елге тигізіп жатқан шарапаты хақында. Шарапатын ширатып бірден айтуға да болар. Серіктестікте екі жүз елуге таяу адам жұмыс істейді. Олардың орташа жалақысы 80-100 мың аралығында. Демек, дағдарыстың дауылы біресе қаржы тапшылығы, біресе жұмыссыздық болып келіп, қараша үйдің шаңырағын желпілдеткенде осы серіктестікте жұмыс істеп, күнкөрісін айырып отырған жұмысшылардың тіршілікте қарманар дәнекері де осы ұжым емес пе?!

— «Ақмола Бидай» компаниясы әр ай сайын шетелдердегі сатып алушыларға төрт мың тоннаға дейін үн жеткізіп бере алады. Соңғы уақытта Шығыс Азияда астық пен бидайға деген сұраныс біршама өсті. Егер біздің компания бұған дейін астықты Өзбекстан, Ауғанстан, Иран, Қырғызстан, Тәжікстан, Египет сияқты елдерге экспорттаған болса, кейінгі кезде тұрақты тұтынушыларымызды тауып, жүйелі жұмыс істеп отырмыз, — дейді

үшін өте тиімді. Негізінде банктердің 10-14 пайызбен несие беретіндігін елдің бәрі біледі. Оның үстіне несиеіні төлеу шарттары біз үшін ыңғайлы. Егер мемлекеттің бизнесті қолдау жағынан жүргізіп отырған саясаты дәл осындай деңгейде болмағанда шынын айту керек, біз мұндай ауқымды жұмыстарды жасап, бүгінгі биігімізге көтеріле алмас едік. Мемлекеттік қолдаудың арқасында жоба



Серіктестіктің үздіксіз атқарып жатқан жұмыстарын тілге тиек етіп отырған Нәжибулла Абдул Халил енді бір сәт

ӨРКЕНДЕП ӨСШІ, АЯУЛЫ АТАМЕКЕНІМ! — дейді ауған кәсіпкері Нәжибулла Абдул Халил

серіктестіктің директоры Нәжибулла Абдул Халил, — негізінде Қазақстанның бидайы, оның ішінде Ақмола облысының бидайы жоғары бағаланады. Серіктестіктің мамандары өз істеріне мұқият. Қалай айтсақ та, шетелдік тұтынушының кірпияздығы көзге көрініп тұрады екен. Әншейінде үн салынатын қапта салмақ 500 грамм кем, 500 грамм артық бола беруі мүмкін. Ал шетелдік тұтынушы мұндай немкеттілікті көтере бермейтін

жүзеге асып, ойға алған іс қарқынды даму үстінде. Қазір серіктестік тәулігіне 200 тоннаға дейін үн тарта алады. Үгуге қажетті бидай тапшылығы жоқ. Өйткені, серіктестіктің жиырма мың гектар жері бар. Биылғы жылы агротехникалық шараларды уақытылы жүргізудің арқасында бидайдың әр гектарынан 20 центнерден, арпаның әр гектарынан 25 центнерден өнім жинап, өздерінің элеваторларына құйып алды. Егін



шаруашылығына қажетті техника сақадай сай және оның барлығы шетелдік қуатты техникалар. Биыл егін алқаптарында 25 комбайн жұмыс істеді. Серіктестіктің 15 КамАЗ-ы іркіліссіз тасымалдады. Алты ауылдың аумағында егін егіп, көсегесін көгертіп отырған серіктестік жергілікті халыққа да қарайласады. Осы ауылдардағы білім ошақтарының ағымдағы жөндеу жұмысына, білім ошақтарында оқитын әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген оқушылардың ыстық ас ішуіне де қолғабысын көрсетуде. — Ең бастысы, серіктестік ауыл адамдарына болсын, тіпті қаланың тұрғындарына да жұмыс



әңгіменің ауаның адамдардың жұмысқа деген ынтыс тақырыбына ойыстырған: — Біз Ауғанстанда Маймана деп аталатын қалада тұрдық. Алты қазақ отбасы ғана болдық. Әкемнің әкесі, яғни атам Якуб көлөнер шебері болды. Ол кісі танның атасынан күннің батысына дейін бір тынбай еңбек ететін. Біз көзімізді ашқаннан бастап еңбектің құдіретін ұғынып өстік. Ол жердегі казактардың көпшілігі қолдарынан іс келетін,



көрінеді. Олар әр грамына дейін есепке алады. Сондықтан, сатқан ұнын сәл ғана кем түсіп жатса, сауданың сәті түспей қалуы оп-оңай. Ақыл таразысына салып қарасақ, серіктестіктің бизнес идеядан бастап, түпкі нәтижедегі бизнес жобаға дейін мың сан бұраланнан өтіп, тыннан өз жолын тауып жұмыс істеуіне бірнеше фактор әсер етіп отыр. Бұл арала бірден айта кету керек, алғашқы орында мемлекеттің бизнеске көрсетіп отырған жанды көмегі. Екіншіден, банкпен бұрыннан бері іскерлік қарым-қатынас жасап келе жатқан серіктестіктің сенімділігі. Міне, осындай ілкімді іс-қимылдың арқасында компания жұмыстың барлық сатысынан оңай өтіп, орнықты шешім қабылдай алады. Тағы бір ұтымды жай дөңді дақылдарды өздері егіп, одан өнім дайындайтын кәсіпорын қашанда сенімді. Бұлар әу баста өз қаражатымен құрылыс жұмысын бастап кеткен. Кейін өндіріске бөлінетін «Даму» өндірістік мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде ірі жобаға несие алған. Сөйтіп, діірмен құрылысы және оған қажетті құрал-жабдықтарды сатып алу үшін 400 миллион тенге көлемінде қаржы жұмсалған.



— Бұл қаражат мемлекеттік бағдарламада көрсетілгеніндей, несиелік желі ішінде жылына 6 пайыз мөлшерінде берілді, — дейді компания директоры, — шынтуайтында, бұл кәсіпкерлер

тауып беріп отыр. Тұрақты жалақы алғаннан кейін жұмысшылардың еңбекке деген ынтыс да жақсы, — дейді серіктестік директорының кеңесшісі, ел ағасы Сансызбай Мұхитанов.

өнер келетін адамдар болған соң аштан өлмей аман қалды. Жалқаулық, еріншектік деген атымен жоқ. Ондай болсан күнінді көре алмай, бір бұрышта бұратылып жатасың ғой. Жанағы алты отбасы бір-біріне қарайласып, тату-тәтті тұрды. Дінімізді, тілімізді сақтадық. Жатқа қыз бермедік. Жаттан әйел алмадық. Адал еңбектің арқасында тұрмысымыз да жаман болған жоқ. Қалай болған күнде де қазақ атына кір келтірген жоқпыз, — дейді ол. Қырықтын қыркасына жана шықса да, сергек көңілге түйгені көп басшының айтуына қарағанда, ат жалын тартып мінген әр азаматтың отбасын асырайтын бір өнері болуы керек. Мейлі етікші бол, мейлі дәнекерлеуші бол. Кім болсан да, жанағы өзін қалап алған мамандықтың ең мықтысы бол. Сонда қажет еткен адамдар сені өзі іздеп келеді. Аштан өлмейсің, көштен қалмайсың. Қажыр-қайратын тасып бара жатса, ынтаң мен ықыласын сол деңгейде болса, ұшпаққа шығасың. Бұл біз айтқан пәлсафа емес, тері илеп, қайыс қайыған етікші атасының бауырында жатып, еңбек деген құдіреттің күшін ұққан, бүгінде сол еңбегінің арқасында бір белеске көтерілген кәсіпкердің пайымы. Біз де әңгіменің әуелгі әуенін әрлемей, сол қалпында айтуға тырыстық. Оқыған жанның жетесіне жетсе екен деп.

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

Халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын шешуге болады. Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев пен Еуропа қайта құру және даму банкінің (ЕКДБ) Қазақстандағы директоры Жанет Хәкман арасында өткен кездесуде осы мәселе жайында сөз болды. «Қазақпараттың» облыс әкімінің баспасөз қызметіне сүйене отырып, таратқан ақпаратында басқосуда тараптар екі жақты бірлескен жобалар жайын талқылап, алдағы жоспарларымен бөліскені айтылды.

Аймақ басшысы, ең алдымен, мәртебелі мейманды өңірдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерімен таныстырып, аталған банк өкілдігімен ауыл шаруашылығы, коммуналды шаруашылық, инфрақұрылым, автожолдар салу мен әуежай құрылысын жүргізу салаларында бірлесе жұмыс істеуге ниетті екенін жеткізді. Үш миллионға жуық халқы бар өңірдегі туу көрсеткішінің жоғары екенін, сәйкесінше, бұл ретте инфрақұрылымдық, әлеуметтік, коммуникациялық мәселелер жайы туындайтыны заңды екеніне тоқталған әкім, атап айтқанда, сумен жабдықтау, жылумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау мәселесінде қаржы бөлу қажеттігін айтты.



ТИІМДІ УАҒДАЛАСТЫҚ

Ж.Түймебаев «Жалпы, Қазақстан үкіметі түрлі салалар бойынша қыруар қаржы бөлуде. Десе де, мұндай халықаралық ұйымдардың қаржысы біз үшін артықтық етпейді. Аталған банкпен бірге біз Шымкент, Түркістан, Кентау қалаларының инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыс жүргізуге әзір. Бұл қаржы институтымен бірлесе жұмыс істедудің бірінші тиімді тұсы — тенге айналымын жүргізуге мүмкіндігіміз бар. Екіншіден, пайыздық ставкасы басқа банктермен салыстырғанда өте төмен», — делі. Өз кезегінде, ЕКҚДБ-нің Қазақстандағы директоры Джанет Хәкман айтылған ұсыныстар бойынша ынтымақтастық орнатуға дайын екенін жеткізді. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар алдағы уақытта нақты ұсыныстар негізінде жұмыс істеуге уағдаласты. Айта кетейік, Еуропа қайта құру және даму банкі (ЕКДБ) - халықаралық үкіметаралық қаржы-несиелік ұйым болып табылады. Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің ұзақ мерзімді несиелендіру жөніндегі аймақтық мемлекетаралық банкі. 1990 жылы 29 мамырда болған келісім бойынша халықаралық қаржы

мекемесі ретінде құрылған. Штаб-пәтері Лондонда орналасқан. Еуропа қайта құру және даму банкіге 50-ге жуық ел, соның ішінде ТМД елдері, сондай-ақ Еуропа инвестициялық банкісі мен Еуропа қоғамдастығы мүше болып табылады. Банкке суропалық емес елдер де мүше бола алады. Банкінің мақсаты — Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі, сондай-ақ бұрынғы кеңестік республикаларда экономикалық реформаны қаржыландыру. Олардың ашық нарықтық негізде экономиканың дамуына септігін тигізу; кредит алған елдерде құрылымдық реформа жүргізуге, жекешелендіруге және монополияны жоюға, орталықсыздандыруға көмектесу арқылы олардың экономикасын әлемдік интеграцияға тарту. Банк мемлекеттік қана емес, сондай-ақ жеке секторда да әрекет етеді, коммерциялық мүмкіндігі жоғары жобаларға қатысады. 1992 жылдан бері Қазақстанмен байланыс орнатып, түрлі салалар негізінде жұмыс істеп келе жатқан банк өкілдігі биылдың өзінде еліміздегі әртүрлі 28 жобаға 703 млн еуро көлемінде қаржы салған.

Дайындаған Руслан ДОСТАЕВ, Оңтүстік Қазақстан облысы

Балалар бақшасының ашылуы анау айтқандай жаңалық бола қоймауы мүмкін. Бірақ Көкшетау қаласының іргесіндегі тұрғылықты жұрт «шанхай» атап кеткен, жолың түссе жетуің қиын, жетсең кетуің қиын ит арқасы қияндағы елді мекенде 240 орындық екі қабатты балалар бақшасының ашылуы шын мәнінде, осындағы бір қауым елді қуанышқа кенелткен оқиға болып отыр. Бұл өзі кешегі кеңес заманында жақсылықтың жанарына ілікпеген, басшылардың мейірі түспеген, қаға берісте жатып, қағажуды көп көрген жер еді.



КІШКЕНТАЙ ЕЛДІ МЕКЕННІҢ ҮЛКЕН ҚУАНЫШЫ

Аумағы да әжептәуір. Енді, міне, облыстық бюджеттен 532 миллион тенге қаржы бөлініп, сол қомақты қаржыны «ТТС Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі толық игеріп, ішіне кірсең шықкысыз, сәл-пәл әсірелеп айтқанда жұмыртқадай жұтынған бүлдіршіндердің ыстық ұясына айналғалы отыр. Балабақшаның менгерушісі Сандуғаш Жұмажанованың айтуына қарағанда, мемлекеттік тілде тәлім-тәрбие беретін 7 топ, орыс тілінде тәлім-тәрбие беретін 4 топ жұмыс істемек. Оған қоса, санаторлық топ та бар.

Алыстан көз тартатын өзіміздің өлшеммен алғанда, қарамы әжептәуір құрылыстың көлемі ат шаптырған. Іші жылы, жарық. — Негізінен, бұл жерде облыстың аудандарынан, жабылып жатқан шағын елді мекендерден көшіп келген адамдар тұрады, — дейді жергілікті тұрғын Бейсенбай Кәрібаев, — олар қаладан жұмыс тапқанша, қаншама қиындықтан өтеді. Жұмыс табыла

қалса, балаларын беретін балабақша болмай көп киналып еді. Қаланың өзіне әуірімдеп орналасқандығынанмен, апарып-әкелудің өзі бір жұмыс. Бұл қуаныш тәуелсіздік мерекесі қарсаңында тамаша тарту болды. Жергілікті жұрт шын мәнінде, бір серпіліп қалды. 180 жылдық тарихы бар



облыс орталығының еншісі бөлінбеген бір пұшағында, қазіргі тілмен айтқанда, мөлтекауданында тұңғыш ашылған толымды балабақша осы.

Байкал КАЙЫРЛЫҒҰЛЫ

Оңтүстік астанамызда алғаш рет «Еуразия Барысы» сайысы ұйымдастырылды. Тұңғыш Президент күні мен Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған байрақты бәсекенің бас-қасында Қазақ күрес федерациясының президенті Арман Шораев жүргені баршамызға белгілі. Соңғы бес жыл қатарынан қазақ балуандарының кіл мықтысын анықтап, ұлттық спорт түріне қызығушылығымызды арттырып жүрген А.Шораевпен сұхбаттасқан едік.



Арман Шораев: Бала кезімде арманым көп болды. Мәселен, ғарышкер болғым келді. Кейін әке атанған соң, өсіп жетілген соң спорттың бұл түрінің қаншалықты пайдалы екенін түсіндім. **Жас казак:** Бұрын біздің бала кезімізде ауылда ат жарыс өткен сайын, ұлттық спорттың басқа түрінен де жарыс өтіп тұратын. Әр ауылдың балуандары жиналып, кіл мықтыларды анықтаушы еді. Кейін Сіз казак күресін насихаттауды қолға алып, ел деңгейінде жарыс өткізуді қолға алдыңыз. «Қазақстан Барысы», «Әлем Барысы», «Еуразия Барысы», «Жас Барыс» деген атаумен жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдырдыңыз. Бүгінде бұл жобаларға казак жастарының қызығушылығы қай деңгейде?

Арман Шораев: Ресми мәліметке жүгінер болсақ, 2010 жылы казак күресімен 30 мыңға жуық адам шұғылдана, қазіргі таңда 120 мыңға жетті. Төрт есеге артты. Менің тағы бір арманым — казак күресін жапондардың дзюдосы, ресейліктердің самбосы, корейліктердің тхэквондосы сынды халықаралық деңгейге көтеру. Жапонияда дзюдомен қатар сумосы бар. Олимпиада бағдарламасына кірмесе де, өте танымал. Бүкіл әлем біледі десем қателеспеймін. Ал менің казак күресін насихаттауға Моңғолияға барған сапарым себеп болды. Моңғолия шағын ғана ел болса да, басқа спорт түрлеріне қарағанда, ұлттық күресінің мәртебесі биік. Моңғолия арыстаны атанған спортшыны қатты құрметтейді. Үйлерінің төрінде суреті ілініп тұрады.

Жас казак: Бізде де «Қазақстан

Арман ШОРАЕВ:

ҚАЗАҚ КҮРЕСІ – ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРЕДІ

Жас казак: Арман Төлегенұлы, газетімізге берген сұхбатыңызды казак күресін «Ұлттық жобадан ұлттық идеяға» айналдыру мәселесін көтеріп едіңіз. Бұл жоспарыңыз қаншалықты жүзеге асып жатыр?

Арман Шораев: Халықты біріктіретін, намысын оятатын, жігерлендіретін үлкен жобалар болу керек. Біз үшін сондай жобаның бірі — Казак күресі деп ойлаймын. «Ұлттық бренд» деп айтуға болады. Менің қазіргі арманым — казак күресін мектеп бағдарламасына енгізу. Себебі оқушы қай сабақтан болмасын озат оқыса да, рухын оятатын, патриоттық сезімге баулитын, мінезін шындайтын Казак күресі сынды спорт түрімен айналысуы керек. Осы мәселені бәріне жеткізім келеді.



Жас казак: Сіз телеарна басқарып жүріп, казак күресін насихаттауды білек сыбана қолға алдыңыз. Бұған не себеп болды? Жалпы, өзіңіз бала кезіңізде күреспен айналыстыңыз ба? **Арман Шораев:** Иә, кезінде қатысқам. Мектепте оқып жүрген кезімде грек-рим күресімен 2 жылдан астам уақыт шұғылдандым. Кейін бөлімнен жарақат алып тоқтатуға тура келді. Дегенмен, маған сол барған екі жылдың өзі көп көмектесті. Әскерге барғанда да септігі тиді. Әртүрлі жарыстар болады. Күш-қуат тұрғысынан дайын екенімді әрдайым дәлелдеп жүрдім.

Жас казак: Сонда сіздің казак күресін дамыту бала кезіңізден келе жатқан арманыңыз ба?

Барысы» атанған балуандарға мемлекет, халық тарапынан қошемет көрсетіліп жатыр емес пе?

Арман Шораев: Әрине. Мысалы, Бейбіт, Ұлан, Айбек балуандарымыз елге танымал. Олимпиада чемпиондарынан кем қошемет көрсетіліп жатқан жоқ. Сол үшін жұмыс істедік. Алдағы уақытта да жалғастырамыз.

Жас казак: Казак күресін ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізу жоспарланып жатқанын естідік. Ал төл күресті халықаралық деңгейде насихаттау үшін «Әлем Барысы» жарысының қаншалықты септігі тиіп жатыр?

Арман Шораев: Белгілі дәрежеде пайдасы бар. Бүгінде Олимпиада бағдарламасына

Жас казак: «Қазақстан Барысы», «Еуразия Барысы» туралы естігеніміз көп. «Жас Барыс» жобасы туралы айтып берсеңіз? Қай жас аралығын қамтиды?

Арман Шораев: Сегіз салмақ бойынша жасөспірімдер қатысады. Биыл бесінші жыл қатарынан өткізіп жатырмыз. Қызылордада, Қостанайда, Павлодарда, Талдықорғанда өткіздік. Сол жобаның арқасында аймақ-аймақтан жасөспірімдеріміз казак күресіне тартылып жатыр. Олардың қызығушылығын оятты. Бірінші рет өткізгенімізде 4 өңірден ғана қатысса, қазір барлық облыстың жас балуандары жарыста бағын сынауда. Бәсекелестік бар. Бірінші жарысқа қатысқандар бүгінде «Қазақстан Барысында»

салмақта кілемге шығатын жігіттер баршылық. Токиода өтетін Олимпиадаға бір балуанымыз жолдама ұтып алып, жеңімпаз болса деген ниетіміз бар.

Жас казак: Енді Алматыда өтетін «Еуразия Барысы» туралы айтып берсеңіз. Қанша елдің балуаны қатысады?

Арман Шораев: 8 елден балуан қатысады. Оның ішінде Моңғолияны ерекше атап өткім келеді. Ауыр салмақта өнер көрсететін балуаны «Моңғолияның Арыстаны» деген атаққа ие. Гүржістанның құрамасы да осал емес. Өткен жылы актық сынға дейін барып, екінші орын алды. Өзбектер де мықты. Тәжік, Ресей балуандары мықты дайындықпен келді. Бірінші рет украин балуандары қатысады. Біздің



ұлттық құрамаға қиындау болады. Өткен жылы жеңіл салмақтағы балуандар құтқарып кетті.

Жас казак: Бізден «Моңғолияның Арыстанына» кім қарсылық көрсетеді?

Арман Шораев: Әйбек Нұғыманов. Бейбіт қосалқы құрамда. Моңғол жігіті бізге тұңғыш рет келе жатыр.

Жас казак: Соңғы «Еуразия Барысы» турнирінде бір мемлекеттен 8 балуанға дейін қатысуға рұқсат берілген еді. Биыл да осы регламент сақталып қала ма?

жақсы өнер көрсетуде. Мені бір қауантарлық жағдай, бүгінде басты жарысқа қатысатын балуандарымыз құрамы толықтай өзгеруде. Жас балуандарымыз жақсы дайындықпен шығып жатыр.

Жас казак: Бірақ жеңімпаз өзгермейді.

Арман Шораев: Енді Бейбіттің орны бөлек. Ол — біртуар балуан. Бейбіт тек казак күресімен айналысып жүрген азамат. Өткен жылы «Қазақстан Барысына» дайындалу үшін 3 ай Жапонияға кетті. Оны кәсіби балуан деп айтуға болады.

Жас казак: Казак күресі Олимпиада бағдарламасында болмағанымен дзюдо бар. Біздің жеңімпаз балуандарымыз сол халықаралық деңгейдегі жарысқа қатысуына не кедергі? «Қазақстан Барысы» Олимпиаданың жүлдегері болып жатса, казак күресінің деңгейі бір көтеріліп қалмай ма?

Арман Шораев: Әрине. Руслан Әбдіразақов дзюдолан ұлттық құраманың қатарында өнер көрсетеді. Дәулетхан Жақып бар. Самбомен, еркін күреспен айналысып жүрген азаматтар бар. Бізде осы күнге дейін Жақсылық Үшкемпіров ағамыздан бастап, Елдос Сметовті айтар болсақ, жеңіл салмақта жеңімпаз атанды. Менін арманым — ауыр салмақта чемпион шығару. «Қазақстан Барысы» жобасында ауыр



Арман Шораев: Иә, сақталды. Сегіз салмақта балуандарымыз бағын сынаиды. «Еуразия Барысының» «Қазақстан Барысынан» ұтымды жері оған жеңіл салмақтағы балуандар қатыса алады. Осы жоба арқылы жеңіл салмақтағылардың да аты шығады.

Жас казак: Бір сұхбатыңызда биыл казак күресінен әлем чемпионаты өтетін айтып едіңіз. Жоспарларыңыз жүзеге асып жатыр ма?

Арман Шораев: Ондай ой болған. Бірақ келесі жылға қалдырдық. ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіне орайластырып, Астанада «Әлем Барысын» өткіземіз. Биыл қырғыз бауырларымыз «Көшпенділер» жарысын өте жоғары деңгейде өткізді. Біз де сол форматты



Арман Шораев: Ұсыныс бар. Моңғол, өзбек, түрік бауырларымыз жарысты өздерінде өткізуге дайын екенін жеткізді. Ол алдағы жоспарда бар. Әлем чемпионатының болашақта Еуропа елдерінде өтуі мүмкін. Келер жылы Астанада өтетін байрақты бәсекеге 70 елдің балуаны қатысады деп күтілуде.

Жас казак: «Алматы Аренада» казак күресінен жаттығу залы ашылады деп жатыр. Сіздердің өткізгелі отырған «Еуразия Барысы» жастарға мотивация болатын сияқты. Қалай ойлайсыз?

Арман Шораев: Алматы жастарына дем береді деген ойдамын. Тағы бір айта кетер жаналығым, Бауыржан Байбек мырза Алматы қалалық Казак күресі федерациясының президенті болып сайланды. Өзінен осындай ұсыныс түскен соң қуана қабылдадық. Себебі Алматы еліміздегі ірі мегаполистің бірі болғанымен жастардың казак күресімен айналысу деңгейі төмендеу. Әкімдік қолдап отырғаннан кейін бір нәтиже болары анық.

Жас казак: Жалпы, Казак күресі федерациясының еліміздің қанша өңірінде өкілдігі бар? Қай аймақтың казак күресіне деген қызығушылығы басым?

Арман Шораев: Казак күресі Қызылорда, Жамбыл, Алматы облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, батыста Ақтауда жақсы дамыған. Федерация бүгінде осы олқылықты жою үшін барынша күш салып жатыр. Әр өңірдегі казак күресіне жанашыр беделді азаматтарды тартуламыз. Аймақтарда кәсіби клуб ашуды бір қолға қойдық. Жоспарымыз толығымен жүзеге асқанға футболдан қалай турнир өтеді, казак күресінен де солай болады. 3-4 жылдан кейін жыл бойы ел ішінде чемпионат өткізу жоспарда бар.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Павлодарда бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Мырзағали Айтжанов жаңа құрам боксшыларын бөкітті. Бұл туралы Қазақстан бокс федерациясы хабарлады.

Құрамаға ел біріншілігінде топ жарған боксшылар мен жастар арасында құрлық және әлемдік жарыста жеңімпаз атанған спортшылар кіріп отыр. «60 келіге дейінгі салмақта құрамаға үш боксшыдан алынады, ал қалған салмақтарда — төрт боксшы. Ең ірі бәсекелестік жартылай ауыр салмақ 81 келіге дейін бес боксшы еніп отыр», — делінген хабарламада.

49 келі: Теміртас Жүсіпов, Ержан Жомарт, Шалқар Айқынай



52 келі: Азамат Исақұлов, Әнуар Мұзапаров, Азат Махметов
56 келі: Қайрат Ерөліев, Нұрбол Қалжанов, Лияс Сүлеймен, Жанболат Кыдырбаев

БОКСТАН ЖАҢА ҚҰРАМ ЖАСАҚТАЛДЫ

60 келі: Зәкір Сафиуллин, Әділет Құрметов, Серік Теміржанов
64 келі: Бекдәулет Ибрагимов, Қуан Қуатов, Ділмұрат Мәжитов, Аян Калибеков
69 келі: Данияр Елеусінов, Абылайхан Жүсіпов, Илья Очкин, Садриддин Ахмедов
75 келі: Әбілхан Аманқұл, Тұрсынбай Құлахмет, Ерік Әлжанов, Бек Нұрмағанбет
81 келі: Әділбек Ниязымбетов, Жәнібек Әлімханұлы, Нұрәулет Жарманов, Бекзат Нұрәулетов, Шаймұрат Құсайынов
91 келі: Василий Левит, Антон Пинчук, Арбек Әбдуганов, Серік Мұсаділов
+91 келі: Иван Дычко, Камшыбек Конқабаев, Нұрлан Сапарбай, Олжас

Бокаев.

Алғашқы оқу-жаттығу жиыны 2017 жылы 5-26 қаңтар аралығында Алматы облысындағы бүкіләлемдік бокс академиясында өтеді.



ДЗЮДОДАН ЖЕҢІМПАЗ

Болгарияның астанасы София қаласында өткен халықаралық турнирде Татьянадан бөлек,

Виктория Ли есімді спортшымыз қола медальға қол жеткізген. №2 жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Геннадий Маменов «Бұл қыздар спорт шеберлігіне

Болгарияда дзюдодан өткен халықаралық турнирде Ақсу қаласының тұрғыны 16 жастағы Татьяна Курчинкина Болгарияда жеңімпаз атанды. Бұл туралы pavlodarnews.kz хабарлады.

үміткер және үнемі облыстық, республикалық, халықаралық турнирлерде бак сынап жүр», — дейді. Бұл жолғы жарысқа Чехия, Польша, Сербия, Словения, Македония, Босния, Грекия, Түркия, Румыния, Грузия, Украина және Болгарияның өз спортшылары қатысты. Спортшыларымыз ол жақта жоғары нәтиже көрсетіп қана қоймай, жақсы спорттық тәжірибе жинап қайтты.

Қазіргі күнде ата-бабамыз айналысқан қандай да бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған, қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Қолөнер десек, онда оның көптеген түрлері бар: «құрақ құрау», «кілем тоқу», «тұт күй тоқу», «сырмақ басу», «кесте тігу» сияқты. Әр халықтың өзіне тән өнері, тілі, салт-дәстүрі бар. Сол сияқты қазақ халқының қолөнерінің өмірге келуі халықтың көшпелі өміріне байланысты. Біздің заманымызға бабаларымыздың өсиет үлгісі, өнері арқылы жеткен. Атадан баласына, анасынан қызына мұрас болып келе жатқан – сәндік өнерінің өзі ұлттық мәдениетіміздің дамуына ықпал етеді.

Аталарымыз қызымыз бен ұлымыз сегіз қырлы, бір сырлы болуын қадағалаған. Әсіресе қыз балаға: ине сабақтап, түйме қалау, кесте тігулі, ас пісіруді үйретсе, ұл балаларымызға таспа тілу, өрім тоқу, мал



Сақыпжамал апанын терең әжiмiнде, қолының тарамыс тамырында қазақ салт-дәстүрінің таңбасы сақталғандай. Ойлы



жанарын гүлдесте көмкеріп, саусағынан өрнек өріліп жатады. Кестенің бізі – көңілдің ізі сияқты. Бір суретке бір сурет жалғанып, әдемі көрініске ұласып жатады. Шынайы суреткер болса, кестешінің осы келбетінен әдемі картина тудыра еді. Сақыпжамал апанын қолынан шыққан кимешек-шылауыштың дизайны – бірнеше ғасыр бұрынғы өрнек. Әлі де көзді тойдырып, көңілді сусындатады. Ұланғайыр қазақ даласындағы қолөнердің де өңірлік ерекшелігі болды. Бұрын қонақты үстіндегі киімі мен атының өзбеліне қарап ажыратқан. Кесте мен ою-өрнектің де өңірлік айшығы бар. Оңтүстік қазақтарының кестесі ашық түсті, тігісі жиі келеді. Солтүстік

Кестелеу өнерінің шебері



пен шығыстағы ел ірі ою, кең-мол кесте салған. Маңғыстау қазақтарының қолөнері каракалпак, түркімен елінің айшығына жақын.

Өрнектің бәрі кесте емес. Әрбір оюдың, әр кестенің өз орны, өз мән-мағынасы бар. Кесте сөйлейді. Ою мен өрнек ой салады. Кәсіби кестешілер үшін өрнек пен оюдың қасиетті, ерекше түрлері бар. Бас киімге, көйлекке салынатын кастерлі өрнектерді көрпе-жастыққа салуға болмайды. Кимешек-шылауыш сияқты аналардың бас киімінің әшекейі тіптен ерекше.

Сақыпжамал Ырымбекқызы: «Төбелдірік дейді екен, төбеге салатын кестені. Мандайшаға салатын кестелер де бөлек. Мұны етекке салмайды. Бұрын біздің елде ақ матадан көйлек киеді. Етектеріне кесте салады. Гүлін өрге қаратып, шөптің өрнегін салады. Алты киық болса, алтауына алты түрлі гүлді өрнек салған. Жағаға түсетін өрнек басқа. Қыздар жағаларын да кестелеген. Жеңдеріне де басқа кесте өрнегі салынатын болған. Мына өрнектер етекке тігілмейді. Жаққа

сою және мүшелеуді үйреткен. Бүгінгі күннің талабына сай қолөнер түрлері де сан алуан. Кестелеу, көркемдеп тігу, ою-өрнектерін әшекейлеу. Кестені көңіл сызды, қол тігеді, көз сынайды дегендей, кесте тігудің алуан әдісі бар. Тігіс түрлеріне келсек, көркем тігіс түрлерін білеміз. Егер мал таппақ болсаң, қолөнерді үйренбек керек, мал жұтамайды, деп Абай атамыз өлеңмен кеңес беріп кеткен.

Сақыпжамал апа 80 жастан асқан. Әлі тын. Гүлдесте сызып, кесте тігеді. Қолөнер оның бала жастан бергі кәсібі. Өнердің қасиеті, көзі де, көңілі де жүйрік. Кестені дәстүрлі әдіс – кергішке салады. Кергішпен тігілген кестенің өрнегі бұзылмайды. Кестеші – Қытай жерінде өмір сүрген Танжарық ақынның немерелес туысы. Қасиетті Қызы ананың ұрпағы.

Сақыпжамал Ырымбекқызы «Қазақ дәстүріндегі кесте өнері дегенде, ең алдымен ұзататын қызға тігілетін жасау-жабдықты айтуға болады. Киіз үйдің ішіндегі тегеріш тігеді. Кестенің көбі киіз үйдің ішіне ұсталады. Түскиіз тігеді. Түскиіз екі жастың тілеуін тілейді деп айтады екен әжелеріміз. Кимешек-шылауыш тігеді. Сырмақ, төсеккөз, төсекжабу, сандық қап, шыны қап, айнақап. Осының бәрін кестемен тігеді. Киіз оюмен де жасайды. Жалпы, кесте көбірек тігіледі. Кестенің түрі өте көп. Төсектің бетіне тігіледі. Жұмыр төсектің бетіне, үш қатар тігілетін төсек

тігілетін дүние көп. Ол кестенің мәні – екі жастың отауына тілеу тілейді».

Қазақ кестешілерді ерекше құрметтеген. Өйткені кесте қолөнердің барлық түрінде кездеседі. Киіз үй шеберлері де баспананы әрлеу үшін кестешіге жүгінген. Киім тігетін, көрпе жасайтын шеберлер де кестемен көркемдейді. Етікші мен ағаш-темір шебері де өрнек салғанда кестешінің жүйрік көңіліне тәуелді. Кестеші сызыған гүлдесте, өрнек пен ою көркем шығады.

Колөнер – мәңгілік туынды. Бір халықтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен тарихын өнерінен



түсетін кестенің түрі көп. Мен бір түрін ғана тіктім. Қыздарыма, келіндеріме тіктім. Ол басқа-басқа өрнек, басқа түр. Мысалы, Бейжіңге барғанда мына шылауыштың кестесіндегі гүлінің түрі басқа. Өрнегі де басқа болып келген.

Түскиіз. Қазақ салт-дәстүріндегі ұлық жәдігер. Шебер талай жас отауға тілеу тілеп, осындай сыйлықты өз қолымен тігіп берген. Түскиіздің де түрі, өрнегінің мән-мағынасы көп. Бұрынғы түскиіздердің ортасы бос болған. Қазір гүлдестемен көмкеріледі. Жас отаудың әрбір кестесі жақсы тілекпен, жақсы ниетпен тігіледі. Қолы жеңіл, өнген-өскен кестешіге жасау тіктіру бұрынғының салты. Кестеші үшін де әрбір жіп үлкен оймен, шын көңілмен сабақталады.

Сәндік қолөнердің бір түрі кесте тігу ежелден көптеген халық арасында кең тараған. Кесте тігу

тануға болады. Кестесі көркем. Оюы айшықты. Халқымыздың шеберлігі көздің жауын алады. Төрден босаға дейін гүлдесте көмкеріліп, ою өрнектелген. Сақыпжамал апаны миллионда танытқан, өзін төрге сүйреп жүрген – осы ұлы өнер.

Сақыпжамал Ырымбекқызының айтуынша, бұл енді мәңгі жалғасып келе жатқан қазақи дәстүріміз. Кестесіз, ою-өрнексіз киіз үй болмайды. Кесте – қазақтың ғасырлардан бері жатқан көне дәстүрі. Кесте тігуді алғаш әжесінен үйреніпті.



кесте, жастық қаптарға тігіледі. Жүк жабу бар. Ұзататын қызға берілетін жасауда кестемен



өнері өз маңызы мен қасиетін жоймай келеді. Бұл тамаша өнер Сақыпжамалдай әжелеріміз барда ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, мұра болып қалады.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Ұлттық кәсіби музыка өнерінің қарашаңырағы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптары оркестрі Алматыда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған «Ұлы дала мұрасы» атты мерекелік кеш өткізді.

Ұлы дала мұрасы



Екі бөлімге құрылған концерттің шымылдығы төл шығармалармен ашылып, екінші бөлім классикалық шығармалармен жалғасты. Концерттің ерекшелігі Тәуелсіздігімізді жырлайтын ән-күйлерімізбен қатар, бұрын орындалмаған

Батыржан Мыктыбаев, Сабира Бибатырова өнер көрсетті. Сондай-ақ Ақайша Жұрбай, Әсел Рақымжан, Фархат Кубиев, Дулат Тоқанов, Азамат Малышев, Гүлнұр Көшенова сынды өнерпаздар халықты әсем әнмен сиқырлы күйге бөледі.



классикалық және заманауи шығармалар қазақ оркестрімен орындалды. «Ұлы дала мұрасы» атты кеште дәстүрлі әншілік мектептің өкілдері: Нұржамал

Оркестрді бас дирижер, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері-Арман Жүдебаев, дирижер Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанас



Үсенбаева, Сәуле Жанпейісова, Ерлан Рыскали дәстүрлі күйшілік мектептің өкілдері: Тұрар Әліпбаев, Біләл Ысқаков,

Бекентұров, ҚР мәдениет қайраткері Жексен Айсін басқарды. Суретті түсірген Ғалия ҚАЛИЕВА

ЖЕҢІЛДІКТЕР

ДО -% СКИДКИ ДЕЙІН



г.Алматы, Головной офис Тел: 8 727 253 01 14
г.Алматы, пр. Достык Тел: 8 727 225 88 81
г. Алматы, ул. Фурманова Тел: 8 7272 670 419
г. Алматы, пр-т Сейфуллина Тел: 8 7272 795 724
г. Алматы, пр-т Алтынсарина Тел: 8 727 303 55 69
г. Алматы, Мик-р. Орбита Тел: 8 727 380 98 87
г. Алматы, ул Ауэзова Тел: 8 7273 75 46 66
г. Алматы, Тц Mart Тел: 8 727 343 51 35
г. Алматы, Трц «Азия Парк», Тел: 8 727 343 59 91
г. Шымкент, пр. Тауке хана, б/н,

www.zugohome.com

Директор – Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ	Бөлім редакторлары:	Аймақтағы меншікті тілшілер:	Шығарушы:	Редакцияның мекенжайы:
Редакция алкасы:	Жарас КЕМЕЛЖАН – <i>қоғам және әлеумет</i>	Байкал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)	«Аманат Медиа» ЖШС	050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы) Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары	Макпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият	Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76) Аскар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96) Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22) Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)	Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМУХАМЕДОВ	Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.
Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріші Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші	Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия tahmutba@online.no Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)	Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
		Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА		Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.